

ДАНИКЕЕВА АЙГУЛЬ БАКЫТЖАНОВНА

**Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби
әлеуетінің дамуы**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
п.ғ.д., профессор
Ыбыраимжанов К.Т.

Шетелдік ғылыми кеңесші
п.ғ.д., профессор
Мардахаев Л.В.
(Москва)

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	16
1.1 «Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуеті» түсінігінің мазмұны мен құрылымы.....	16
1.2 Педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының әдіснамалық тұғырлары.....	31
1.3 Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының құрылымдық-мазмұндық моделі.....	44
2 ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІНІҢ ДАМУЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	59
2.1 Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының диагностикасы.....	59
2.2 Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының әдістемесі, оны жүзеге асыру.....	77
2.3 Бақылау экспериментінің нәтижелері.....	99
ҚОРЫТЫНДЫ.....	114
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	116
ҚОСЫМША А – «Педагог әлеуетін дамытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курсының оқу жұмыс бағдарламасы (силлабус).....	125
ҚОСЫМША Ә – Енгізу акті.....	126
ҚОСЫМША Б – Енгізу акті.....	127

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы: 2012 жылдың 23 тамызда, №1080 бекітілген (ҚР Үкіметінің 13.05.2016, №292 өзгертулермен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 2015 жылды 25 сәуірі, №327 бекітілген.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана 2016. 1 наурыз, №205 Жарлық

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бұйрығы. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 2020 жылдың 5 мамыры, №182 бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 мамырда №20580).

Қазақстан Республикасының Заңы. Педагог мәртебесі туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсаны, №293-VI ҚРЗ қабылданған.

Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқутәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 378 б.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Әлеует (лат. *potentia* – күш) – қолда бар және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу, кез-келген тапсырмаларды орындау үшін жұмылдырылуы мүмкін құралдар, көздер мен қорлар.

Педагогтың кәсіби әлеуеті – жеке және кәсіби қасиеттердің жинақталуы мен шоғырлануы, яғни жүйе – білім, білік, дағды, ойлау және іс-әрекет әдістерін дайындау үдерісінде көрініс беретін дайындығы.

Құзыреттілік – а) сипаттамалары жүйелік сапалы жаңа формациялар ретінде білім беру процесінде қалыптасуы керек құзыреттер болып табылатын жеке тұлғаның интеллектуалды және кәсіби дамуының акмеологиялық категориясы мен әлеуеті; ә) бұл белгілі бір құзыретті жүзеге асыруға бағытталған іс-шараларды сәтті жүзеге асыру тәжірибесі.

Кәсіби құзыреттілік – маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби – педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік кәсіби сипаттама

Оқу үрдісі – оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның жалпы дамуы мен тәрбиесінің, білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

Кәсіби әлеует – ұғымының жалпы құрылымы өте күрделі және жан-жақты. Болашақ мамандарды педагогикалық қызметке бейімдеу қатынасы мен іс-әрекетті қамтыса, сондай-ақ, педагогикалық еңбекпен айналысу үшін алған білім, білік, дағдылармен қоса алғанда және жеке тұлғаның табиғи қабілеттің маңызды екендігі де ескеріледі.

Іскерлік – түрлі өзгермелі жағдайларда сан алуан қызметтерді орындауда жұмсалатын іскерлік пен дағды қасиеттерінің жиынтығы.

Мотивация (түрткі) – баланың уәждемелік-жеке тұлғалық ерекшеліктері, олар белгілі бір пән саласындағы міндетке жоғары танымдық қажеттілік пен ішкі тұрақтылықтың (эуескойлық) болуы арқылы көрінеді.

Дидактикалық жүйе – оқыту мақсатына жету жолында қолданылатын бірыңғай, іштей тұтас құрылым мен элементтер жиынтығы.

Шығармашылық – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі.

Педагогикалық шеберлік – үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтің қолы жетуі мүмкін. Педагог - өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе, балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
ЖОО	– Жоғары оқу орны
ҚР	– Қазақстан республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру
МЖМБС	стандарты
PISA	– Programme for International Student Assessment
ҒЗИ	– Ғылыми зерттеу институты
ТарӨУ	– М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
БТ	– Бақылау тобы
ЭТ	– Эксперимент тобы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Кәсіби педагогикалық білімнің бүгінгі беталыстары өркениет пен азаматтық қоғам алдында тұрған міндеттерді шешумен тікелей байланысты. Олар: тұлғаның жан-жақты әлеуетін өмірдің барлық кезеңдерінде тұрақты дамыту мен оның өзін-өзі жетілдіруі, кәсібилікке бағыттау және кәсіби ұтқырлықты дамыту т.б. маңызды болып табылады. Ендеше, білім алушыларғадың педагогикалық мамандықтар бойынша білім мен білік, дағдыларды меңгерген жеке тұлға ретінде кәсіби дамуын жүзеге асыру, сондай-ақ ЖОО-да болашақ педагогтерді кәсіби даярлау өзіндік сұранысқа ие мәселе. Қазіргі кездегі жоғары білім берудің мақсатына жаңаша көзқараспен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары – өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, гуманистік ойлауы басым, инновациялық іліммен қаруланған кәсіби әлеуеті жоғары мамандарды даярлау болады.

Болашақ педагогтерді кәсіби даярлауда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты; Президенттің жыл сайынғы Қазақстан Халқына жолдаулары жүзеге асырылып, білім беру ісінде бағдарламалық идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Халыққа Жолдауында болашақ педагогтерді даярлауға өзгерістер енгізудің бірқатар шаралары көрсетілгені белгілі. Атап айтсақ: «...сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс. Ендеше болашақ педагогтың бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім келуі, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығуы, кәсіби іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуы, білікті маман болуы, яғни оның инновациялық дамуының алғышарттары бола алады» делінген. Бұл тұста біз, отандық білім беруді жаңа талаптарға сәйкес ұйымдастырудың міндеттерін жүзеге асыруда ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттың қол жеткізген жетістіктерін, ғылымның өмірлік тәжірибедегі нәтижелері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға және өзінің меңгерген кәсіби бойынша заманауи білім мен технологияларды меңгеруіне, мамандығы бойынша кәсіби өсуіне жағдайлар жасау арқылы адам капиталын дамытуды негізге ала отырып, болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының өзекті екендігін алға шығарамыз [1].

Осы орайда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-бап, 9-1 тармағында: «...білім беру – зияткерлік, мәдени дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі»; 11-бап 4-тармағында: «...белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» деп

көрсетіледі [2]. Аталмыш құжаттағы міндеттерді шешу болашақ педагогтерді кәсіби даярлаудағы субъективті идеяларымызды жүзеге асыруда тірек бола алады. Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытудағы саналы көзқарастың қалыптасуы алғышарттардың бірі десек, бұл тұста өзін-өзі дамытудан кәсібиліктің жаңа шеңберінің басталуын жетекшілікке аламыз.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бұйрығы. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 2020 жылдың 5 мамыры, №182 бекітілуіне (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 мамырда №20580) сәйкес 35 және 36-тармақтарындағы дескрипторлар студенттердің келесідей қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді. Олар 1,7 дескрипторларда анық көрініс табады:

- (1) осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету;

- (7) оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті білу және түсіну [3]. Мұндағы дескрипторлардың сипаты – білім алушының өз біліміне және өзінің әлеует деңгейіне деген түсінігінің болуы, өзгерістердің үздіксіздігіне тәуелділікті білуі, теориядан жаңа теория туындатуда озық білімге дағдылануы және т.б. болып отыр.

Білімнің кез-келген сатысы дамыған қоғамда инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру екені анық, заманауи әдіс-тәсілдерді білім беруде ұтымды пайдалану болашақ мамандардың кәсіби даярлығына, әлеуетіне байланысты.

Қазіргі кезде еліміздегі білім беру жүйесін ұйымдастыру бойынша әлемдік үрдістерді ескере отырып, ұлттық білім беруді реформалау білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуімен сипатталады. Еліміздің адами капиталы дамыған мемлекет ретінде қалыптасуы білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасалынып, тәжірибеге енгізілді [4].

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейінің талаптары өзгеріске ұшырады. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа

технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша ұсынылып отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуіріндегі №327 қаулысымен енгізілген мемлекеттік бағдарламаларда «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ; Педагогикалық шеберлік орталығы; «Өрлеу» БАҰО АҚ білім берудегі озық іс-тәжірибелерінің ең үздік үлгілерін еліміздің барлық білім беру мекемелерінде кіріктіру көзделген.

Жаңартылған білім мазмұнындағы бағдарламалардың міндеттері:

- халықтың барлық жіктерінің сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- білім беруді одан әрі демократияландыру негізінде білім берудің ұлттық жүйесінің жұмыс істеуінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру;
- қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу;
- мемлекеттік тілді басым дамыту;
- отандық дәстүрлер, әлемдік тәжірибе және тұрақты даму қағидаттары негізінде білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңарту;
- экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды қайта даярлаудың сапасын арттыру;
- әлемдік білім кеңістігіне ықпалдасу;
- білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру;
- бірыңғай білім беру ақпараттық ортасын қалыптастыру;
- білім беру үдерісін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру;
- білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- білім беруді, ғылым мен өндірісті ықпалдастыру;
- білім берудің сапасын арттыру үшін экономика секторлары ресурстарын тартудың тетіктерін жасау;
- педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыру, білім беру жүйесін қаржымен, кадрмен қамтамасыз етуді жетілдіру, білім беру менеджерлерін даярлау;

- көп деңгейлі үздіксіз білім беру жүйесінде мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның мүдделерінің теңдестігін қамтамасыз ету деп көрсетіледі [5].

Мемлекетіміздің жоғары білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлаудағы мамандықтардың ашылуы мен оларға әрбір жоғары оқу орнының академиялық еркіндікте білім бағдарламаларын жеке жасауы – жоғары оқу орындарының халықаралық тәжірибеге мән беріп, олармен өзара үйлесімділік пен ықпалдастықтың болуына назар аударуына байланысты болып отыр. Осыдан болашақ мұғалімдерді қызметтегі кәсібі білімі мен білігін және дағдыларын бекіту арқылы олардың педагогикалық әрекетіндегі әлеуетін жаңа мазмұндағы білім жүйесін үйлесімді дамыту ерекше өзекті деуге болады. Мұнда болашақ педагогтардың жеке болмыстық қырларын және келешек кәсіби қызметтеріне бейімділігін, бәсекеге қабілеттілігін, жаңашылдығын,

зерттеушілік пен шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпалын тигізетін мотивтерінің мемлекет мүддесіне үйлесімді болуын қажет етеді.

Болашақ педагог мамандардың кәсіби дайындығы, олардың жеке тұлғалық болмысы мен педагогикалық қызметтегі кәсіби әлеуетін дамыту барысындағы зерттеулердің бірнеше аспектілерін байқауға болады. Олар:

- ЖОО-да болашақ мамандарды кәсіби даярлау, тұлғаның әлеуетін дамытудың психологиялық аспектілерін Қ.Б. Жарықбаев [6], С.М.Жақыпов [7], Ж.И.Намазбаева [8], Х.Т. Шерязданова [9], А.Р.Ерментаева [10], Н.М.Иргебаева [11], М.Ә. Перленбетов [12], Н.К. Тоқсанбаева [13] және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде кездеседі;

- болашақ педагогтерді кәсіби даярлау жайында Н.Д.Хмель [14], А.А.Бейсенбаева [15], Т.С.Сабыров [16], Б.А. Тұрғынбаева [17], А.М. Калматаева [18], Е.И. Бурдина [19], А.М.Боднар [20], Т.Л. Божинская [21], О.О. Киселева. [22], А.А. Костылева [23] педагогтерді даярлау мәселесін өз бетінше зерттеу (В.В. Сериков [24], Е.В. Соколова [25], И.И. Гончарова [26], Б. Сайлыбаев [27], М.А. Кененбаева [28], Г.Б. Нурадин [29], М.З. Жанбубекова [30], Ә.М. Шарзадин [31], Т.П. Досанова [32], Г.З. Сауытбаева [33] және т.б.) және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады;

- болашақ педагогтерді жаңартылған білім беру мазмұны бойынша кәсіби даярлау, тұлғаның біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігін арттыру мәселесін Ұ.Ж. Қонақбаева [34], Г.К. Ахметова [35], Ш.Т. Таубаева [36], Ж. Қараев [37], М.С. Молдабекова [38], М.З. Жанбубекова [39], Б. Сайлыбаев [40], С.Т. Каргин [41], К.С. Құдайбергенова [42], Қ.М. Нағымжанова [43], М.Н. Оспанбекова [44], Г.С. Джексембаева [45], А.Ж. Сыздықбаева [46], Б.Т. Кенжебеков [47], К.Т. Ажибеков [48], Б.Барсай [49], М.Ж.Жадрина [50], С.Д.Мұқанова [51], А.Ә. Жайтапова [52], Н.Н. Нұрахметов [53] және т.б. қарастырған.

Қазақстандағы жаңартылған білім мазмұнының педагогикалық тәжірибеге енуіне байланысты болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін жаңаша тұрғыдан қарауға алып келді. Қазіргі кезде бұл көкейкесті мәселенің кейбір жақтары, анықтап айтсақ, әдебиеттерде болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту мәселесі ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қажетті деңгейде әлі де болса толық зерделенбеген деуге болады.

Зерттеу нәтижелері бойынша заманауи білім берудің жағдайында педагогтердің әлеуетін кәсіби дамытуды теориялық талдау барысында шетелдік әзірлеменің жаңа кезеңі негізге алынады. Бұл әзірлеме педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту теориясы бойынша соңғы зерттеулердің теориялық мәліметтері мен зерттеу жұмысы бойынша жүргізген эмпирикалық материалдарының түпнұсқасы алынып отыр, өйткені кәсіби әлеуетті дамыту мәселесін зерттеумен айналысқан отандық ғалымдар мен қазақстандық зерттеушілер саны жеткіліксіз екендігін байқаймыз.

Осыған орай келесідей қарама-қайшылықтар анықталды:

- қазіргі білім беру мазмұны жағдайында жоғары оқу орындарында дайындалатын болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының қажеттілігі мен оның педагогикалық теория және тәжірибеде арнайы зерттелмеуінің арасында;

- қазіргі білім беру жағдайында жаңартылған мазмұн жүйесінің тәжірибеге ендірілуі мен педагог мамандардың кәсіби әлеуетінің даму деңгейінің сәйкес келмеуі арасындағы қарама-қайшылықтар.

Педагогтың кәсіби әлеуетінің мазмұнын нақтылап, құрылымын айқындап, жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының құрылымдық-мазмұндық моделін жасау, әдістемесін дайындауда зерттеу мәселесін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл мәселенің теория мен тәжірибеде жеткілікті деңгейде зерттелмегендігі біздің жұмысымыздың тақырыбын: **«Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы»** деп алуға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: қазіргі білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу.

Зерттеудің пәні: жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының әдістемесі.

Зерттеудің нысаны: жоғары оқу орнындағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

Зерттеу болжамы: егер қазіргі білім беру жағдайында жоғары оқу орындарында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, педагогикалық шарттары анықталса, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, қазіргі білім беру жағдайында жоғары оқу орындарында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының әдістемесі дайындалса, оның тиімділігі ЖОО-дағы педагогикалық үдерісте шығармашылықпен жүзеге асырылса, онда ЖОО-да болашақ педагогтарды кәсіби даярлау ісі нәтижелі болады, өйткені қоғамның сұранысын қанағаттандыратын жаңартылған білім мазмұны жағдайында кәсіби әлеуеті дамыған мамандар даярлауға мүмкіндігі арта түседі.

Зерттеудің міндеттері

- болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

- жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының педагогикалық шарттарын анықтау;

- жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының әдістемесін дайындау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің жетекші идеясы. Қазіргі білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің құрылымын, мазмұны, мәнін қазіргі көзқарас тұрғысынан негіздеу және оны жетілдірудің педагогикалық шарттарын айқындап, ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде болашақ мамандарды дайындау барысында олардың

кәсіби әлеуеттерінің негізі қаланып, келешекте дамуына өзек болатын жаңаша білімдерді меңгеруге ықпал етеді.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері: зерттеу мәселесін теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеген келесі теориялар жиынтығы мен тұжырымдамалар, әдіснамалық тұғырлар басшылыққа алынады:

- тұлға теориясы (К.А. Абульханова, Б.Г. Ананьев, А.Г. Асмолов, А.Г. Ковалев, Н.Ф. Талызина, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, А.Р.Ерментаева, Н.М.Иргебаева, О.С.Саңғылбаев және т.б.);

- таным теориясы (И.Лингарт, А.М.Матюшкин, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, Н.Токсанбаева, Ұ.Төлешова және т.б.);

- педагогикалық-психологиялық зерттеудің әдіснамасы туралы теория (Н.Д. Хмель, А.А. Бейсенбаева, С.М. Жақыпов, В.В. Краевский, Б.Г. Ананьев, Ш.Т. Таубаева, К.Р. Қалкеева, Н.Н. Хан және т.б.);

- аксиологиялық тұғыр; іс-әрекеттік тұғыр (Ф.Бэкон, В.П. Кузьмин, Э.Г. Юдин, Е.А. Климов, Г.Н. Сериков, В.А.Афанасьев және т.б.); жүйелілік тұғыр (А.А. Богданов, Г. Саймон, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Р.Г.Лемберг, Г.А. Уманов, Н.Д. Хмель, Ш.Т. Таубаева, К.С. Құдайбергенова және т.б.); синергетикалық тұғыр (Е.Н. Князева, О.С. Анисимов, И. Пригожин, Г. Хакен, В.П. Беспалько, Б.А. Тұрғынбаева және т.б.); құзыреттілік тұғыр (А.А. Шайдулина, Ш.Т. Таубаева, Н.Н. Нұрахметов, И.А.Зимняя, А.В. Хуторский, Ж.А. Қараев, А.Әлімов және т.б.).

Зерттеу көздері. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар; нормативтік-құқықтық нұсқаулар; Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты, Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер /ҚР МЖМБС/; қазіргі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуындағы қазақстандық және алыс, жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектері; педагогикалық мамандықтарды даярлайтын білім беру бағдарламаларына негіз болатын оқу-жұмыс жоспарлары мен оқу-әдістемелік кешендер және бүгінгі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуына құрал болатын педагогтардың, психологтардың және жеке тұлға әлеуетіне қатысты философиялық еңбектер мен ғылыми-педагогикалық бағыттағы мерзімді басылымдар, автордың жеке іс-тәжірибе жұмыстары.

Зерттеудің негізгі кезеңдері

Бірінші кезең (2017-2018) – теориялық-әдіснамалық ізденушілік кезең. Зерттеудің көкейкестілігі, педагогикалық теория мен тәжірибе жағдайы анықталды, жоғары білім берудің теориясы мен тәжірибесі жөнінде отандық және шетелдік зерттеулерге талдау жасалды, зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасы негізделді, зерттеудің ғылыми аппараты құрылды және болашақ педагогтің кәсіби әлеуетінің дамуының ұғымдық-категориялық аппараты түзіліп, әдіснамалық тұғырлар мен әдіснамалық ұстанымдар басшылыққа алынды. «Әлеует», «кәсіби әлеует», «болашақ педагогтің кәсіби әлеуеті» ұғымдарының мазмұны сипатталып, құрылымы нақтыланды. ЖОО-

ның педагогикалық тәжірибесінде тиімділігін анықтауға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Екінші кезең (2018-2019) – модельдеу, бағдарламалау кезеңі. Қазіргі ЖОО-ның білім беру жағдайында болашақ педагогтің кәсіби әлеуетінің дамуының құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды, деңгейі зерттелді, Бүгінгі педагогтің кәсіби әлеуеті жайындағы көзқарастық түсінік жүйеленіп, педагогикалық шарттары анықталды. «Педагог әлеуетін дамытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курс бағдарламасы дайындалып, ЖОО-ның оқу үдерісіне ендірілді. Түрлі зерттеу әдістерін қолдану және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді

Үшінші кезең (2019-2020) тәжірибелік-эксперименттік кезең. болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуына арналған модельдің ЖОО-ның педагогикалық тәжірибесіндегі тиімділігіне көз жеткізу барысындағы соңғы кезеңдік нәтижелер бойынша қалыптастыру және анықтаушы эксперименттердің көрсеткіштері қорытындыланды, болашақ педагогтың кәсіби әлеуетіне негіз болған педагогикалық шарттарының дұрыстығын тексеру жүргізілді, алынған нәтижелік көрсеткіштер бойынша математикалық өңдеу жасалды және бастапқы көрсеткіштерді салыстыра отырып, болжамның дұрыстығына көз жеткізіліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Зерттеудің әдістері

-теориялық: педагогикалық-психологиялық және жалпы ғылыми еңбектерге салыстырмалы теориялық талдау жасау, контент-талдау, жинақтау, салыстыру, нақтылау, жүйелеу, талдау, ассоциациялау;

-эмпирикалық: сауалнама, сұрақ-жауап, педагогикалық тәжірибелік эксперимент жүргізу, зерттеу нәтижелерінің статистикалық сандық, пайыздық көрсеткіштерін анықтау мен өңдеу және салыстырмалы-сәйкестендіру әдістері пайдаланылды. Әдістерді таңдау әр кезеңдегі міндеттерді шешу мен зерттеу логикасына сәйкес анықталды.

Зерттеу базасы: Тараз инновациялық гуманитарлық университеті, М.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті – «Ұстаз» институты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық құндылығы

- болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының педагогикалық шарттары анықталды;

- жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.

Зерттеудің практикалық маңызы жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының әдістемесі: «Педагог әлеуетін дамытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курс бағдарламасы дайындалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексерілді, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар

- болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауда аксиологиялық тұғыр, жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, синергетикалық тұғыр, құзыреттілік тұғырлар басшылыққа алынып, әдіснамалық ұстанымдар: ізгіліктілік, даму, танымдық, субъектілік, жеке тұлғаның әлеуетін дамытудың мақсаты, міндеттері сипатталып әдіснамалық базаны құрайды;

- теориялық талдауларда ұғымдық-категориялық аппарат бірнеше ұғымдарды нақтылаудың қажеттігі туындап, «әлеует» ұғымына философиялық, психологиялық және педагогикалық құрылымдарды анықтай келе, «**әлеует**» - қоршаған ортаның шарттары мен сипаттамаларын түрлендіру және олармен өзара әрекеттесуде адамның белгілі бір мүмкіндіктерді, қабілеттерді, ресурстарды, күш-жігерді жүзеге асырудағы энергияларының жиынтығы»; **«кәсіби әлеует** – тұлғаның жеке жаратылысындағы мүмкіндіктерді кәсіби тұрғыда нәтижелі жүзеге асыру қабілеттерінің кешені», ал **«болашақ педагогтің кәсіби әлеуеті** – ішкі психикалық күштер мен сыртқы практикалық әрекеттің бірлігінен тұратын кәсібилік жағдайындағы күрделі құрылым» болып нақтыланады;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетінің дамуының шарттары; педагогикалық-психологиялық және әдістемелік пәндерді оқыту барысында дамыту; ЖОО-да оқу кезеңінде практикалық дайындықтың үздіксіздігі; «Педагогтің кәсіби әлеуетін дамытудың теориясы мен әдістемесі» тақырыбындағы арнайы курс арқылы әдістемені ұйымдастыру; оқу үдерісін оқытудың белсенді әдістері мен технологиялары негізінде ұйымдастыру; профессор-оқытушылар құрамының студенттердің кәсіби әлеуетін дамытудағы траекториясы деп сипатталады;

- болашақ педагогтің кәсіби әлеуетінің дамуының мазмұны мазмұндық-құрылымдық моделі негізінде түсініліп, танылады. Динамикалық педагогикалық байланыс компоненттерден (мотивациялық-мазмұндық, танымдық-іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық) түзілген өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төменгі, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылады.

- болашақ педагогтің кәсіби әлеуетінің дамуының әдістемесінің тиімділігі (элективті курс бағдарламасы) және тәжірибелік-эксперимент нәтижелері, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі - зерттеудің мақсатын, міндеттерін орындау мен қойылған болжамның дұрыстығына сенімділігін арттыру барысында үйлесімді кешенді әдістемелер мен әдіс-тәсілдердің пайдаланылуы, болашақ педагогтардың жеке танымдық және қызметтегі кәсіби әлеуетінің дамуына бағытталған іс-әрекеттерін жүзеге асырудағы ой-пікір қалыптастыратын философиялық, психологиялық, педагогикалық, т.б. еңбектерің тұжырымдамалық қағидаларын басшылыққа алынуымен; педагогикалық тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өңдеуі және алынған мәліметтерді саралап, талдау

қорытындысымен қамтамасыз етілген; зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған ғылыми-теориялық қорытындылар мен тұжырымдар отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында, шетелдік, отандық ғылыми-педагогикалық журналдарда жарияланды.

Диссертация құрылымы: диссертация кіріспе, екі бөлім, қорытынды, әдебиеттер тізімі және қосымшамалардан тұрады.

«Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде педагог қызметіндегі кәсіби әлеуетінің мазмұндық жүйесін беретін құрылымдары және олардың құраушы ретіндегі мәндік мазмұнына сипаттамалық салыстырмалы талдаулар жасалып, қазіргі педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы жайында теориялық-әдіснамалық негіздемелер жасалған. Сондай-ақ, қазіргі мұғалімнің кәсіби қызметіне болашақ педагогтарды даярлау барысында ЖОО-ның педагогикалық үрдісіндегі орын алып отырған білім беру мазмұнының жүйесі талданып, ғылыми тұжырымдар жасалған.

«Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының әдістемесі» атты екінші бөлімде білім алушыларға мен қазіргі білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының диагностикасы жүргізіліп, деңгейлік көрсеткіші сараланып, талдау және оған негіз болған дайындалған әдістемені жүзеге асыру мен бақылау экспериментінің нәтижелері, салыстырмалы деңгейі беріледі. Педагогикалық тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың нәтижелері және ұйымдастырылуы қамтылып, жасалған модельдің педагогикалық тәжірибедегі тиімділігі көрсетілген.

Қорытындыда диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері баяндалып, оларды қолдануға ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: Диссертациялық жұмыс мазмұны Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Педагогика және психология факультетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы аясында ғылыми зерттеушілік еңбектерді талқылау академиялық отырыстарында, отандық және шетелдік халықаралық, конференцияларда талқыланды.

Ғылыми зерттеушілік бағыттағы диссертациялық жұмыстың басты нәтижелері төмендегі басылымдарда ғылыми-әдістемелік еңбектер, мақалалар түрінде жарық көрді:

1. Развитие профессионального потенциала педагога как необходимое условие осуществления обновления образования. Наука и просвещение международный центр научного сотрудничество Фундаментальные и прикладные научные исследования // Актуальные вопросы, достижения и инновации сборник статей XXII Международной научно-практической конференции (Пенза, 2019. – 15 апреля).

2. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтың басқару ерекшеліктері. «Білім беру жүйесін жетілдіру бағдарламалары: оқу-тәрбие үдерісін нәтижелі ұйымдастыру мен құзыретті маман даярлау мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (интернет конференция) (Қожа

Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, 2019. – 03.04.05.).

3. Научно-исследовательская деятельность креативного педагога в рамках обновленного содержания образования// IV Международная научно-практическая конференция «Членство в ВТО: перспективы научных исследований и международного рынка технологий» (Ванкувер, 2019. – 23-25 октября).

4. Бастауыш сынып оушыларының ойлау іс-әрекетін қалыптастыру мәселелері // І. Жансүгіров атындағы ЖМУ. «Жастар – білім, ғылым, қоғамның қозғаушы күші» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Қазан; Талдықорған, 2019. – 236б.).

5. Сущностная характеристика поликультурного образования// Абай атындағы Қазақ ҰПУ Хабаршы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2019. – №2(62).

6. Педагог әлеуеті және оны қалыптастыру. Қазақстанның ғылым мен өмірі // Халықаралық ғылыми журнал. – 2020. – №5(3). – 150 б.

7. Болашақ мұғалімдерді дайындаудың ғылыми негіздері // Абай атындағы Қазақ ҰПУ Хабаршы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2018. – №4(60). – Б. 15-23.

8. Development of the professional potential at the teacher as a necessary condition // Opcion. – 2019. – Vo. 35, Issue 88. – P. 92-114.

9. Pedagogical Competence as Means of Developing the Professional Potential of the Teacher. – 2020. – Vol. 12, №1.

10. Мұғалім мамандығының ерекшеліктері. «Рухани жаңғыру – Қазақстанның серпінді дамуының негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (Талдықорған, 2018. – Б. 193-197).

11. Структурно-содержательная характеристика понятия «Профессиональный потенциал педагога» Wissenschaftliche Ergebnisse und Errungenschaften: 2020: der Sammlung wissenschaftlicher Arbeiten «ΛΟΓΟΣ» zu den Materialien der internationalen wissenschaftlich-praktischen Konferenz (B.3), 25. Dezember, 2020. München, - P. 80-82.

1 БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІНІҢ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуеті» түсінігінің мазмұны мен құрылымы

Еліміздегі білім беруді модернизациялау болашақ педагогтердің кәсіби даярлығындағы елеулі өзгерістерді енгізуге алып келді. Болашақ педагогтің кәсіби дамуының бірлігі оның жеке және жан-жақты әлеуетінің жоғарылау негізі болады, мұнда кәсіби және жеке даму факторы тұлғаның ішкі ортасы, оның белсенділігі мен білім алу қажеттілігі, шығармашылығы екені белгілі.

Қоғамдағы түрлі салаларға жасалған реформалар өз кезегінде білім беру жүйесінің талаптарын өзгертіп, жаңашыл мазмұндағы бағыттарды енгізуді көздейді. Білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу педагогтердің жеке басының қасиеттеріне және оның кәсіби қызметіне қойылатын талаптарының өзгеруіне ықпал етті, осыған байланысты білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында құзыретті маман даярлау міндетті түрде кәсіби құзыреттілік жүйесін дамытуды қамтамасыз етеді.

Ең алдымен болашақ педагогтердің кәсіби әлеуеті түсінігінің мазмұны мен құрылымын талдауда жекелеген ұғымдық-категориялық ерекшеліктері негізге алынады.

«Әлеует», «кәсіби әлеует», «кәсіби даярлық» ұғымдарының мәнін сипаттау арқылы «**болашақ педагогтердің кәсіби әлеуеті**» түсінігінің мазмұны мен құрылымын нақтылауды шешуші міндеттердің бірі ретінде қарастырамыз.

Білім философиясы тұлғаның мәдени ортада ақыл-ой және адамгершілік жағынан дамуын, бұл кез-келген үрдіске білім беру жүйесінің әсерін қарастырады. Білім философиясы білімдік үрдістегі барлық құбылыстардың мәні мен табиғатын, атап айтсақ: білім онтологиясы, білім логикасы, білім аксиологиясы, білім этикасы, білім әдіснамасы және т.б. түйткілді мәселелерді зерттейтіні анық.

Сондықтан жоғарыда беріліп отырған ұғымдар мәнін философиялық, психологиялық және педагогикалық аспектілер тұрғысынан талдауды қажет етеді.


Философиялық сөздікте адамға байланысты мынадай анықтама берілген: «Адам – жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің тарихи үрдісінің дамуының субъектісі, өмірдің басқа формаларымен генетикалық жағынан байланысты, еңбек құралдарын өндіру қабілеті арқасында олардан бөлініп шыққан, анық сөйлей, ойлай алатын, санасы бар биологиялық-әлеуметтік тірлік иесі» [54]. Адамға берілген анықтамаға сай келесідей пайымдаулар туындайды, яғни адамның қабілеті оның *әлеует деңгейін* және қандай да бір *кәсіпке бейім болуын* анықтайды.

Философиялық тұжырымдауларға сүйенсек, ертеде гректер соның ішінде Платон мен Аристотель құбылыс адамның табиғатында нығаяды деп жауап берген: «Барлық адамдар табиғатынан білуге құштар... Ақылдылық арқасында күшті болу және *өзін-өзі тануға ұмтылу* тек адамдарға ғана тән. Онсыз өмір

сүру мүмкін емес». Адамдар таңғажайып пен қуанышқа толы білімге ұмтылады. «...қарапайым мәселені шешуден бастап адамдар бірте-бірте неғұрлым күрделіге ауысып отырды, кейін барлық универсумның алғашқы себебін білуге талпынды» - деп жазды [55]. Платон мен Аристотельдің философиялық ойларының ең негізгі тұсы тұлғаның кәсіби әлеуетін дамытудағы **қарапайымнан күрделіге ауысуы** арқылы білімнің салтанат құруын маңызды деп санауында болып отыр. Ал бұл өз кезегінде жаңартылған білім мазмұнындағы *спиральді білім беру қағидатына* баса назар аударуды қажет етеді.

Александр Афродийский (б.з. 198 – 211 жж.) өзінің әлеуетті түсіндіруімен белгілі және оның идеялары ортағасырлық, сонымен қатар ренессанстық санаға елеулі әсер етті. Александр адамдық әлеуеттің үш түрін бөліп көрсетеді: 1) материалды немесе *физикалық, зияткерлік*, яғни таза мүмкіндікті, *танымның* әлеуеттілігін; 2) өз әлеуетін қалыптастыра отырып, түрді материядан бөліп, *өзінің ойлау қабілетін* арттырады; 3) *әрекет етуші* немесе тиімді интеллектуалды әлеует [56]. Философтың пікірімен келісе отырып, болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытуда адамдық әлеуеттің бірнеше түрлерін негізге аламыз. Мәселен, **физикалық әлеует, зияткерлік әлеует, танымдық әлеует, ойлау әлеуеттері** тұлғадағы кәсіби әлеуеттің дамуына әсер етуші құрамдастары болып саналады. Адамның қандай да бір мәселені шешуі, нәтижеге жетуде жұмсайтын қоры, ішкі мүмкіндіктерінің көзі деп толықтыруға болады. 1-суретте «әлеует» ұғымының философиялық бірліктері ұсынылып отыр.

Әл-Фараби әлеуетті *жан қуатын қозғалтатын күш* деп түсіндіреді. Ол танымның болмысқа тәуелділігін растай келе, әлеуеттің сыртқы және ішкі қуаттардан тұратындығын айтады. Әл-Фарабидің: «Ақыл дегеніміз тәжірибеден басқа ешнәрсе де емес» деген ойы бүгінгі теория мен өмірлік тәжірибенің байланысы ұстанымын білдіреді [57].



Сурет 1 - «Әлеует» ұғымының философиялық құрылымы

Талданған философиялық ойлардың түп-тамыры жаңартылған білім беру мазмұнын қамтамасыз ететінін жоққа шығармаймыз. Философияда әлеует адамның жасырын жатқан жай-күйінің алғышарттары болып табылады. Философиядағы «терістеуді-терістеу» заңдылығы, диалектикалық тұсы бүгінгі теориядан жаңа теория жасаушыларға негізгі ойды бере алады. Мұнда ең бастысы, жаңартылған білім мазмұны бойынша **білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу** дағдысына сай білім алушылардың *«Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең - есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң - үйренемін»* деген Конфуцийдің ілімі бойынша педагогикалық өнімді жасап шығаруына түрткі болады деп сенеміз [58].

Философиялық зерттеулерде «әлеуеттің» қажетті құрамдастарын *ақыл-ойды трансформациялау модустары*, адамның маңызды күштерін кеңейтуге ықпал ететін *гуманитарлық ойлауды қалыптастыру қажеттілігі*, субъективтілік мәселесін шешетін әлеуметтік-мәдени детерминанттар болып табылатын *жеке даму траекторияларын айқындаудың нысаналы бағдарлары, әмбебап қабілеттер*, оның ішінде тұжырымдамалық қабілеттер: **ойлау қабілеті** (*өзін-өзі тану призмасы арқылы әлемді тұтас көру*), шығармашылық тұрғыда әлем туралы тұтас ұғымды жүзеге асыру қабілеттерді құрайтындығын кәсіби әлеует ұғымының мазмұнын сипаттауда, нақтылауда негізге алатын боламыз.

Әлеует даму болған жағдайда ғана субъективті болып саналады немесе даму әлеует арқылы іске қосылады. **«Даму»** ұғымына философияда *«мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы»* деп анықтама беріледі, яғни мәңгі, қажетті қозғалыс, уақыттағы өзгеріс деп түсіну қажет. Даму спираль тәрізді, қарама-қайшылықтардың бірлігі ретінде, санның сапаға ауысуы түрінде дамиды.


Бізге белгілі болғандай, философияның өзінде кейбір аспектілер психологиялық түсініктермен тығыз байланыстылықты көрсетеді. Ендеше «әлеует» ұғымының психологиялық тұрғыдағы мазмұнына тоқталуды жөн санаймыз. 2-суретте психология ғылымындағы әлеует түрлерін ұсынамыз.

Психологияда «әлеует» ұғымы адамның ішкі мүмкіндіктерін арттыру қабілеттерін анықтайтын термин ретінде қолданылады. Мұнда әлеует тұлғаның тән мен жан ресурстары тұжырымдамасының синонимі ретінде әрекет етеді, соның арқасында әлеуеттің жоғары көрінісі – психиканың резерві болады.

Жеке тұлғаның әлеуеті көптеген басқа әлеуеттердің тұтас көрінісіне айналады. Бұл адамның психологиялық және табысты болатынын анықтайды. Жалпы алғанда, психология ғылымында адам әлеуетінің келесі түрлерін ажыратуға болады. Олар: *ақыл-ой әлеуеті, ерік-жігер әлеуеті, сезім әлеуеті, шығармашылық әлеует т.б.* Әлеует түрлерінің бұл қатары өз кезегінде тұлғаның кәсіби әлеуетінің мазмұнын құрауға қызмет етеді. Енді психологиядағы әлеует түрлерінің басты функцияларын талдап өтейік.

Ақыл-ой әлеуеті. Тұлғаның *өздігінен ойлауын жетілдіру қабілеті* ретінде сипаттауға болады. Өмірдің әртүрлі мәселелерін шешу қажет болған кезде, ақыл-ой әлеуеті ұтқыр әрі нақты болады.

Қ.Б. Жарықбаевтың психологиялық энциклопедиялық сөздігінде: «Ақыл-ой адамдардың сана-сезімін, жан-қуаттары мен қасиеттерінің жағымды жақтарын көрсететін мағынасы кең психологиялық категория» деп беріледі [59]. Автордың «әлеуетті» категория деп тануы өмірдің түрлі салаларына адамның ерекшелігі сана-сезіміне, күш-қуатына тәуелді болатындығын айқындайды.



Сурет 2 - Психология ғылымындағы әлеует түрлері

Ақыл-ой әлеуеті бойынша ақыл-ойдың алдын-ала белгілі жоспар бойынша біртіндеп, сатылап берілген *білімді, икемділікті және дағдыны дамытудың* жалпы психологиялық негіздерін қарастыратын психолог П.Я.Гальпериннің теориялық тұжырымдамасы бар [60].

А.Н.Леонтьев адам табиғатының жаратылыс болмысындағы физикалық, биологиялық сараптамасы, оның тіршілік ету барысындағы белсенділігін анықтайды. Адам табиғатының әлеуметтік қалыптасуы оның қоғаммен өзара қарым-қатынасында анықталатын жеке тұлғаның санаты болып табылады. Жеке тұлға әлеуметті-мәнділік сапасының қалыптасуымен сипатталады. Автор бұл ретте теориялық талдау жасап, жеке тұлғаның шынайы негізі – оның әртүрлі қызметі кезінде іске асатын қоғамдық қатынастар жиынтығы деп негіздейді. А.Н. Леонтьевтің тұжырымдауымен келісе отырып, жеке тұлғаның әлеуметтендірілуі, мінез-құлық пен ережелерді меңгеруі, ұғынуы және өзінің тәжірибесі арқылы дамытындығын негізге алуға болады [61].

Талдаулар көрсеткеніндей, кез-келген ойлау үдерісінде ақыл-ой әлеуетін күшейтуге шығармашылық, жүйелік, дивергентті ойлау қатысады. Алайда, проблемалар туындаған кезде ақыл-ой әлеуеті дамымаған адам қиындықтарға жиі кездеседі, ол үшін тұлғада жеткілікті немесе үнемі жаңаруда теориялық білімдер толықтырылып отыруы қажет. Сондықтан болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытуда психологиялық тұрғыдан ақыл-ой әлеуетінің маңызы жоғары болып отыр. Болашақ мамандарды жаңартылған білім мазмұны

бойынша дайындаудағы қажетті дағдылардың бірі сыни ойлау дағдысын дамытуға негізделеді.

Ерік-жігер әлеуеті. Бұл тұста тұлғаның өзін-өзі тануына, мақсат қоюға қаншалықты қабілетті екенін және оған жетудің жолдарын таңдайтынын көрсетеді. С.М. Жақыповтың зерттеулерінде ерік-жігер әлеуеті нашар дамыған жағдайларда, адамның психикасына байланысты проблемалар бар болғанда, өз еркіңізді өсіре алсаңыз, адамдар өмір сүруді жеңілдетеді, өмірдегі орнын айқындайды, жеке құндылықтар жүйесін және мақсаттарға қол жеткізуге көмектесетін стратегия жасайды деп түсіндіріледі [62]. Ғалымның пікірімен келісе отырып, тұлғадағы ерік-жігер әлеуетінің негізгі атрибуттары *өзін-өзі тану, жеке құндылықтарды тану, мақсатқа қол жеткізу* жолындағы қызметтер екендігін байқауға болады.

Сезім әлеуеті. Сезім әлеуетінде тұлғаның *эмоционалды аймағы* қаншалықты бай екенін және оның сезімдерін қалай білдіруге, сонымен қатар басқа адамдардың *эмоцияларын түсінуге* болатындығымен сипатталады. Бұл әлеуетті іске асыру адамның қаншалықты өзін бақытты сезінетініне байланысты. Егер сезім әлеуеті тұлғадағы іске асырылмаса, бірқатар психосоматикалық бұзылулар пайда болады. Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытуда сезім әлеуетінің өзіндік мәні жоғары. Себебі, педагогтің ерекше қабілеттілігі эмоциялық тұрғыда бай болуы қажеттігі бар, бұл өз кезегінде болашақ педагогтің кәсіби мәнді сапаларының қатарына өз сезімдері мен қатынасын айқын, қанық жеткізе алу, оқушы жүрегін баурай алу, интуиция, импровизацияға дайын болу сияқты сапалар арқылы әлеуетін арттырады (сурет 3).



Сурет 3 - Психологиялық әлеует түрлерінің мазмұны

Шығармашылық әлеуеті. Әлеуеттің бұл түрі адамның *іс-әрекетке, өзін-өзі көрсетуге, әлемді өзгертуге* қаншалықты қабілетті екенін анықтайды. Шығармашылық қызмет және осы әлеуетті іске асыру психологиялық жетілудің негізі болып табылады. Болашақ педагог мамандарды кәсіби даярлаудағы ең маңызды әлеует түрі. Шығармашылық әлеуеті бар мұғалім – жаңашыл мұғалім. Шығармашылыққа деген мотивтері жоғары болғандықтан

ойлап табу, тудыру, жасап көру – оның күнделікті кәсіби жағдайы. Шығармашылық әлеуеттегі бұл атрибуттар жаңартылған білім мазмұнындағы білім беру бағдарламалары бойынша тұлғаға қажетті рухани құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыруда ең бастысы болады [63].

Сонымен психологиялық әдебиеттердегі «әлеует» ішкі және сыртқы күштер ретінде *тұлғаның ішкі өмірінің көрініс табуы* (Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский), *адамның қоршаған әлемді тану қабілеті* (Б.М.Теплов), *адамның күрделі динамикалық жүйесі* (К.А.Абульханова-Славская, В.Н. Дружинин), *адамның белсенділігі* (Д.Б. Богоявленская), *ой және тәжірибелік іс-әрекеттің ерекше түрі* (К.К.Платонов), *жеке тұлғаның интегративті сипаты* (А.М. Матюшкин) деп қарастырылады (сурет 3). Ендеше мұндағы күрделі динамикалық жүйе, тәжірибелік іс-әрекет, интегративтік сипат т.б. ғылыми тіркестер қатары әлеует ұғымын **педагогикалық аспектіде** қарастыруға, сипаттауға мүмкіндік береді.

Е.М.Арынның еңбегі бізге қызығушылық тудырады. Автор тұлғаның әлеуеттік құрылымын психофизиологиялық әлеует (физикалық, психикалық, әлеуметтік) деп алса; ал психологиялық-педагогикалық әлеуетті ынталандырушылық, мақсаттық, саналық және әлеуметтік-педагогикалық әлеуетті білім беру, тәрбиелік, ұйымдастырушылық деп анықтайды [64]. Автордың пікірінен байқайтынымыз, тұлғаның әлеуетін арттыруда білім берудің функциялары кәсіби сапаны дамытуға өз үлесін беретіндігінде болып отыр. Ендеше, болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытуда жаңартылған білім мазмұнындағы кейбір кәсіби дағдыларды, атап айтсақ: мақсаттық, саналылық, ұйымдастырушылық, көшбасшылық, креативтілік және т.б. қалыптастыруда біздің зерттеу мәселеміз бойынша негізге алынады.

«Әлеует» ұғымы педагогикалық түсіндірме сөздікте: «әлеует» - **қуат дәрежесі**; әлеует - жасырын түрде болатын және белгілі жағдайларда көрінетін мүмкіндік. Әлеует – қолда бар және белгілі бір **мақсаттарға қол жеткізу**, қандайда бір тапсырмаларды орындау үшін жұмылдырылатын **құралдар, көздер, қорлар** [63,с. 39] деп көрсетілген. Тұлғаның қандай да бір әрекетте мақсатына қол жеткізудегі ішкі мүмкіндігінің маңызы жоғары. Бұл ретте әлеует тұрақты қызмет атқаратыны белгілі.

«Әлеует» категориясы педагогика үшін аса маңызды жалпығылыми **әдіснамалық ұғым** болып, өзінің түпкілікті мағынасында ерекше мәнге ие. бұл педагогика саласында айналымға түсуінен бастап күрделі ұғым ретінде қарастырылып келеді. Өйткені тиімді педагогикалық іс-әрекетті қамтамасыз етуге ықпал жасауы және адамның белгілі бір жеке қабілеттері мен қасиеттерінің синтезі ретінде қызметін атқарып, қандай да бір педагогикалық үдерісте шынайылыққа бағыттайтын мүмкіндік туғызып, қойылған мақсатқа жетуге жол ашады. Бұл тұста әлеуеттің педагогикалық мәнінің жеке тұлғалық әлеуетпен байланысты екендігін негізге алуға болады. Басқаша айтсақ, **адамның белгілі бір мәселені шешу, нәтижеге жету үшін жұмсайтын қоры, ішкі мүмкіндіктерінің көзі.**

Т. Сабыровтың еңбектерінде: «әлеуеті жоғары мамандар – елестетудің, интуицияның күшті дамуымен, **қалыптан тыс өнімді ойлай алуымен**, ойды шығармашылықпен іске асыра алуымен, кәсіби әрекет барысында ішкі күштерін жылдам жұмылдыра алушылығымен ерекшеленетін категориядағы мамандар»; «...даму үрдісінің күрделілігі, қарама-қайшылықтылығы мен **спираль түріндегі құбылыс** болуы, адамның әлеуетінің жетілуін оның өзінің алға қарай жылжуын өзі дайындайтын үрдіс деп қарауға мүмкіндік береді, ал жаңалық қайдан пайда болады десек, ол сөз жоқ **ескі білімнің негізгі өзегінен** туындайды» [65] – деп тұжырым жасайды. Ал біз мұндағы ескі білімнің негізін, қазіргі біліммен байланысын Ы.Алтынсариннің, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың және М.Жұмабаевтың еңбектерінде қарастыратын боламыз. Автордың зерттеулеріндегі басты тұжырымдарының күшті жақтары жаңартылған білім мазмұнының негізгі педагогикалық тәсілдемелерімен тұспа-тұс келеді. Олар: *спиральді білім беру, шығармашылық әрекет, қалыптан тыс ойлау, ескі білім мен жаңаның байланысы* және т.б. болады.

Біз, жоғарыдағы «әлеует» ұғымына берілген философиялық, психологиялық және педагогикалық құрылымдарды анықтай келе, «**әлеует**» - *қоршаған ортаның шарттары мен сипаттамаларын түрлендіру және олармен өзара әрекеттесуде адамның белгілі бір мүмкіндіктерді, қабілеттерді, ресурстарды, күш-жігерді жүзеге асырудағы энергияларының жиынтығы*, - деп анықтама береміз.

Адамның әлеуеті – оның өзгеруінің, дамуының, өзіндік орнын табудың шынайы бар қоры, яғни бұл адамның алдағы өмірі мен болашағын, кәсіби жолын анықтайды. Демек, бұл ретте «педагогикалық әлеует» ұғымының мәніне баса назар аударылады.


Педагогикалық әлеует – бұл педагогикалық құндылықтар, идеялар, мазмұн, әдістемелік және басқа да құралдар. Зерттеушілер педагогикалық әлеуеттің келесі қасиеттерін атап өтеді: ресурстар, іске асыру шарттары, динамизм, жүйелілік, функционалдылық.

Педагогикалық сөздікте: «жеке тұлғаның педагогикалық әлеуеті – бұл жеке тұлғаны тәрбиелеу мен тәрбиелеуді, оның мәдениетке енуін және дамуын қамтамасыз ететін жеке ресурстарды (мінез-құлық үлгілері, білім, көзқарастар, қатынастар, адам тәжірибесін аудару формаларын қалыптастыру) біріктіретін динамикалық функционалды жүйе» - деп көрсетіледі [66].

Кәсіби әлеуеттің мамандар даярлаудағы маңызы білім алушылардың өмірге бейімделуі немесе әлеуметтенуі барысында оның қабілетін алған бағытындағы мақсаты, өмірлік көзқарасы мен ұстанымдары негізіндегі дәлелі, мағынасы сияқты өзіндік ерекшеліктері байқалады. Бұндай жеке тұлғалық қасиеттер, адамның белсенді қызметі кезінде және әртүрлі әлеуметтік, кәсіби-педагогикалық міндетті атқарғандағы бейімделуінде айқын көрініс береді және дамиды. Болашақ педагогтерді кәсіби даярлаудағы олардың кәсіби әлеуетін дамытудың бастапқы тұжырымдамалық негіздерін қазақ зиялыларының еңбектеріне талдау жасаудан бастаймыз.

Ы.Алтынсарин: «...еңбек – байлық атаулының негізі. Ол бүкіл адамзат

өмірінің бірінші алғы шарты. Адамның өзін жасаған еңбек» -деп тұжырымдайды. Ағартушының еңбек туралы тұжырымынан қоғам тарихымен тығыз бірлікте жасап келе жатқан *жасампаз тәрбие* нысаны – еңбек пен *кәсіпке үйрету* екендігі белгілі. Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке зор көңіл бөліп: «тәртіптің шындыққа айналауы тәртіптілік сезімін тудырады» - деген болатын. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға ағартушы терең талдаулар жасайды. Ол бірде тәртіп – тәрбие құралы десе, бірде тәртіп – тәрбиенің нәтижесі деген анықтама береді. көпшілікке ұсынған тұжырымдары қазір де педагог мамандардың субъективті идеяларын жүзеге асыруда негіз болып келеді (сурет 4) [67].



Сурет 4 - Ы.Алтынсариннің идеяларындағы басты атрибуттар

Ы.Алтынсариннің **демократиялық-ағартушылық** бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. *Біріншіден*, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, *екіншіден*, өнегелі ұстаз-тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. *Үшіншіден*, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі, азамат болуға, зиянды іс-әрекеттен, ұрлық-зорлық, жатып ішер жалқаулық сияқты жаман әдет, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. Ы.Алтынсарин мектептің білім беру жөніндегі міндетін өмір талаптарынан, бұқара халықтың талаптарынан шығарып белгілейді. Оның пікірінше, мектеп өмірге жанасымды нақтылы білім беріп, ақыл-ойдың өсуін, баланың саналылық жағынан жетілуін қамтамасыз етуге тиісті [68].

Сонымен Ы.Алтынсариннің педагогикалық ұстанымдарынан қазіргі білім берудегі мұғалімнің кәсіби дамуына байланысты **«барлығы адам үшін»** парадигмасының ізгілік, құндылықтық-моральдық нормаларға сүйене отырып,

адамның ойлау бейнесін өзгертуге бағытталған. Қорыта келгенде, Ы.Алтынсариннің идеяларымен келісе отырып, жаңа білім мазмұнының түйінді мәселелеріне, мамандар даярлаудағы динамикалық өзгеріс сұраныстарына жауап бере алатын қатынастармен айқындалатынын байқауға болады (4-суретте көрсетіледі).

А.Байтұрсыновтың «Мектеп керегі» (1914ж.) еңбегінде: «... **Мектептің жаны – мұғалім**. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, Яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, **методикадан хабардар**, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа, Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек. Үлгісіз я мерзімді өлшеусіз істелген іс лопы-солпы, я артық, я кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбек үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін, мектепке үйрететін нәрселердің кесімі – пішімі болуға тиіс. Сол пішім **программа** деп аталады» - дей келе, заман талабына сай білім беру бағдарламаларының жасақталуы заңдылық екенін нақты айтады [69]. А.Байтұрсыновтың пікірінен педагогтердің кәсіби әлеуеті мен кәсіби әреткетінің, педагогикалық имиджінің, кәсіби-тұлғалық сапаларының болмысын байқаймыз.

Ж.Аймауытовтың педагогика ғылымы саласындағы жүйелі ой-пікірлері оның 1924 жылы Орынборда басылған «Тәрбиеші жетекші» атты еңбегінен жақсы байқалады. Бұл еңбекте Ж.Аймауытов «Баланы оқытудың белгілі ереже заңдарын баяндайтын, **оқытудың дұрыс жүйесін тауып**, білімге тез жету шарттарын көрсететін педагогиканың негізгі бөлімі – дидактикаға ғылыми анықтама берген. Оның пікірінше, мұғалімнің айналысатыны – **үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам** болғандықтан, біркелкі әдістен табан аумай шектеліп қалуға болмайды... Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі **жаңадан жаңаны табатын өнер**... Дидактика мұғалімге жалпы жол-жоба көрсетіп, жетекшілік етеді... сыннан өткен тиімді деген жолдарды ғана нұсқайды» – деп оқыту, білім беру әдісінің қатып-семіп қалған догма емес, үнемі ізденуден туатын іс-әрекет екенін дұрыс атап өтеді [70].

М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде: «...педагогика адамның денесін һәм жанын дұрыс тәрбие қылу жолдарын ізденетін пән болғандықтан, **педагогика пәнімен дұрыс пайдалана білу** үшін, екінші түрлі айтқанда, адамды дұрыс тәрбие қыла білу үшін адамның денесі һәм жанының жайын кеңес қылатын басқа пәндермен таныс болуға тиісті. (Педагогикаға жәрдемші пәндер). **Жан туралы пәндер**. Психология. Адамның жанының жайын, жан тұрмысын, жан көріністерін, **жан күштерін, ақыл-ойдың жайын** баяндайтын пән; Логика. Дұрыс ойлау жолдарын көрсететін пән. Этика. Құлық туралы пән.

Яғни адамшылық не? Осыны баяндайды» деп ұсынады [71]. М.Жұмабаевтың педагогикалық идеяларынан адам – барлық ғылым үшін ашық жүйе екендігін түсінеміз. М.Жұмабаев жеке тұлғаны тәрбиелеудің мақсатын, ұлт өкілін тәрбиелеу мақсатымен бірлікте қарастырады. Сонымен қатар, М.Жұмабаевтың тұжырымдауларындағы негізгі ерекшелік – оқу мен тәрбие егіз ұғым ретінде танылып, барлық пәндерді бір мезетте қатар меңгеру тұлғаның интегративтік сапасын арттыруға өз мүмкіндігін беретіндігінде болып отыр. Ендеше, жаңартылған білім мазмұнындағы тұлғаның интегративтік сапасының болуы болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуы жағдайында маңызы жоғары.

Біз, жоғарыда талданған бірнеше ғалымдардың тұжырымдарын негізге ала отырып, «кәсіби әлеует» ұғымының мазмұнын, құрылымын анықтауды қарастырамыз.

Педагогтың кәсіби әлеуеті – мамандыққа байланысты ғылым саласының теориялық негіздерін меңгеруі арқылы рухани күшінің жиынтығын немесе мүмкіндігін оқу-тәрбие үдерісін дидактикалық талаптарға сай үйлесімді ұйымдастыруы мен өткізу мақсатында оларды шеберлікпен қолдана білу ретінде анықталады [72].

Педагогтың әлеуеті мұғалім мамандығына деген ішкі саналық пен мінез-құлықтық және кәсіби жұмысқа бағдарланған ғылыми теориялық және әдістемелік мәселелер деп қарастыруға болады. Бұлардың әрқайсысының өзіндік сандық және сапалық керсеткіштері бар, ал осылардың жиынтығы педагогтың кәсіби қызметіндегі күш-қуатының және шеберлігінің деңгейін сипаттайды деп түсіндіруге болады. Бұл мұғалімнің өз міндеттерін оқыту мен тәрбиелеу талаптарының деңгейде орындау қабілетін беретін жүйеге біріктірілген табиғи және кәсіби қызметке негізделініп көрсетілген қасиеттердің жиынтығы. Педагогтың кәсіби әлеуетін педагогикалық кәсіби іс-әрекетіндегі мақсатқа бағытталған қабілеті деп білуге болады. Сондай-ақ бұнда, педагогтың кәсіби қызметтегі құлық-ниеті мен жетістіктерінің арақатынасы жайындағы байланысты да негізге алу керек. Өйткені, педагогикалық үдерісті мұғалімнің жүргізудегі белсенді ойлауы, оқу-тәрбие жұмысын құруы, табысты әрекет етуі, өз ниетін іске асыруы, жобаланған нәтижелерге қол жеткізу қабілеті дамыған және кәсіби білім мен дағдылардың біртұтастығының негізін құрай алуын педагогтың кәсіби әлеуеті деп түсінуге де болады.

Осы бағыттағы зерттеумен айналысқан ғалымдар педагогикалық әлеует жайында әртүрлі анықтамалар берген, олар басшылыққа алып негіздемелер жасауы қарастырылатын контекстінің мазмұндық ерекшеліктерін көрсетеді. «Педагогикалық әлеует» ұғымын педагогика саласына алғаш енгізіп және осы «кәсіби әлеуеттілік» мәселесін зерттеумен айналысқан психолог - А.М. Боднар бекітті [40,б. 312].

Адамның кәсіби дамуы оның қызметтік әрекеттері барысында іске асатын және болашақтағы мүмкіндіктерді, яғни жеке тұлғаның әлеуетін қоса алғандағы қызмет бағдарламасын түзу мен оны толықтырулар арқылы түзету орын алады. Осындай мүмкіндіктердің жүзеге асуы саналы түсінік пен ынта-жігерлік бірлігінің негізгі қағидаларын айқындап береді.

В.В.Давыдовтың зерттеулерінде әлеуметтік ортаны және оның нақты жағдайларын жеке тұлғаның өсіп-өнуі мен әлеуетті мүмкіндіктерін байланыстыратын фактор ретінде қарастырылады Ғалым бұл жерде адамның өмірге және қоғамға деген қатынастарының бәрі кәсіби қызметі арқылы жүзеге асатындығын баса айта отырып, *саналы түсінік пен ынта-жігерлікке* негізделген дәлелі, талабы, мақсаты бар адам әлеуметтендіру үдерісінде өзін-өзі басқара алатын субъекті ретінде көрінеді деп тұжырымдайды. Адам қызметінің белсенділігіне қатысты оның мақсаты, саналы түсінік пен ынта-жігерлікке негізделген дәлелі және мағынасының айқындығы жеткілікті анықталғанда ғана айтуға болады [73].

Нәтижелі кәсіби қызметке қол жеткізу жолында ол алғашқы дайындық кезеңде қалыптасу үдерісінен өтеді, сонан кейін ғана оның жетілдіруі мен кәсіби әлеуетін сәйкес өздігінен қызмет ету барысында дамиды.

Б.Г. Ананьевтің еңбектерінде кәсіби әлеуеттің дамуы үш типтік модельде қарастырылады. Бірінші, *«прогрессивті даму моделі»* – қарапайымнан күрделіге қарай, төменнен жоғары қарай шығу, ескірген сапалық жағдайдан жаңаға қарай қозғалыс, жаңару үдерісі. Болашақ педагогтердің кәсіби тұлға ретіндегі өзін-өзі іске қосуға, өзгертуге бағытталған мәселелерді шешуі. Бұл – оның психологиялық-педагогикалық тұрғыдан алғанда өзінің жетістіктерін ары қарай «жетілдіруде» үнемі іздену, жаңалыққа ұмтылу, көшбасшы болу жағдайы [74].

Екінші, *«орташа даму моделі»* сыртқы әсерлердің барысында болашақ педагогтердің жаңа кәсіби мәнділіктерді анықтай алу деңгейі. Бұл модельдегі болашақ педагогтің психологиялық жағдайы «қанағаттанбау» сезімінің бөлігі бар «конформизмде» байқалады (кесте 1).

Кесте 1 – Кәсіби әлеуеттің дамуы

Атауы	Кәсіби дамудың үш типтік моделі	Кезеңдері
Прогрессивті даму моделі	Қарапайымнан күрделіге қарай, төменнен жоғары қарай шығу, ескірген сапалық жағдайдан жаңаға қарай қозғалыс, жаңару үдерісі.	Бейімделу, өзін-өзі айқындау, өзін-өзі іске қосу
Орташа даму моделі	Сыртқы әсерлердің барысында болашақ педагогтердің жаңа кәсіби мәнділіктерді анықтай алу деңгейі.	Жаңа кәсіби мәнділіктерін анықтауы, жұмысына қанағаттанбауы
Регрессивті даму моделі	Кәсіби әрекетте және өзін-өзі іске қосуда қандай да бір жағдайда кәсіби дамуының баяулауына жол беру.	Өзіне-өзі көңілі толу, кәсіби-шығармашылығының құлдырауы, тәжірибесінің сарқылуы

Үшінші, *«регрессивті даму моделі»* - кәсіби әрекетте және өзін-өзі іске қосуда қандай да бір жағдайда кәсіби дамуының баяулауына жол беру. Бұл модельде педагогтің «өзіне-өзі» риза болу, көңілінің тұрақты болуы, соған сәйкес кәсіби-шығармашылық әрекеттерінің құлдырауы, бұрын-соңды жеткен жетістіктерін, тәжірибесін сарқылмайды деп есептеуімен сипатталады. Адамның мұндай әлеуеті мен қоры, жалпы және кәсіби қызметінің қабілеттілігі

түрінде оның кәсіптік еңбек нәтижелілігін көтеру үшін аса маңызды. Педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттердің шығармашылық қызмет аумағындағы арнайы әлеуеті педагогикалық зор қабілеттілік болып табылады. Мәселен, педагогтік қызметте оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдіс-тәсілдерін (педагогикалық технологияларын), шарттарын, құралдарын жобалауға және нәтижесінде оқушылардың тұлғалық танымдық болмысына бағытталған жаңа білім беру нәтижелерін қалыптастыруға дайындығын көрсетеді. Бұл қазіргі білім берудегі жүйелі өзгерістер жағдайында келешекте кәсіби жолда педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен жүргізудегі мұғалімнің инновациялық тұрғыдағы ресурстық әлеуеттерін арттыру арқылы оның кәсіби дамуын күшейте түседі.

А.А. Костылеваның пікірі бойынша педагогтың жеке әлеуеті интегралды күйге ие, педагогтың жеке психологиялық ерекшелігі деп түсіндіре келе, оның ерік-жігері, жеке түсінік болмысы мен жауапкершілік әлеуеті, мұғалімнің кәсіби қызметіндегі ізгілік-адами мазмұн беретін мағыналардан шығу қабілетіне жауап беретін және түрлі өзгерістері бар қиыншылықтарға кездескенде өзгертін сыртқы жағдайлар шеңберінде қызмет жасау арқылы кәсіби бағыттардың тиімділігін сақтауға мүмкіндік беретін семантикалық әлеует ретінде берген болатын [75]. Бұдан шығатын қорытынды ой, яғни болашақ педагогтер қызмет барысындағы іскерлігімен, білімімен, тәжірибесімен анықталады, болашақ маманның кәсіби әлеуетіне ден қойғанда алдымен оның өзіндік қабілеті арқылы әрбір сапаларын ашу, ал одан соң нақтылы іс-әрекетінің байланысының өркендеуін меңгеру қажеттігі бар деп санаймыз.

Л.И. Иванько, В.Г. Нестеровтің еңбектерінде теориялық және операциялық жоспарда жеке тұлға әлеуеті кәсіптік іс-әрекетте адамның бүтін бір субъект күйіндегі факторына бағытталған. Жеке тұлға әлеуеті туралы ұғым оның дамуы мен әлеуметтік келешегінің өркендеуі жағынан алып қарағанда болашақ педагогтердің бар мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі [76].

Біз, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың «кәсіби әлеует», «болашақ педагогтің кәсіби әлеуеті» ұғымдарына берілетін теориялық талдауларды жинақтап, олардың контент-талдауын 2-кестеде ұсынып отырмыз.

Кесте 2 – «Кәсіби әлеует», «болашақ педагогтің кәсіби әлеуеті» ұғымдарының контент талдауы

Ғалымдардың аты-жөні	Теориялық жаңалығы	Түйінді ойлар
1	2	3
С.Д. Мұқанова	Болашақ мамандардың кәсіби әлеуеті өлшемі - әлемнің ғылыми бейнесін түсінуі, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану біліктерінің болуы, педагогикалық қауымдастықта әлеуметтік кәсіби ролдерді орындау әлеуеттерінің жиынтығы.	Кәсіби ролдерді орындау әлеуеттерінің жиынтығы

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
А.К. Маркова	Кәсіби әлеуеті – белгілі еңбек функцияларын орындаудағы өзіндік ерешелігі, жауапкершілігі, адамның білігі мен қабілеттілігі, психологиялық сапаларын іске асырудағы құбылыс.	Адамның білігі мен қабілеттілігі
А.А. Костылева	Педагогтың жеке әлеуетін интегралды, педагогтың жеке психологиялық ерекшелігі деп түсіндіре келе, оның ерік-жігері, жеке түсінік болмысы мен жауапкершілік әлеуеті, мұғалімнің кәсіби қызметіндегі ізгілік-адами мазмұн беретін мағыналардан шығу қабілетіне жауап беретін және түрлі өзгерістері бар қиыншылықтарға кездескенде өзгеретін сыртқы жағдайлар шеңберінде қызмет жасау арқылы кәсіби бағыттардың тиімділігін сақтауға мүмкіндік беретін семантикалық әлеует.	Семантикалық әлеует
Б.А. Тұрғынбаева	Әлеуеті жоғары мамандар – елестетудің, интуицияның күшті дамуымен, қалыптан тыс өнімді ойлай алуымен, ойды шығармашылықпен іске асыра алуымен, кәсіби әрекет барысында ішкі күштерін жылдам жұмылдыра алушылығымен ерекшеленетін категориядағы мамандар.	Интуицияның күшті дамуы, қалыптан тыс өнімді ойлай алу
И.П.Подласый	Педагогтың кәсіби әлеуеті педагогикалық іс-әрекетке бейімделу бағытын бағдарлаудың және іс-әрекетке қатысты нақты жағдайының арақатынасына байланысты болады. Бұл жағдайда алынған тәсіл педагогикалық қызметпен айналысуға және табиғи қабілеттің маңызды ерекшелігіне бағытталғандығында.	Табиғи қабілеттің маңызды ерекшелігі
М.Ж. Жадрина	Болашақ педагогтің кәсіби әлеуеті - жалпы білім мен кәсіби білім арасындағы қатынасты анықтауға мүмкіндік беретін негізгі білімді көшпелі кезеңнің өздік білім сатысы ретінде жіктеп, ішкі мүмкіндіктерін реттеу.	Жалпы білім мен кәсіби білім арасындағы қатынас
Ж.А. Караев Ж.У. Кобдикова	Кәсіби әлеует - құзыретті маман даярлау сапасының, еңбек қызметі тиімділігінің сипаттамасы ретінде.	Білім сапасы мен еңбек қызметі тиімділігі
Э.В. Балакирева	Болашақ педагог мамандығының даму үрдісі социумның ықпалымен педагогтің кәсіби құрылымы мен кәсіби рөлдерінің динамикалық өзгеруі; педагогтің функционалдық еңбегінің өзгергіштігі мен қозғалғыштығы; педагогтің кәсіби қызметінің кеңеюі жағдайында өзін-өзі іске асыруына және анықтауына қойылатын талаптар; педагогтің кәсіби қызметінің кеңеюі.	Кәсіби рөлдерінің динамикалық өзгеруі

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
Н. Чебышев В. Каган	Кәсіби әлеуеттің итермелеуші күші ретінде «қозғалыс пен іс-әрекеттегі жылдамдылық» негізге алынған. Бұл ұғымды «тәжірибелік және ғылыми қызметте үнемі дамып келе жатқан өзгерістерге жедел әрекет ету қабілеті» ретінде қарастырады.	«Қозғалыс пен іс-әрекеттегі жылдамдылық»

Талдаулар барысында «кәсіби әлеует» ұғымының құрылымын келесідей береміз:

- *кәсіби әлеует* – педагогикалық іс-әрекетке бейімделу бағытын бағдарлаудың және іс-әрекетке қатысты нақты жағдайының арақатынасына байланысты болады. Бұл жағдайда алынған тәсіл педагогикалық қызметпен айналысуға және **табиғи қабілеттің** маңызды ерекшелігіне бағытталғандығын атап өтеді;

- *кәсіби әлеует* – педагогтың **кәсіби қызметке қатынасын** береді. Дегенмен де, кәсіби міндеттерді сапалы орындау үшін **жоғары қабілеттің** болуын қажет етеді;

- *кәсіби әлеует* – педагогтің кәсіби еңбегінде педагогикалық талаптарға қойылатын деңгейге сәйкес орындап, **педагогикалық үдерістің мәнін жеке түсіну** мен оқу іс-әрекетінің дидактикалық қағидалар жүйесіне бағындыра отырып бірлікте **орындау мүмкіндігіне** ие болуы ретінде түсіндіріледі.

- *кәсіби әлеует* – бұл **жеке және кәсіби қасиеттердің жинақталуы** мен шоғырлануы, яғни **жүйе** - білім, білік, дағды, ойлау және іс-әрекет әдістерін дайындау үдерісінде көрініс беретін дайындығы (сурет 5) [77].



Сурет 5 - «Кәсіби әлеует» ұғымының құрылымы

Педагогтың кәсіби әлеуетіне қатысты және мазмұн жағынан жақын ұғым – педагогикалық кәсібилік. Жалпы алғанда, педагогикалық кәсібилік оқу-тәрбие үдерістерінің барысын саралап, ұйымдастырылуы мен өткізілуін болжау, келешекте пайда болатын қиындықтарды алдын ала шешу мүмкіндігіне ие болу қабілеті. Яғни, кәсібилік – бұл кәсіби тұрғыдан ойлау және әрекет жасау қабілеті [78].

Мемлекетіміздегі жалпы білім беретін мектептерде білім беру мазмұнын және оның құрылымын жаңартудың негізгі бағыттары жалпыға міндетті білім стандартында анықталып берілуіне байланысты, жоғары оқу орындарында мұғалім мамандарын дайындау және педагог әлеуетін көтеру мәселелеріне де ерекше мән беру керектігін басшылыққа алып отыр.

Қазақстандағы қазіргі білім беруді дамытудың басымдылықтары:

1. Білім берудің сапасын жаңа мазмұн бағыты бойынша дамыту; мемлекеттік тіл, жаратылыстану-математика, техникалық пәндерді, шет тілдерін оқыту сапасын арттыру.

2. Білім беруде ақпараттық-қарым-қатынастық технологияларды қолдану, педагогикалық жаңашыл тәсілдерді жасау, дамыту, тарату және оларды түрлендіре отырып, бейімдеп жетілдіруге ынталы болу.

3. Қазіргі талапқа сай заманауи білім беру мен оқыту сұранысы қажеттілігін орындау, жұмыс нарығын қажетті кәсіби маман даярлау және жұмыс нарығын, зерттеу арқылы байланысты арттыру.

4. Педагогтардың кәсіби білімі мен біліктіліктерін жетілдіру.

5. Педагогика саласындағы озық білімдер мен тәжірибелерді оқу-тәрбие мекемелерінің (балабақша, мектеп және олардың типтеріне қарай, колледждер, ЖОО-да т.б.) педагогикалық үдерісіне оңтайлы, үйлесімді пайдалану [79].

Кәсіби әлеует ұғымын қолдану тұжырымдамаларының иерархиясын, оның құрылымдық компоненттерін түсінуге, жалпы жағдайлар мен нақты деректерді дұрыс шешуге қол жеткізуге мүмкіндік жасайды.

Педагогикалық кәсіби әлеуеттің жалпы компоненттеріне зияткерлік, мотивациялық, қарым-қатынастық, түрлі әрекеттерді орындау (немесе жеке кәсіби), шығармашылық компоненттер жатқызылады. Педагогикалық оқу құралдарында қарастырылатын мәдени, адами-ізгіліктік, белсенділік және басқа құрылымдық компоненттер мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіне кіретін жалпы жағдай ретінде қарастырылады.

Педагогтың кәсіби әлеуеті мұғалімдік қызметпен шұғылданатын жеке тұлға мүмкіндіктерінің жиынтығын береді. Дегенмен де, зерттеушілердің ой түйіндеулері мен қорытындыларының ерекшелігі – бұл педагогтың мүмкіндіктерін қазіргі жағдайда ғана емес, сондай-ақ, олардың қалыптасуы мен даму болашағы тұрғысынан да қарастыруға мүмкіндік жасайды, өйткені ол үш басымдық бағытын топтастырып, біріктіреді:

- өткені бойынша – жеке және кәсіби даму үдерісінде жеке тұлғаның меңгерген ерекшеліктері мен қасиеттерінің жиынтығы;

- қазіргі – мүмкіндіктерді қажет ету әрі өзекті жасау және оларды кәсіби-педагогикалық қызметте пайдалану;

- келешекте – болашақ кәсіби және жеке даму бағыттарын жетілдіру.

Педагогтың кәсіби әлеуеті түсінігінің мағынасын әртүрлі тәсілдермен қарастырып, қорытындылай келе, басты қағидалық ұстанымдарды бөліп қарауға болады. Талдаулардан байқағанымыздай, педагогтың кәсіби әлеуеті тұлғаның ішкі жеке ресурстарының бір бөлігін құндылық бағдарлары, себеп-салдарлы түрткілері – мотивтері, қажеттіліктер, қабілеттер, қағидалар, жеке қасиеттері мен ерекшеліктері, білімі, білігі, дағдылары және т.б. деп қарастырғандығы анықталды. Сондықтан олар белгілі бір жағдайларда кәсіби қызметте көрініс табуы мүмкін.

Қорыта келгенде, *«кәсіби әлеует – тұлғаның жеке жаратылысындағы мүмкіндіктерді кәсіби тұрғыда нәтижелі жүзеге асыру қабілеттерінің кешені»*, ал *«болашақ педагогтің кәсіби әлеуеті – ішкі психикалық күштер мен сыртқы практикалық әрекеттің бірлігінен тұратын кәсібилік жағдайындағы күрделі құрылым»* деп анықтама береміз.

Табиғи заңдылықтың негізіне сүйенсек – педагогтың кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттерінің даму үздіксіздігі төмендегідей болмақ:

- кәсіби бағдарлық, мамандандыруға негізделу;
- базалы кәсіби дайындық бағытындағы жаңашылдық білім;
- жаңашыл педагогикалық технологиялар;
- педагогикалық және кәсіби өндірістік тәжірибелер;

- жоғары оқу орнын кәсіби маман ретінде аяқтағаннан кейінгі кәсібиліктің теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жетілдірілуі;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуды жалғастыру /біліктілікті жетілдіру мен арттыру, магистратура, докторантура т.б. [80].

Педагог әлеуетінің қыры ретінде көрініс беретін бір мәселе, ол - педагогтың жеке тұлғалық болмысындағы мамандыққа сәйкес ғылыми танымдық мүмкіндіктеріндегі заманауи терең теориялық білімдер мен тәжірибедегі ізденушілік пен шығармашылық жұмыстарының қалыптасуындағы педагогикалық үдерістің ұйымдастырылу міндеттері мен жолдары үйлесімді жүзеге асырылуы.

Жоғары оқу орнында білім беру мен оқытудың заманауи бағыттылығы болашақ мұғалімдердің педагогикалық ой-өрісінің қалыптасуы мен дамуын жүзеге асыруда маңыздылықты міндеттейді.

1.2 Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуеті дамуының әдіснамалық тұғырлары

Қазіргі білім беру формуласы адам білімінің деңгейімен ғана емес, сонымен бірге оның жалпы дамуымен, жоғары ойлау мәдениетімен, өз қорындағы білімді шығармашылық және жедел түрде практикалық іс-әрекетке қосу, оларды жаңа жағдайда қолдану қабілетімен анықталады.

Жаңартылған білім мазмұнында білім беруді дамыту педагогикалық үдерістің барлық категорияларына әсер ететін айтарлықтай өзгерістермен сипатталады. Қоғамның, ғылымның даму қарқынының жеделдеуі ғылыми және өндірістік ақпарат көлемінің күрт өсуіне алып келді.

Орта білім беруді жаңартылған мазмұнда меңгертуде, соған сәйкес ЖОО-дағы болашақ педагогтерді кәсіби даярлау ісіндегі педагогикалық тәжірибеде кең өзгерістер байқалды. Атап айтсақ:

- білім алушылардың білімді игеруге ғана емес, сонымен бірге *ойлау тәсілдеріне, білімнің формализмін еңсеруге*, адамның *танымдық күштері мен шығармашылығын* құрылымдайтын кәсіби әлеуетін, оның *рухани-адамгершілік сапасын* дамытуға бағытталған білім мазмұны мен әдістерін ойлап табудың жүйелілігін қалыптастыру жолында;

- болашақ педагогтердің рөлі мен белсенді әдістері бар іс-әрекетті дамыту, *жеке тұлғаға бағдарланған* оқытуға ауысуда;

- студент оқу әрекетінің «субъектісі» болып табылатын тұжырымдамалар мен технологиялардан бастап, оқу субъектісі ретінде *танымдық бастамаларды ұйымдастыруға*, қолдауға және ынталандыруға, ынтымақтастық атмосферасын бірлесіп құруда;

- білім алушылардың оқудағы «үйрену» ұстанымынан *жасампаз, өзін-өзі білімдендіру*, белсенділікке қарай жоғарылауы бойынша өзгерістер орын алуда.

Бүгінгі күндегі инновациялық оқытудың құндылығы – бұл білімді игеру емес, білім алушылардың кәсіби әлеуетін дамыту жағдайында *жаңа теорияның туындауына*, құрылған білім беру мақсатының тереңдеуіне танымдық және жеке қасиеттерін дамыту құралына, болашақ педагогтің өзіндегі ақпаратты «таратудан» гөрі, педагог – оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырушыға, педагогикалық үдерістегі даму ортасына педагогикалық техниканы қалыптастыруға шеберлік танытуында болып отыр.

Осы орайда Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқутәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында: «...білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында: **педагогке**: - білім алушының артта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау; жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін **зерделеу**; жеке тапсырмаларды таңдай отырып, **оқытудың жеке жоспарын әзірлеу**; жүйелі кері байланысты ұйымдастыру ұсынылады. Педагог оқушылардың білім алу қажеттіліктерін және **жеке даму жолын** ескере отырып, пән бойынша білім алушылардың білімін толықтыру **алгоритмін дербес** әзірлейді» - деп көрсетеді. Заңнамалық құжатта беріліп отырғанындай, педагогке қойылатын талаптарға сай болашақ педагогтерді кәсіби тұрғыда даярлау жолға қойылады. Мұндағы болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуындағы негізгі ескерілетіні оқытудың жеке жоспарын әзірлеуге, жүйелі кері байланыс жұмыстарын ұйымдастыруға шеберлігінің, баланың жеке даму жоспарын және білімді толықтыруға арналған алгоритмді дербес әзірлеу техникасының болуы маңызды екенін алға шығарамыз [81].

Бұл ретте оқытудың жаңа тәсілдемелері білім беруді жетілдірудің жалпы тенденциясын – оны ізгілендіруді, болашақ педагогтерді оқушының жеке басына бағдарлауды көрсетеді. Дидактикада дамып келе жатқан және тұлғаға

бағытталған оқыту, қазіргі дидактикалық жүйенің «бет-бейнесін» анықтайтын жеке және белсенді көзқарастар барған сайын айқындыққа ие болып келеді. Мұндай жағдайда болашақ мамандардың тұлғаның дамуын іс-әрекетті жүйелі ұйымдастыруымен тығыз байланыста болатынын түсінуі маңызды.

Сондықтан біз, болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының әдіснамалық базасын құрайтын *әдіснамалық тұғырларға* тоқталамыз. Ең алдымен, педагогикалық әдіснама, тұғыр ұғымдарына шолу жасайық.

В.И. Загвязинский *«Педагогикалық әдіснама – бұл ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бастапқы ережелері, құрылымдары, функциялары және әдістері туралы ілім»*. Автор:1) «Педагогика әдіснамасы бұл *педагогикалық білім* және оны табу үдерісі, яғни педагогикалық мәселе туралы ілім; 2) Әдіснамалық мәні бар бастапқы, шешуші, түп негізді, философиялық, жалпы ғылыми және *педагогикалық қағидалар* (теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар); 3) Педагогикалық *таным әдістері* туралы ілім (сөздің нақты мағынасындағы әдіснама) [82].

Ш.Т.Таубаева педагогика әдіснамасының пәнін төмендегіше бөліп көрсеткен:

- педагогиканың басқа ғылымдар арасындағы және педагогикалық зерттеулердің маңызды мәселелерінің орнын анықтау;
- *педагогикалық шындық* туралы оларды өзгерту және интерпретациялау әдістері, білім алудың ұстанымдары мен тәсілдері;
- педагогикалық теорияның құрылымын құру және *дамытудың әдістері*;
- ғылым мен практиканың өзара әрекеттесуінің тиімді шарттары, ғылым жетістіктерін педагогикалық практикаға ендірудің *негізгі ұстанымдары мен тәсілдері* [83].

К.А. Абульханова-Славская еңбектерінде «әдіснама» ұғымының мағынасын:

- *ғылымды тану* туралы ілім;
- сол тану жолындағы қолданылатын *танымдық құралдар, әдістер мен тәсілдердің жиынтығы*;
- танымдық және қайта құрушы қызметті ұйымдастырудың алғышарттары мен қағидаларын зерттеуші құралдар турасындағы *теориялық білім* саласы деп тұжырымдайды [84].

Әдіснамалық категориялардың бірі – тұғыр. Тұғыр – әдіснама категориясы ретінде теориялық және практикалық мәселелерді біріктіретін және теорияға қарағанда диалектикалық ойды педагогикалық тәжірибемен нақтылай түсетін функцияларды көздейді. Біз басшылыққа алатын әдіснамалық тұғырлар болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының негізгі сипатын, яғни бұл тұстағы әрекеттің танымдық құралдары мен практикалық әдістерін құрастыру, жетілдірумен тікелей байланысты болады [85].

Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының әдіснамалық базасы *аксиологиялық тұғыр, жүйелік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, синергетикалық тұғыр, құзыреттілік тұғырларды* негізге алады. Әдіснамалық тұғырлардың

негізгі атқаратын функцияларына, байланыстарына, қатынас бірліктеріне талдау қажеттілігі туындап отыр.

Аксиологиялық тұғыр. Аксиологиялық тұғыр теория мен практика, ғылыми таным мен практика арасындағы «көпір» қызметін атқарады. Аксиологиялық тұғыр негізінде тұлға – қоғамның ең жоғарғы құндылығы, қоғамдық дамудың өзіндік мақсаты, сондықтан да оның ізгілік педагогика мәселелеріне тікелей қатысы *жаңа білімдегі философияның негізі*, жаңа педагогиканың әдіснамасы ретінде қарастырылады. Олай деуге негіз, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша маңызды дағдылар, яғни *рухани-адамгершілік құндылықтарды* тұлға бойында дарыту деп көрсетілгені белгілі. Қазіргі білім беру жағдайында болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуында педагогика-психология ғылымы жетістіктерінің бүгінгі ғылыми білімнің адамтану аймағына қатысты пайымдалуымен қамтамасыз етілуі, басқа да ғылымдар амалдарының практикаға ендірілуі аксиологиялық тұғырға деген қажеттілікті көрсетеді (сурет 6).



Сурет 6 - Аксиологиялық тұғырдың атқаратын функциялары

Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуындағы қызмет атқаратын аксиологиялық тұғырдың негізгі функциялары ретінде төмендегілерді айтамыз:

- болашақ педагог мамандарды даярлау жағдайында бірегей ізгілік құндылықтар жүйесі шеңберінде барлық философиялық көзқарастағы **құндылық қатынастардың, көркемдік тәрбиенің** тең дәрежеде қамтылуы (білім алушыларда құндылық қатынастарды қалыптастыру, пән мазмұнына енгізуі көзделеді, тәжірибеде дамыту т.б.);

- болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуы барысында **ұлттық құндылықтар мен шығармашылық табыстар, өнімдер** мағынасының бірлігі, бүгін және болашақта **жаңалықтарды ашу мүмкіндіктері** мен өткен ілімдерді пайдаланудың, оқудың қажет деп танылуы (білім алушыларда кәсіби әлеует тұрғысындағы өзін-өзі өзгертуді қамтамасыз ететін оның ішкі діңгегі

ретіндегі **тұлғалық құндылықтардың** мәнін ашу т.б.). Аксиологиялық тұғырдың атқаратын функцияларының сипаты 6-суретте ұсынылды.

Аксиологиялық тұғыр – мұғалімнің педагогикалық еңбек құндылықтарын игеруі мен қабылдауын қамтиды:

- кәсіби-педагогикалық білім (психологиялық; тарихи-педагогикалық, тұтас педагогикалық үдерістің заңдылықтары, жеке пәндердің теориясы, білімді тасымалдауға әдістемелік білімнің болуы, оқушының жас және дара ерекшеліктері, құқықтық ерекшеліктері және т.б.) және ғылыми дүниетаным.

- педагогикалық ойлау және кері байланыс орнату (рефлексия).

- педагогикалық әдептілік және этика. Педагогикалық қызметтегі тәжірибелік іс-әрекетті дайындау және жүзеге асыру барысында мұғалім педагогикалық құндылықтарды игереді, оларды субъективті етеді. Педагогикалық құндылықтардың субъективтілік деңгейі мұғалімнің жеке тұлғалық болмысының және мұғалімдік қызметтегі кәсіби дамуының көрсеткіші болып табылады. Педагогикалық мәдениетінің ішкі өзегі болып табылатын құндылықты іске асыру дәрежесінің бағыты – педагогикалық әлеуеттің мазмұндық құрылымына тиесілі және маңызды болып табылатындығын ескеруіміз қажет [86].

Сонымен болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуындағы аксиологиялық тұғыр – *ЖОО-ның білім сапасы мен білім алушылардың көркемдік тәрбиесі, оның кәсіби және шығармашылық қабілеттерін дамытуға құндылық қатынасы аспектілерінің үйлесуі* деп тұжырым жасаймыз.

Аксиологиялық тұғырдың жүйелілік тұғырмен байланыстылығы аса маңызды. Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуындағы негізгі тұғыр – **жүйелік тұғыр** болады.

Жүйелік тұғыр. Педагогикадағы жүйелік тұғыр терең құрылымдалған және бір-бірімен тығыз байланысты **элементтердің жиынтығы** ретінде қарастырылады. Жалпы, жүйелік тұғыр бес негізгі элементтер жиынтығымен анықталады: *тұтастық, иерархия, құрылымдау, көпсубъектілік және жүйелеу*. Мұндағы жүйелеу іс жүзінде тұтастықты, иерархиялауды, құрылымдау мен көпсубъектілікті біріктіреді, өйткені әрқайсысы жүйенің барлық белгілеріне ие бола алады. Субъектілерді жүйе ретінде зерттеу әдіснамасы мақсаттардан, міндеттерден, ұстанымдар, формалар мен әдістерден тұратын бұл жүйелік тұғырға қатысты болып табылады.

К.С. Құдайбергенованың еңбектерінде жүйенің екі түрлі құрамдас бөліктері, яғни бірінші – *жүйеге кіру, шығу элементтері, әсер етуші сыртқы орта*; екіншісі – *ішкі элементтердің бір-бірімен байланысқан* компоненттер жиынтығы деп көрсетіледі [87].

Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуын жүйелік тұғыр негізінде қарастыруды бір үдеріс деп тануға болады.

Мысалы, жүйеге кіру – білім жүйесіне кіруші компонент **талапкер**; жүйеден шығу – білім жүйесінен шығушы компонент **студент-маман**; ал жүйеге әсер етуші фактор – **ЖОО-дағы педагогикалық үдеріс субъектілері**, әлеуметтік орта т.б. (сурет 7).

Г.О.Исакованың зерттеулерінде: жүйелік тұғырды меңгеру білімдері мен оны ұйымдастыру, келесідей сипатқа ие болуы мүмкін деп көрсетеді:

– таным қызметіне өзінің заңдылықтары бар объективті үдеріс ретінде қарау;

– ұғымдық тәсілдемелердің, пән мен әдістердің адекватты түсіндірілуі;

– осы пәндік салаға қатысты мәселелердің шешімін қамтамасыз ету кез келген жағдайда білімді пайдалануы мүмкін;

– пәннің мазмұнын сапалы анықталған жүйе ретінде неғұрлым толыққанды көрсетеді;

– пәннің жүйелі ашылып көрсетілуі, пәндік білімдердің дүниетанымдық аспектісін көтереді. Зерделенуші нысан өзімен-өзі емес, басқа да жүйелермен маңызды байланыстар жиынында көрінеді [88].



Сурет 7 - Жүйелік тұғырдың құрылымдық-реттік белгілері

Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуындағы жүйелік тұғырдың атқаратын функциялары да құрылымдық белгілеріне сай қызмет атқарады.

Олар:

- білім алушылардың білім, білік және дағдыларының деңгейін айқындау;
- жүйелік талдау барысында болашақ мамандарды кәсіби даярлау;
- білім алушыларды кәсіби сапалық жетілдіруді ұйымдастыру;
- білім алушылардың тұлғалық және кәсіби маңызды сапаларын дамыту;
- кәсібилікте жетістікке ұмтылу, өзін-өзі дамытуға, рефлексияға қабілетті болуға дайындау;

- болашақ педагогтің кәсіби әлеуетінің дамуы моделін қалыптастыру т.б.

Бұл тұстағы жүйелік тұғырдың қызметтері ЖОО білім беру үдерісіне қатысушы субъектілердің ізденушілік, шығармашылық іс-әрекетінде, болашақ педагогтердің және тұлғаның кәсіби-шығармашылық кезеңдерінде ұйымдастырылып жүзеге асырылады. Сондықтан жүйелік тұғыр білім беру стандарттарын әзірлеумен және іске асырумен байланысты. Стандарттар білім берудің мақсаты ретінде болашақ маманның жеке басының дамуында қызметтің әмбебап әдістерін игеруге қарай тұжырымдайтын білім берудің белсенді парадигмасына негізделген.

Іс-әрекеттік тұғыр. Білім беруде іс-әрекеттік тұғырды іске асыру мынадай міндеттерді шешу барысында орындалады: білім алушылардың жеке

қасиеттері мен әмбебап оқу іс-әрекеттерінің қалыптасуына байланысты оқыту мен тәрбиелеудің негізгі нәтижелерін анықтау; тиісті пәндік салаларда маңызды білімге бағдарлана отырып, оқу пәндері мен жалпы білім беру мазмұнын құру; білім беру үшін әмбебап оқу іс-әрекеттерінің функцияларын, оның мазмұны мен құрылымын анықтау; әмбебап оқу іс-әрекеттерінің нақты түрлерін оңтайлы қалыптастыруға болатын оқу пәндерінің шеңберін анықтау; білім беру үдерісінің әр кезеңінде әмбебап оқу іс-әрекеттерінің қалыптасуын диагностикалау үшін типтік міндеттер мен тапсырмалар жүйесін әзірлеу және білім алушылардың әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етуде бағдарлауды ұйымдастыру.

Іс-әрекеттік тұғыр болашақ педагогтердің алдағы кәсіби қызметіне, оның кәсіби саладағы, инновациялық технологияларды қолданудағы, сабақтан тыс түрлі іс-шараларды өткізудегі дағдылары мен қабілеттеріне жауап береді. Басқаша айтқанда, болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті оның өмір бойы өзінің кәсіби қызметі үдерісінде кездесетін барлық жағдайларға дайындығын реттейді.

Теория мен тәжірибедегі іс-әрекеттік тұғырға жүгіну:

- болашақ педагогтердің кәсіби әлеуеті дамуында педагогикалық үдерісте тұлғаның *субъективті ұстанымын* қамтамасыз ету;

- студент тұлғасының дамуы мен *өзін-өзі дамытуы үшін жағдай жасау;*

- кәсіби әлеуеттің құраушы бөлігі ретінде *танымдық қабілеттерін* қалыптастыру;

- болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытуда *өзін-өзі оқыту және өзін-өзі тәрбиелеу* тетіктерін ашу және іске қосу;

- болашақ педагогтерді кәсіби даярлау ісінде *оқыту сапасын арттыру* қызметтерін атқарады.

Осылайша, іс-әрекеттік тұғыр – бұл оқу үдерісінде білім алушының өзін-өзі анықтау мәселесі бірінші орынға шығатын әрекетті ұйымдастыруды көздейді. Іс-әрекеттік тұғырдың мақсаты – адамның жеке басын тіршілік субъектісі ретінде тәрбиелеу. Жалпы мағынада субъект болу дегеніміз – өз іс-әрекетінің, өмірінің шебері болу. Ол: мақсаттар қояды, міндеттерді шешеді, нәтижелерге жауап береді т.б.

Іс-әрекеттік тұғырдағы кейбір қызмет түрлері бізге болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуында өзін-өзі білімдендіруге мүмкіндік алуы синергетикалық тұғырға сүйенуді негіздейді.

Синергетикалық тұғыр. Синергетикалық тұғыр – бұл идеяларды, ұғымдарды, зерттеу әдістері мен өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті ашық сызықты емес жүйелерді үйлестіруді қамтитын кешенді жүйені қолдануға негізделген оқу-тәрбие іс-әрекетіндегі әдіснамалық тұғыр. Студенттердің кәсіби әлеуетін дамыту - бұл ашық жүйе [89].

О.А.Анисимовтың еңбектерінде: *синергетика* («синергейя» - бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу) немесе «өзін-өзі дамыту теориясы», яғни өзін-өзі ұйымдастыратын механизмдердің жүзеге асуындағы нақты тәсілдемелерге ерекше көңіл бөлінеді және ұтымды әдістердің жүйе шеңберінің жиынтық әрекетін негіздеп береді [90].

Синергетика талдаулардан белгілі болып отырғандай, өзін-өзі ұйымдастыратын үрдістердің жүзеге асуының нақты тәсілдеріне көңіл бөледі, үрдістің интерсубъектілік кәсіби тұрғыдан ұйымдастырылуын тірек етеді. Осы орайда адам әрекетінің әртүрлі саласында оның өзін-өзі ұйымдастыруының көріністерінен байқауға болады және бұл жағдайда синергетикалық тұғыр маңызды орын алады.

Синергетикадағы негізгі ұғымдардың бірі – *бифуркация*. Латын тілінен аударғанда «екеу болу» немесе белгілі бір жүйелердің даму жолдарының екіге бөлінуі деген мағынаны береді. Педагогикада бифуркация ескі сапаның жаңа сапаға шығу үшін тармақталуы. Демек, бифуркация – ескі мен жаңаның түйісетін, жаңаның пайда болуының тұсы. Бұл болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының жаңа тұжырымдамалық негізін қалайды, яғни өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінде жиі кездесетін, таңдау жасауға алып келетін құбылыс.

В.Г.Будановтың еңбектерінде білім беру үрдісіне синергетиканы енгізу үш бағытта жүргізіледі деп қарастырылған. Атап айтсақ:

- орта мектеп пен ЖОО-ның ынтымақтастығында кіріктірілген білімді ұйымдастыру – бұл **білім үшін синергетика**;

- білім берудегі пәндер мазмұнына синергетиканың маңызын бейнелейтін материалдар, оның қалыптасуы, дамуы, қажеттілігін түсінуге жағдай жасау – бұл **білімдегі синергетика**;

- тұлғаның қалыптасуы мен дамуы үрдісін синергетикаландыру – бұл **білімнің синергетикасы** [91].

Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуында синергетикалық тұғырдың атқаратын функциялары:

- білім алушылардың *өзін-өзі дамыту қабілеттілігін* арттыру;
- шығармашылықпен *өзін-өзі дамыту стратегиясын* болжауға дағдыландыру;
- *өзін-өзі тұрақты жетілдіріп отыру* арқылы объектіден субъектіге айналу үдерісін ұйымдастыру.

Сонымен білімнің синергетикасы білім берудің байырғы үлгілерінен өзге, жаңа педагогикалық әлемді синергетикалық тұрғыдан қарастыратын, білім алушыларға өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың жаңа әдістерін меңгертуге бағытталған жаңа әдіснамасын жасауды алға шығарады.

Құзыреттілік тұғыр. Білім беру әдістемелерін таңдауда олардың жауапкершілігін қамтамасыз ететін педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің құзыреттілігін қалыптастыру, тіршілік әрекетінің барлық аспектілерінде өзін-өзі дамыту және олардың функционалдық сауаттылығы қазіргі ғылыми әдебиеттерде кеңінен талқылануда. *Құзыреттілік* – бұл жеке тұлғаның өзара байланысты сипаттамалары мен қасиеттерінің жиынтығы: ол адамның жеке тәжірибесінен, жинақталған *білімі мен дағдыларынан* тұрады. Бұл сипаттамалар белгілі бір білім саласына қолданылады және оларды кәсіби қызметте тиімді пайдалану үшін қажет. Құзыреттіліктің жалпыланған түсінігін адамның жинақталған білімдерін практикалық іс-әрекетте және стандартты емес жағдайларда қолдану қабілеті ретінде түсіндіруге болады. Тек білімнің

қолжетімділігі мен қолданылуына ғана емес, іс-әрекет аспектісіне де баса назар аударылады. Мазмұны бойынша кез-келген құзыреттілік күрделі, өйткені белгілі бір құзыреттілікке ие болу алынған теориялық білім көлемімен емес, қолданыстағы біріктіру арқылы қосымша шешімдерді іздеудің іс жүзінде қолданылатын әдістері жүйесімен анықталады (кесте 3) [92].

Кесте 3 - Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының әдіснамалық тұғырлары

Әдіснамалық тұғыр атауы	Кәсіби әлеуетті дамытудағы мәні, функциясы	Негізгі идеясы
1	2	3
Аксиологиялық тұғыр	Аксиологиялық тұғыр негізінде тұлға – қоғамның ең жоғарғы құндылығы, қоғамдық дамудың өзіндік мақсаты, сондықтан да оның ізгілік педагогика мәселелеріне тікелей қатысы жаңа білімдегі философияның негізі, жаңа педагогиканың әдіснамасы ретінде қарастырылады. ЖОО-ның білім сапасы мен білім алушылардың көркемдік тәрбиесі, оның кәсіби және шығармашылық қабілеттерін дамытуға құндылық қатынасы аспектілерінің үйлесуі	«Құндылық қатынас, ізгіліктік білім, көркем тәрбие».
Жүйелік тұғыр	Педагогикадағы жүйелік тұғыр терең құрылымдалған және бір-бірімен тығыз байланысты элементтердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Жүйеге кіру – білім жүйесіне кіруші компонент талапкер; жүйеден шығу – білім жүйесінен шығушы компонент студент-маман; ал жүйеге әсер етуші фактор – ЖОО-дағы педагогикалық үдеріс субъектілері, әлеуметтік орта т.б.	«Элементтердің жиынтығы».
Іс-әрекеттік тұғыр	Білім алушылардың жеке қасиеттері мен әмбебап оқу іс-әрекеттерінің қалыптасуына байланысты оқыту мен тәрбиелеудің негізгі нәтижелерін анықтау; тиісті пәндік салаларда маңызды білімге бағдарлана отырып, оқу пәндері мен жалпы білім беру мазмұнын құру; білім беру үшін әмбебап оқу іс-әрекеттерінің функцияларын, оның мазмұны мен құрылымын анықтау; әмбебап оқу іс-әрекеттерінің нақты түрлерін оңтайлы қалыптастыруға болатын оқу пәндерінің шеңберін анықтау; білім беру үдерісінің әр кезеңінде әмбебап оқу іс-әрекеттерінің қалыптасуын диагностикалау, тапсырмалар жүйесін әзірлеу және білім алушылардың әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етуде бағдарлауды ұйымдастыру.	«Тапсырмалар жүйесін әзірлеу».
Синергетикалық тұғыр	Синергетика («синергейя» - бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу) немесе «өзін-өзі дамыту теориясы», яғни өзін-өзі ұйымдастыратын механизмдердің жүзеге асуындағы нақты тәсілдемелерге ерекше көңіл бөлінеді және ұтымды әдістердің жүйе шеңберінің жиынтық әрекеті.	«Өзін-өзі дамыту», «үйрету арқылы үйрену».

3 - кестенің жалғасы

1	2	3
Құзыреттілік тұғыр	Құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның өзара байланысты сипаттамалары мен қасиеттерінің жиынтығы: ол адамның жеке тәжірибесінен, жинақталған білімі мен дағдыларынан тұрады	«Жеке тәжірибе жетістігі, білім, білік, дағды жиынтығы».

XX ғасырдың ортасында ғылыми айналымға Н.Хомский енгізген бұл ұғымның мәні жоғары. Құзыреттілік – «істі болу» әрекетіне деген қабілеттілікті білдіретін жалпы бағалау термині. Кімде-кім тәжірибені түсінікті меңгере алатын болса, нақты әрекеттер мен үдерісте тиімді өнім бере алуға мүмкіндігі жоғары деп Н.Хомский өз тұжырымын жасайды [93].

Құзыреттілік тұғыр негізін адамның жеке тұлғалық аспектілері, белгілі бір іс-әрекеттерге дайындығы, қалыптасқан құндылық бағдары құрайды. Аталмыш тұғыр бұл жеке құзыреттер спектріне бөлінетін адамның ажырамас сипаттамасы. Егер жалпы түрдегі құзыреттілік меншік немесе сапа ретінде анықталса, онда құзыреттілікті кәсіби қызметте көрінетін осы қасиетке ие деп санауға болады. Құзыретті кәсіби, жеке және басқа құзыреттердің белгілі бір жиынтығы бар маман деп атауға болады. Құзыреттіліктің маңызды сипаттамаларын талдау бойынша жалпыланған түрде кез-келген құзыреттілік үш компоненттен тұратындығын көрсетеді:

- білім алу тәсілдеріне қатысты **танымдық, интегративті және белсенді**, алынған білім негізінде дағдыларды қалыптастыру үдерісін және осы дағдыларды сәтті жүзеге асыру тәсілдерін анықтайды,

- білім мен дағдыларды басқа маңызды жүйелерге «аударуды» қамтамасыз етеді, бұл оларға **жаңа жағдайларға бейімделуге және жаңа жағдайларда кәсіби әрекет етуге** мүмкіндік береді;

- жеке тұлғаның бойында көрінетін **мотивтер мен құндылық бағдарларын** білдіретін жеке тұлғадағы құзыреттілікті іске асыру үдерісі болады.


Жоғарыда болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуындағы басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлардың мәні, атқаратын қызметі әдіснамалық ұстанымдарды жіктеп береді. Аксиологиялық тұғырға сәйкес таңдап алынатын *ізгіліктілік ұстаным* болады. Ал жүйелік тұғыр *даму ұстанымын* негіздесе, іс-әрекеттік тұғыр *танымдық ұстанымды*, синергетикалық тұғыр *субъектілік ұстанымын*, құзыреттілік тұғыр *жеке тұлғаның әлеуетін дамыту ұстанымын* реттейді.

Біз, басшылыққа алып отырған **ізгіліктілік, даму, танымдық, субъектілік, жеке тұлғаның әлеуетін дамыту ұстанымдарын** талдауды жөн көрдік.

Ізгіліктілік ұстанымы. Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуындағы ізгілік ұстанымы болашақ маманның өз өмірінің мәні мен түрін анықтауға құқы және міндеттемесі бар екенін танытатын демократиялық, этикалық өмірлік қағидаларды реттеуші тұрғысынан адамдарды сүю, жақсылық

жасау, жанашыр болу сезімдерінен тұрады. Адамның өзінің құндылығына, оның дамуындағы аса маңызды өзін-өзі жетілдіруде қарым-қатынастағы үйлесімділікке сай ізгіліктің болуын көздейді. Педагогикалық және психологиялық ғылыми білімдер тарапынан ізгіліктілік ұстанымы болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуын сүйемелдеуде үш бағытты болжайды:

- болашақ педагогтердің кәсіби жолда өмірлік қарама-қайшылықтарды өз бетінше шешудегі субъектілігі мен қабілеттерін мойындау;
- өмірлік жағдаяттарда немесе оқу-тәрбие үдерісінде өзінің ізгіліктілікті ұстану арқылы интеллектуалдық мүмкіндіктерін ашу;
- болашақ педагогтердің білім алу барысындағы өз мүмкіндіктерін ашуда жаңа баспалдақтарға көтерілу жағдаяттарын адамгершілікпен шешу т.б. (сурет 8) [94].



Сурет 8 - Ізгіліктілік ұстанымның болжамды бағыттары

Ізгіліктілік ұстанымдағы бағыттардың міндеті болашақ педагогтерді кәсіби-шығармашылық еңбекке, қоғам талаптары деңгейіне және өзінің жеткілікті нүктесіне дейін дамыту болады. Мұндағы ізгіліктілік міндеттер адамның өмірінің мәнді, мағыналы болып, өзін толыққанды іске асыруына ықпал ету болып табылады.

Даму ұстанымы. Бұл ұстанымның болашақ педагог мамандардың кәсіби әлеуетінің дамуында мәні жоғары, яғни мұнда тұлғаның ішкі шарттарын дамудың қозғаушы күштері ретінде қарастырып, ішкі әлемнің, ішкі уәждердің қозғалыс ырқымен сыртқы жағдайларға әсер етуі орын алады да ол шығармашылық жасампаздыққа ұласады. Соның нәтижесінде болашақ педагогтердің кәсіби өмірде, еңбекте туындаған мәселелерді шешу арқылы *дербес даму, құндылық, шығармашылық іс-әрекетте жарқ ету сипаты* көрініс береді, кәсіби әлеуетінің табысты жағдайда дамуын қамтамасыз етеді.

С.Л. Рубинштейн бойынша, «**даму** – жетілу, толығу, біртұтастыққа, жоғары деңгейге қарай жылжу» деп беріледі [95]. Ғалымның тұжырымдауымен келісе отырып, педагогтердің кәсіби жолда даму байланыстарын орнтау,

дамуындағы *ашылмаған мүмкіндіктердің дамуына жол ашу*, оны болашақпен байланыста қарастыру қажет деп қорытынды жасауға болады. Жалпы алғанда, даму ұстанымының мақсаты – болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуында олардағы дамудың жеке сипатын есепке алу, сол бойынша үдерісті ұйымдастыру.

Танымдық ұстаным. Танымдық психологияның ережелеріне негізделген және оқыту үдерісінде сана қағидасына, белгілі бір топтың студенттеріне тән әртүрлі танымдық стильдерді, олар қолданатын оқу стратегияларын ескеруге негізделген оқыту ұстанымы.

Н.М. Иргебаеваның зерттеулерінде: «...студенттердің кәсіби дамуының түрлі сатыларында кәсіби міндеттер атқарып, мотивациялары өзгерістерге ұшырап, танымдық мотивтері кәсіби мотивтерге трансформацияланады» деп қарастырады [96]. Автордың пікірінен, болашақ мамандардың қажеттіліктері мен кәсіби әлеуетін дамытудағы даярлықтары олардың даму қозғалыстарының бағыттарын айқындайтынын байқаймыз.


Бұл ұстанымды дамытушы Дж. Брунер ережелерге негіздейді:

1) тұлғадағы ойлауды дамыту **академиялық білімді**(тілдік, ақпараттық т.б.) меңгеру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Білім алу мен ондағы ережелерін қабылдау **механикалық жаттауға негізделмеуі** керек, болашақ педагогтің өз білімін өзі түсінікпен қабылдауы, тануы маңызды. Кез-келген білім алушы жеке бағдарларды жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалған кезде **зерттелетін құбылыстардың мәнін білудің** белсенді үдерісіне қатысуы керек;

2) студенттердің **жеке қызығушылықтары мен ерекшеліктерін** ескеру қажеттігіне сай олар оқыту үдерісінің белсенді қатысушылары болуы тиіс;

3) оқу үдерісі тек жеке ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік тұрғыдан да анықталады. Осыған байланысты студенттер мен оқытушылар **кәсіби диадада бір-бірін өзара тану және түсіну мен субъект-субъект ынтымақтастық** үдерісіне қатысады [97]. Сондықтан мұндағы Дж.Брунер ұсынған танымдық ұстанымның ережелерін субъектілік ұстанымы іс жүзінде толықтыра түседі.

Субъектілік ұстанымы. Болашақ маманның кәсіби шеберлігі, оның тұлға болып қалыптасуында ЖОО-да алған білімі мен кәсіби тәжірибесі аса маңызды. «Субъект» ұғымы (латынша -subiectum- бастаушы) - болмысты тану мен өзгертудің бастауы ретіндегі индивид немесе топ; **белсенді жеткізуші** деп аударылады. Субъектінің өз **«өмірлік кеңістігі»** болады. Ол тұлғаның әрекетінің қозғаушы күші болып табылатын мотивациялық құрылымына енетін ұмтылыстары, ниеттерінен тұрады (сурет 9) [98].



Сурет 9 - Субъектілік ұстанымның кезеңдері

Ғалымдар субъектіліктің пайда болу кезеңдері және оның жүру барысының нәтижелі болуы төмендегі мәселелерге байланысты екендігін анықтаған:

- адамның нәтижесінің әлі беймәлім әрекеттерді шешудегі жауапкершілікті өзіне ала білуі (*басталғалы тұрған істің субъектісі*);
- болашақтағы жүзеге асырудың әртүрлі нұсқаларын ойдан өткізу, күтілетін нәтиженің кейпіне өзінің қатысы мен оны орындауға қабілеттілігін анықтау (*мақсаткерліктегі субъектіліктің көрінуі*);
- өз еркі бойынша атқарылатын істе өзінің ашылуға тиісті мүмкіншіліктерін іске қосу (*«дәл қазір, осы жерде» жағдайында өзін субъект ретінде көрсете алуы*);
- істің аяқталуы жөнінде жауапкершілікпен шешімдер қабылдау; өзінің белсенділігі арқылы қол жеткен нәтижені мәнді жаңа құрылым ретінде сезіне отырып, оған баға беру (өзін жүзеге асқан істің субъектісі сезіну) (сурет 9).

Болашақ мұғалімнің кәсіби-тұлғалық дамуына ықпал ететін педагогикалық жағдайлар психологиялық-педагогикалық (кешенді диагностиканы, саралап консультация беруді, түзетуді, студентті психологиялық ағартуды қамтитын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге бағдарлану; әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету; валеологизация, оқыту процесін акпараттандыру, білім беру процесіне қатысушылар арасындағы субъектілік-субъектілік қатынастарды қамтамасыз ету) болып табылады; ұйымдастыру-әдістемелік (білім беру процесінің барлық субъектілерін дамытуға ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құру; болашақ педагогтың кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту бойынша озық тәжірибеге бағдарлау; педагогикалық құзыреттілікті арттыру); дидактикалық (оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерінің оңтайлы үйлесімі; жеке тұлғаға бағытталған оқытуды пайдалану) болып жіктеледі. Нағыз субъект өзі қатысқан іс-әрекеттің мотивтері мен мақсатын ұғынудан бастап нәтижесіне дейінгі құрылымына толықтай ие болады [99].

Жеке тұлғаның әлеуетін дамыту ұстанымы. Мұндағы «әлеует» (лат.potential) - *күш, қор, бастау, мүмкіндік* деген мағынаны білдіреді. Оны біз,

1.1 тараушада талдап өткен болатынбыз. Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытуда ең негізгі ұстанымдардың бірі болып саналады. Өйткені, зерттеулерге сүйенсек, бұл ұстаным арқылы білім алушылардағы аса байқала бермейтін, көбінесе көрінбеген, жасырын қабілетті айқыдау міндеті қойылады. Болашақ кәсіби маман және оның әлеуеттік мүмкіндіктерінің болашақтағы дамуының объективті заңдылықтарын көрсетеді. Осыдан барып болашақ педагогтің *«өзекті» және «әлеуетті» қабілет* түсінігі пайда болады. Бұл ұстаным әрбір адамның өзіндік дамуы мен келешекте кәсіби шығармашылыққа қол жеткізуіндегі жеке әлеуетін ашу мен дамытуға өз септігін тигізеді.

1.3 Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтің кәсіби әлеуеті дамуының құрылымдық-мазмұндық моделі

Қазіргі уақытта білімнің құнды капиталға айналуы – қоғамның өзгерісіне сай оның сұранысын қанағаттандыратын білім беру қажеттілігін өтеуде кәсіби қызметін заманауи талаптарға үйлесімді ұйымдастырып, өткізе алатын педагог маманның үлесі артуда. Біздің қоғамымыздағы білім беру жүйесінің жаңа сипатқа ие болуы болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметіне де қойылатын талаптарды күшейтті деуге болады. Мәселен, болашақ мұғалімнің немесе мектепте педагогикалық қызметте жұмыс жасайтын мұғалімнің жаңа жағдайға бейімделуін және кәсіби қызметтегі әлеуетінің жетік әрі оны әрдайым дамытып отыруға белсенділік танытып, ынталылықпен жұмыс жасайтын заманауи талаптарға үйлесімді педагогикалық үдерісті ұйымдастыра алатын кәсіби әлеуеті бар жеке тұлғаны қажет етуде.

Жаңартылған білім мазмұнына байланысты нормативтік-құқықтық база бойынша біршама өзгертулермен енгізілді. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген ЖББМЖМС білім алушылардың дайындық деңгейіне берілетін жалпы ережелердің бірі ретінде дескрипторлар (descriptors) «студенттердің жоғары оқу орнындағы білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламаларын аяқтағанда игеріп шығатын білім, білік, дағды және құзыретінің деңгейлері мен көлемінің сипаттамасы», - деп беріліп отыр [100].

ЖОО-да болашақ педагог мамандарды даярлауда көрсетілген талаптар ЖББМЖМС білім алушылардың дайындықтың бірінші деңгейіндегі дескрипторларында берілген (2.7):

- білім алушы өзіндік алған білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана алуы;
- өзіндік пайымдаулар жасауға қажетті ақпараттар мен интерпретациялауды іске асыру үшін әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескерудің қажеттігі;
- мамандарға және маман еместерге ақпаратты, идеяларды, проблемаларды және шешімдерді жеткізе білу қабілеттерінің болуын көздейді [101].

Жаңартылған білім мазмұнына көшудегі басты идея – үздік экономикалық білім беру мақсаттарын *«білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға»* өту арқылы шешуді көздейді.

Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу білім алуға конституциялық құқықтарды іске асыруды қамтамасыз ететін жағдайларды жасауға және білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерін көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталып отыр [102].

Еуропалық және әлемдік жүйедегі білім беруге қазақстандық білім жүйесі ықпалдасу арқылы дамуында төмендегідей негізгі басымдылықтарға ие болды:

1. Білім сапасын заманау талаптарға үйлесімді келетін бағытта арттыру - мемлекеттік тіл, жаратылыстану – математика ғылым бағытындағы пәндер, техникалық пәндерді, шет тілдерін *оқыту сапасын көтеру*.

2. Білімде *ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану, тәрбиелеу мен оқытудың жаңашыл тәсілдерін /технологияларды/ жасау және тарату, жаңашылдықтарды үдемелі дамытудағы ынталандыру*.

3. Білім берудің жаңаша сипатқа ие болуы, жұмыс орнын дайындауда нарықтағы кәсіби мамандар сұранысын анықтау мен оны қанағаттандыруда олардың арасындағы *өзара байланысты күшейту*.

4. Мұғалімнің кәсіби қызметтегі білігін арттыра отырып оқушылардың мектептегі деңгейлік кезеңдері бойынша оқушылардың *білімі мен біліктілігін жетілдіру*.

5. Қоғамдық ресурстарды және сондай-ақ, білімде *тиімді нәтижеге қол жеткізу* және табыс алу мен оны еселей түсу үшін инвестициялық қаражат қорын біріктіретін сектор аралық қатынастарды тиімді қолдану [103].

Осы орайда болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін жаңартылған білім мазмұны аясында дамытудың теориялық талдауларға, тұжырымдауларға сүйеніп, «қазіргі білім беру мазмұны аясындағы болашақ педагогтің моделін» келесідей сипаттауға болады.


Қазіргі білім беру мазмұны аясындағы болашақ педагогтің моделі келесідей:

- тәрбиелеу мен оқытудың жаңашыл тәсілдерін қарастыру, жинақтау: білім берудің жаңашыл тәсілдерін /технологиясын/ отандық оқыту жүйесіне икемдеп жетілдіру мен жасау, тәрбиелеу мен оқытудың жаңа іс-әрекеттерін белгілеуді меңгерген;

- оқушыларды жалпы дамытуда олардың білім алудағы дүниетанымдық және тәрбиелік болмысындағы қарым-қатынас іс-әрекеттерін бағалаудың диагностикалық әдіс-тәсілдерін біледі;

- педагогикалық үдерісті басқару мен өзін-өзі басқарудың жаңа менеджменттік жүйелерін құрастырады т.б.

- білім беру мазмұнын жаңарту: жаңа оқу бағдарламасын жасау, тәрбиелеу мен оқытудағы өзара қарым-қатынастағы белсенді әрекеттер, баламалы жаңа бағдарламалар – авторлық үздік бағдарламаларды құра алады (сурет 10).



Сурет 10 - Қазіргі білім беру мазмұны аясындағы болашақ педагогтің моделі

Болашақ педагогтің кәсіби іс-әрекетінде зерттеушілік, ізденушілік, шығармашылық, жеке ынталы-еріктік, жаңашылдық, мамандық бағыты бойынша білімі мен білігін арттыру т.б. даярлығының жетілуін педагогикалық тұрғыдан қарастыру арқылы, біз кәсіби қызмет әлеуетінің педагогика ғылымында қаншалықты мәні барын және оның алғы шарттары болатын мәселелерді қарастыруымыз қажет екендігі анық. Яғни, ендігі кезекте «шарт» ұғымының мәні мен мазмұнын ашып қарастырайық.

Шарт – объектінің өмір сүруі үшін немесе әрекет етудің керекті базасы, негізі ретінде орын алады. Педагогика ғылымында объективті және субъективті шарттар деп екі түрге бөліп қарастырады. Ал, философтардың шарттарды қарастыруларында оларда екіге бөледі, бірақ олар қажетті және жеткілікті деп береді. Түрлі оқиға салдарынан заттардың өзгеруіндегі әлемнің объективті құбылысын анықтап, қарастыруды - шарт деп айтуға болады [104].

«Шарт» ұғымына берілген көптеген анықтамаларды келесідей:

- *біріншіден*, бұл – белгілі заттың, дененің, өзін қоршаған ортаға, құбылыстарға қатынасын білдіретін философиялық ұғым. Яғни, дене, зат және олардың түрлі өзгеріске ұшырауы жағдайға /шартқа/ тәуелді. Шарт - ол денеге, затқа, үдеріске сырттай және іштей ықпал етеді, ықпал жасайтын орта ретінде мәнге ие болады;

- *екіншіден*, бұл - өзіне бір нәрселердің тәуелді жағдайы;

- *үшіншіден*, бұл - өмірдің, қоғамның қажеттілігіне орай қалыптасқан ережелер, ұстанымдар;

- *төртіншіден*, басшылыққа алынатын талаптар деп берілген нақтылауларға қарай топтастырамыз.

Ал педагогикалық үдерісте шарт – ол жеке тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру үшін белгілі мақсатқа бағытталған жүйелі тәрбие және білім

беру мен оқыту туралы мәселені ғылым аясында зерттейтін теориялық және тәжірибелік ғылымдардың жиыны ретінде қарастырылады. ЖОО-да педагогикалық мамандық бейініне қарай білім бағдарламалары бойынша оқыту мен тәрбиелеуде және болашақ мамандарды дамытудағы кәсібиліктің ішкі мазмұндық құрылымдары мен компоненттерін сапалы мамандар даярлауға бағыттау барысында енгізілген толықтырулар арқылы сапалы көрсеткішке бағдарлайтын құбылыс немесе ықпал жасаушы күш деп айтамыз [105].

Біз болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының **педагогикалық шарттарын** анықтауда, ең алдымен болашақ маманға қажетті сапаларды талдап өтуді жөн көрдік. Дегенмен, болашақ педагогтің жаңартылған білім мазмұны бойынша біліктілік алуы инновацияны жоғары деңгейде меңгеруін, әдістемеге бай қор жинауын, креативті болуын міндеттеп береді.

Ғылыми еңбектерге жасалған талдауымыздың нәтижесінде, инновациялық тәжірибені практикаға ендіруде болашақ педагогке қажетті білім мен біліктіліктің деңгейін анықтадық:

- педагогикалық іс-әрекеттің арнайы түрлерін ендіру бойынша **инновациялық білімі;**
- жаңаны зерттеушілік біліктілігі;
- практикада кездесетін инновациялық мәселелерді **ғылыми проблема түрінде қарастыра** алуы;
- қарастыратын инновациялық проблеманы шешудің өз тәжірибесінен алынған жолдарын көрсету (**идея, бағдарлама, әдістеме және т.б.**);
- педагогикалық **іс-әрекеттің жаңартылған жүйесін жасау;**
- қарастырылған мәселе бойынша мақсатқа бағытталған бақылау, **педагогикалық эксперимент** жүргізу;
- қажетті **инновациялық ақпараттарды таба алуы** пайдалана білуі.

Жаңашыл мұғалімдер жаңа идеяны ұсынады, олардың негізгі идеясы – кәсіби даму, яғни ұстаз бен шәкірттің қызметтестігін меңгеріп кәсіби жолда дамытып отыру. Қазіргі білім берудің жаңа мазмұны бойынша жаңашыл педагогтердің 10 идеясын ұсынып отырмыз:

- тұлғаға адамгершілік-ізгіліктік қатынас, әрбір оқушыны жеке тұлға деп карау;
- оқушының ішкі жан дүниесін, оның мақсат-мүддесін, ынтасын, қабілеттілігін, әлеуметтік жағдайларын танып білу;
- оқушылармен қарым-қатынасты дұрыс құра білу, оларды оқу-тәрбие үрдісінің әріптесі, субъектісі қылу, баланың тілегі мен ынта-ықыласын есепке ала отырып, танымдық іс-әрекетке араластыру;
- оқушыларға үлкен мақсаттар қоя білу оқушылардың сол мақсаттарға жете алу сенімін нығайту;
- балалар ұжымына сүйену, ұстаз бен оқушылардың ұжымдық шығармашылығы;
- оқушыларға, мүмкін болған кезде, тапсырмаларды еркін таңдау құқығын бере алу;

- бағдарламалық материалдарды ірі блоктарға біріктіру, тірек сызбалар мен тірек конспектілерін пайдалану;
- оқушыларды ұжымдық, даралық жағдайда өзін-өзі тани білуге үйрету;
- оқушыларды ұжымдық, қоғамдық шығармашылыққа үйрету;
- шығармашылық тұрғыда өзін-өзі басқару.

Жаңашыл педагогтердің осы идеяларын ынтымақтастық педагогикасына кіріктіруге болады.

Болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуетінің дамуының оқыту *қағидалары*: оқытудың ғылымилығы, түсініктілігі, жүйелілігі, саналылығы, реттілігі, көрнекілігі; студенттерді білімді белсенділікпен меңгерте отырып оқыту; болашақ мұғалімдерді тәрбиелеу және дамыта оқыту; студенттердің жеке ерекшелігін ескеру; логикалық ойлауды дамыту; оқытудың нәтижелілігі және студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; студент тұлғасының өзін-өзі іске асыруы және ұйымдастыруы; студент тұлғасының өзін-өзі дамытуы үшін психологиялық жағдай жасау; студенттердің оқытудың инновациялық түрлерін, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларын меңгеруі болады.

Болашақ педагогтің кәсіби әлеуетінің дамуының педагогикалық *шарттары*:

- *болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетін педагогикалық-психологиялық және әдістемелік пәндерді оқыту барысында дамыту;*
- *ЖОО-да оқу кезеңінде практикалық дайындықтың үздіксіздігі; «Педагогтің кәсіби әлеуетін дамыту» тақырыптарындағы арнайы курстар арқылы әдістемені ұйымдастыру;*
- *оқу үдерісін оқытудың белсенді әдістері мен технологиялары негізінде ұйымдастыру; кафедра ұжымының және профессор-оқытушылар құрамының студенттердің кәсіби әлеуетін дамытудағы траекториясы.*

Болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетін педагогикалық-психологиялық және әдістемелік пәндерді оқыту барысында дамыту педагогикалық шарты студенттердің кәсіби әлеуетін дамытудың инварианттық(болашақ қандай да болмасын пән мұғалімінің) және вариативтік (болашақ мұғалімінің) құрылымдық компоненттеріне сай ұйымдастырылады. Инварианттық құрылымдық компоненттерді жалпы болашақ мұғалім меңгеруге тиіс: *әдістемелік дайындықта* – оқушылардың сабаққа ынтыласын, қызығушылығын тудыра білуге дайындығы, оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдана білуге дайындығы, оқушылармен қарым-қатынас мәдениетіне дайындығы, оқушылар білімін тексеруге және бағалауға дайындығы, сабақтың тәрбиелік мақсатын жүзеге асыруға дайындығы жатады [106].

ЖОО-да оқу кезеңінде практикалық дайындықтың үздіксіздігі; «Педагогтің кәсіби әлеуетін дамыту» атты әдістемені ұйымдастыру бізге барлық пәннің теориялық мазмұнын меңгергендігі, мектептің тәжірибелі мұғалімдерінің іс-тәжірибесінен үйреніп, оны қолдана білуге дайындығы, сыныптарда оқытудың ерекшеліктеріне сай оқытудың әдістері мен құралдарын,

жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды іріктей және қолдана білуге дайындығы, оқушыларының жас ерекшеліктеріне орай зерттеушілік жұмыс ұйымдастыра білуге дайындығын меңгеріп шығуына мүмкіндік жасауға дайындығын міндеттейді.

Оқу үдерісін оқытудың белсенді әдістері мен технологиялары негізінде ұйымдастыру; кафедра ұжымының және профессор-оқытушылар құрамының студенттердің кәсіби әлеуетін дамытудағы траекториясы - табысты мұғалім өз қызметіне дайындайды, сабақ кезінде қателіктердің себептері мен салдарын көреді, оларды жою туралы түсінікке ие; педагогикалық жағдайға ие және оның өзгеруін болжай алады.

Осыған байланысты болашақ педагогтің кәсіби әлеуетін дамыту мәселесі өзекті болып, білім беру парадигмасын, білім беру жүйесін және оның нормативтік базасын, оқыту мен тәрбиелеуде қолданылатын білім беру мазмұны мен әдіснамасын өзгертуге болады. Алайда, білім беру сапасын дамыту, сайып келгенде, күнделікті білім беру қызметінде «ғылыми тұжырымдамаларды» қалай іске асыратындығымен анықталатын болады.

Сондықтан елімізде білім беру мазмұнын жаңарту шарттарына сәйкес педагогтердің кәсіби әлеуетінің мазмұнына өз кезегінде жоғары талаптар қойылады. Бүгінгі таңда педагог қазақстандық орта білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеудің жаңа модельдерін пайдалануды жүзеге асырып қана қоймай, сондай-ақ «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-модератор», «педагог-шебер» санаттарын алу үшін Ұлттық аттестаттаудың жаңа жүйесі бойынша талаптарға сәйкестігіне өз біліктілігін растауы қажет [107].

Прогрессивті идеялардың көпшілігі педагогикалық инновацияны белгілі дәрежеде тереңдетіп, енгізе алады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибенің кеңейтілген құрылымын М.Ф.Харламов береді. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе генезисін әр кезеңдердің бірлігіне байланысты сипаттайды:

Бірінші кезең - педагогикалық іскерлік (теориялық, практикалық даярлығы).

Екінші кезең - педагогикалық шеберлік (мұғалімнің гуманистік бағыттылығы, педагогикалық қабілеттері, педагогикалық техникасы).

Үшінші кезең - педагогикалық шығармашылық (оқу-тәрбие жұмысының тәсілінің түр өзгерісі, олардың модернизациясы).

Төртінші кезең - жаңашылдық кезеңі (оқыту үрдісіндегі жаңа прогрессивті идеяларды ұсыну мен жүзеге асыру).

И.Ф. Харламов педагогикалық шығармашылық пен жаңашылдық түсініктерінің ерекшеліктерін саралап көрсетеді [108].

Шығармашылық жалпы ақыл-ойдан өзгеше, еркін әрі тәуелсіз бастамалықтан шығады, бірақ, өзінің жүру барысында арнайы мақсаттылықты көздеген бағыттылықты басшылыққа алады және сапалық әрекетті беретін жеке адамға тән ішкі әрі сыртқы құбылыс болып табылады (кесте 4).

Кесте 4 – Педагог әлеуетінің бөлігі шығармашылыққа қатысты көрініс

Зерттелу жолдары	Жалпы сипаттамасы	Зерттеуші авторлар
Тиесілі шығармашылық қабілеттері жоқ	Іс-әрекеттегі шешуші мәні себеп-салдарлық мотивация, құндылықтарға, белсенділік, көкейкесті мәселеге қатысты сезімталдық, танымдық дарындылық және т.б. сияқты жеке сипаттамалар жатады.	А. Танненбаум А. Олох Д.Б. Богоявленская А. Маслоу К. Спирмен және т.б.
Шығармашылдық пензияткерлікке тәуелсіз фактор	Шығармашылықтағы жан-жақты және терең танымдық қабілеттері, кемшіліктері - білімнің саяздығы арқылы орын алатын олқылықтары, үйлесімсіздікті сәйкессіздік ретінде қарастырып қабылдау түсінігі. Шығармашылық түйсікпен байланысты және ұтымды үдеріске қарсы. Бұл тәсіл шеңберіндегі ең дамыған тұжырымдама-бұл «зияткерлік шек теориясы», оның мәні. Шығармашылық пен ақыл-ойдың өзара шектік деңгейдегі байланысы және бұнда шығармашылық тәуелсіз айнымалы болып саналады	Дж. Гилфорд К. Тейлор Г. Груббер Я.А. Пономарев В.Н. Дружинин Э. Торренс Ф. Бэррон С. Медник А. Кроплей және т.б.
Зияткерлік дамуы және шығармашылық қабілеттердің жоғары және төменгі деңгейі	Психикалық белсенділік зияткерліктің нақты формасы, бірақ, шығармашылық үдеріс жоқ. Шығармашылық - бұл жалпы ақыл-ой дарындылығының құрамдас бөлігі. Танымдық үдеріс алдыңғы игерген білімге негізделеді және тапсырманың талаптарына сәйкес оларды өзгертуге ықпал жасайды	Д. Векслер Р. Уайзберг Г. Айзенк Л. Термен, Р. Стернберг және т.б.
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [100, 101]		

Біз мұғалімінің кәсіби әлеуетінің дамуының моделін түзу барысында педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі ғылыми зерттеулерді зерделеу негізінде модель ұғымының мәнін анықтауды жөн көрдік.

Модельдеу ғылыми таным әдісі ретінде объекті дамуының соңғы нәтижесін көруге мүмкіндік береді. Модельдеу – зерттеу әдісі, жобалау, конструкциялау ретінде ғылымда кең қолданыс тапты. Модельдеу – көбінесе қандай да бір құбылысты, үдерісті немесе объектілер тұрғызу арқылы және олардың модельдерін оқып үйрену арқылы зерттеу болып табылады [109].

Психологиялық сөздікте «модель» - оқу әрекетін модельдеу деген ұғымды білдіреді [110]. Оқу әрекетін модельдеу екі аспектіден тұрады: *Біріншісі* – оқу үдерісіндегі білімді меңгеру болса, *екіншісі* – оқудағы іс-әрекет элементінен тұрады.

Модельдеуді психологиялық бағыт білім жүйесіне енгізу болса, екіншіде – модельдеудің формасын, әдісін қолданылатын әрекетінің ерекшелігін білімгерлердің икемділігіне қарай бағыттауды көрсетеді. Модельдеу – бұл теориялық танымның маңызды категорияларының бірі, теориялық деңгейде – ассоциациялар, түрлі белгілер, абстрактілік модельдер, эксперименталдық

деңгейде – пәндік модельдер қолданылатын үдерістер мен құбылыстарды зерттеудің жанама әдісі, сондықтан педагогикалық зерттеулерде модельді құру және оны қолдану кеңінен пайдаланылуда. Модельдеу әдісі интербелсенді болып табылады, өйткені педагогикалық зерттеулерде эмпирикалық және теориялық әдістерді біріктіруге мүмкіндік береді. Педагогикада оқу материалының құрылымын оңтайландыру, оқу үрдісін жоспарлауды жақсарту, танымдық әрекетті басқару, оқу-тәрбие үрдісін басқару, диагностика, болжам жасау, оқытуды жобалау сияқты міндеттерді шешуде қолданылады [111].

Педагогикалық сөздікте «модель (лат. *modulus* – үлгі, өлшем) – нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдарының бірі (шартты бейне, схема т.б.) –деп анықтама берілген» [112].

Педагогикалық әдебиеттерде модель ұғымына шетелдік және қазақстандық ғалымдар А.И. Бочкин, А.Г. Гейн, А.М. Новиков, Г.Қ. Нұрғалиева, В.В. Подласый, А.П. Сейтешов, А.Ф. Федотов, В.А. Штофф, И.С. Якиманская және Н.Д. Хмель және т.б. әртүрлі сипаттама берген. Мысалы, Н.Д. Хмель нақты объектінің немесе үдерістің қарапайымдандырылған үлгісі. Болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды мотивациялық, мазмұндық, әрекеттік, процессуалдық аспектілерінен тұратын модельдерді ұсынады [113]. Г.Қ. Нұрғалиева болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды, мектептегі оқу-тәрбие мәселелерін танымдық, мотивациялық-қажеттілік, әрекеттік-мінез-құлықтық құрылымдық компоненттер тұрғысынан талдады [114]. И.П. Подласый ғылыми модель – зерттеу объектісін қамтып, оны ойша елестететін немесе материалдық жағынан жүзеге асыратын жүйе. Педагогикалық модель оқу-тәрбие мақсатын, мазмұнын, формасын, әдісін, басқару жолдарын анықтаса, ғылыми негізделген модель тұтас педагогикалық үдерісті немесе оның бір бөлігін ұйымдастыру және қызмет ету жолдарын анықтайды деп есептеді [115].

Н.Д. Хмель модельдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі деп есептейді, яғни, зерттеуші ұстаз үшін моделдеу зерттелінетін құбылыстың идеалдық моделін қайта жасаудың тәсілі болады. Практик ұстаз үшін моделдеу іс-әрекетінің мақсатына сәйкес оның жағдайын ұстаз өзгерткісі келетін белгілі бір педагогикалық құбылысты немесе үдерісті тұтасымен ойша (алдынала) қайта құру тәсілі болады. Басқаша айтқанда, моделдеу ұстаз үшін педагогикалық теория мен нақтылы практикалық іс-әрекет арасындағы бөлік болады [116].

Осы орайда болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуы бойынша негізгі ғылыми көзқарастарды тұжырымдап, негіздеп, оның құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды.

Зерттеу міндеттерін шешуде дайындалған құрылымдық-мазмұндық модельдің мақсаты – болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының тұжырымдамалық негізін, компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін, құралдары мен әдістерін, күтілетін нәтижесін ұсыну.

Кәсіби-педагогикалық мақсат пен міндеттердің мазмұны мен нормативтік көлемі педагогикалық жоғары оқу орнындағы дайындыққа қойылатын талаптар

мен жоғары оқу орнынан кейінгі қызмет деңгейіне байланысты анықталады. Педагогтің дайындығы пән бойынша алатын білім, білік, дағдыдан, арнайы қабілет пен жеке бас сапасын (интеллектіні, мінез-құлық, темперамент, психика) дамытудан, жалпы білімділік пен икемділік (бейімделу мүмкіндіктері, қарым-қатынас сапалары), сонымен қатар оқушының болашақ педагогикалық мамандыққа оқуға, педагогтік кәсіби қызметке деген көзқарасынан, қызығушылығы мен ынтасынан тұрады.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, қоғамның және студенттердің жеке ынтасы мен қызығушылығының үйлесімі мұғалімді кәсіби дайындаудың төмендегідей мақсаттары мен міндеттерін айқындайтынын байқадық:

1. Кәсіби маман дайындауда жоғары пәндік, педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік деңгейге жетудің критерийлері:

- пәндерге байланысты базалық білім деңгейінің болуы (кәсіби деңгей);
- мамандыққа байланысты арнайы пәндерден академиялық білім деңгейінің болуы (іргелі білім деңгейі);
- бастауышта оқылатын әр пәнді оқытуға қызығушылығының болуы (танымдық қызығушылық);
- әдістемелік және технологиялық біліктерінің базалық деңгейі.

2. Педагогикалық үдеріс барысында бастауыш сынып мұғалімінің ұстаздық мамандыққа бейім тұлғасын қалыптастыру:

- бейімделу мүмкіндіктері (өзін-өзі кәсіби бағалау, қобалжу т.б.)
- қарым-қатынас, тіл табысу қасиеті;
- педагогикалық бағыттылығы, ынтасы, қызығушылығы;
- жалпы білім, білік, дағдысының даму деңгейі.

3. Шығармашылық белсенділігін қалыптастыру:

- мәселені шешуде қалыптан тыс тәсілдерді қолдана білуі;
- мәліметтер жинау (портфолио), ілгері жылжу және болжамды тексеру, нәтиже (рефлексия);
- ғылыми ойлау амалдарын қалыптастыратын оқу және зерттеушілік сипаттағы міндеттер тізбегі (анализ, синтез, модельдеу, фондық көрнекілік т.б.).

4. Кәсіби тұлғалық қасиеттерін дамыту:

- педагогикалық шеберлік;
- математикалық ойлау;
- қабылдау, ойлау, ес, сөйлеу, өзінің іс-әрекетіне өзі талдау жасау сияқты психиканың функционалдық тетіктері;
- ерік, жігер, темперамент, мінез, қабілет.

5. Оқуға психологиялық, педагогикалық, технологиялық тұрғыда жағдай жасау (тұлғалық-бағдарлы педагогика)

Мұғалімін кәсіби дайындаудың әр компоненті біртұтас педагогикалық үдеріс шеңберінде кәсіби дайындықтың сапасын бағалайтын өлшемдер мен эталондар, критерийлер сияқты базалық сипаттарының жиынтығымен айқындалуы керек.

Мектептегі оқыту сатылық кезеңдерінде қоршаған орта: табиғат, адам және оның еңбегі туралы алғашқы түсініктер қалыптастыруға бағытталады және мектепте қалыптастырылатын құзыреттіліктер: білімді меңгеруге қабілеттілік, болашақ мамандығына және әлеуметтің даму деңгейіне сәйкес болуына қажетті білік, дағды игеру.

Білімді тиімді меңгерудің және құзыретті тұлға қалыптастырудың басты шарты – білім беру мақсатымен тең және түйінді құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған білім беру технологиялары, сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінен тұлғалық-бағдарлы білім беруді қамтамасыз ететін технологияларды меңгеру талап етіледі. Біз жоғарыдағы талдауларды болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауда негізге алатын боламыз.

Ең алдымен, болашақ педагогтердің құрылымы мен мазмұнындағы моделі мынадай ерекшеліктермен сипатталатындығын атап айтсақ:

- *біріншіден*, модель қасиеттер мен сипаттамалардың қарапайым жиынтығы ретінде емес педагог-психолог мамандығы – тұлғаға негізделген, бірақ логикалық орталығы мен негізі оның әлеуметтік және кәсіби ұстанымын құрайтын **мотивациялық-мазмұндық** болып табылатын тұтас динамикалық білім.

- *екіншіден*, бүгінде жоғары оқу орнында білім беру жағдайында педагог кадрларды даярлауды жетілдіру туралы мәселе көтерілген кезде психологиялық-педагогикалық және әдістемелік пәндер, педагогикалық практика бойынша аса мән беру айтылады. Бұл оқу пәндерінің мазмұны мен оқыту әдістемесі мұғалімнің кәсіби дайындығына бағытталуы керек дегенді білдіреді. Оқыту әдістері көбінесе сабақта оқытылатын пәннің мазмұнын қалай жеткізуге бағытталған. Мұғалімнің іс-әрекетінің ерекшелігіне бағдарланудың болмауы студенттердің қалыптасқан оқыту әдістерінің нәтижесінде педагогикалық ойлау төмен қалыптасатындығына әкеледі. Сондықтан бұл ретте студенттердің танымының жоғары болуы, іс-әрекетке жүйелі кірісуі маңызды. Ал мұнда өз кезегінде болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының **танымдық-іс-әрекеттік** динамикасы жүзеге асады.

- *үшіншіден*, танымдық үрдістерді жүзеге асыруда рефлексияның маңызының бар екендігіне мән беріп, болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуында кәсіби қызметіне сын көзбен қарап, оны бағалауға, рефлексия жасауға қабілеттерін арттыру көзделеді. Педагогикалық әрекеттегі өзін-өзі рефлексиялауды қазіргі таңда педагогтің шығармашылық әрекетінің контекстінде қарастыра отырып, оның негізі тұлғаның өзін өмір сүру әрекетінің субъектісі ретінде танып, өзін-өзі басқара алуы деп түсіндіреді, яғни болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының **рефлексиялық-бағалаушылық** тұрғыдағы сипатын ашуға негіз болады. Сонымен қатар болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының компоненттерін, өлшемдерін және көрсеткіштерін, осыған сәйкес жоғары, орта, төмен деңгейлерін анықтап, құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауға мүмкіндік береді (кесте 5).

Кесте 5 – Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық-мазмұндық	Кәсіби мамандығына мотивациялық-құндылық қатынасы	- болашақ кәсіби мамандығына қызығушылықтың болуы; - жаңартылған білім мазмұны бойынша берілетін білім мен біліктің ғылыми-педагогикалық маңызы мен қажеттілігін түсіну.
Танымдық-іс-әрекеттік	Кәсіби теориялық білімдері мен біліктерінің іс-әрекеттегі көрінісі	- жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жүйелі білімі; - жаңартылған білімнің педагогикалық тәсілдемелері бойынша әдістемесін игеру білігі; - кәсіби-шығармашылық әрекеттерді ассоциациялау іскерлігі.
Рефлексиялық-бағалаушылық	Кәсіби әлеуетті дамытудағы өзін-өзі білімдендіру шеберлігі	- кәсіби даярлығына сай өз әрекетін зерттей алуы; - кәсіби білім алуда жаңа теория құра алады және ұсынады; - өзін-өзі дамытуы.

Қазіргі кездегі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде тұлғаға жекелеген психикалық үдерістердің жиынтығынан ғана емес, өзара байланысты сапалар мен элементтер жиынынан тұратын тұтас жүйелі-құрылымдық тұрғысынан қарау басымдық алып отыр.

Т.М. Сорокина өз зерттеулерінде мұғалім құзыреттілігі ұғымын оның кәсіби дайындығының динамикалық, процессуалдық, кәсіби өсу, өзгеру сипатын мотивациялық және әрекеттік тұрғыдан қарастырады [117].

Мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің ерекшелігі – көппәнділік. Оның маңызды сипаты: гуманистік педагогикалық көзқарастың ерекшелігінде; мұғалімнің педагогикалық ойлауы арқылы жүзеге асатын кәсіби интегративтік білім мен дағды жүйесінде көрінетін «балаға бағыттылық» болып табылады.

Сонымен, қарастырып отырған проблема жоғары педагогикалық білім беруде қазіргі кезде қойылып отырған талаптарға сай негізгі кәсіби - дидактикалық құзыреттіліктерді студенттер бойына қалыптастыру мен осы проблеманы шешу үшін педагогика ғылымының әдіснамасына, теориясына және практикасына құзыреттілік тұрғысынан келудің қажеттілігін көрсетеді.

Болашақ мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін мұғалімнің кәсіби-педагогикалық әлеуетінің негізгі құраушысы ретінде қарастырған дұрыс. Мұғалімінің ерекшелігіне байланысты ол оқытылатын барлық пәннің теориялық мазмұнын жетік біліп, кәсіби-педагогикалық әлеуеті бола тұра, оны оқушыларға жеткізе алатын дидактикалық құзыреттілігі болмаса, ондай мұғалімнің еңбегі нәтижелі бола алмайды. Олай болса, кәсіби-дидактикалық құзыреттілік кәсіби-педагогикалық әлеуеттің негізгі өзегі.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, құзыреттіліктің құрамы

төмендегідей: кәсіби дайындықтың әдіснамалық бағыттылығы; қоғамдық саяси пәндердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығы; психологиялық – педагогикалық дайындықтың бағыттылығы; математикалық дайындықтың кәсіби бағыттылығы; әдістемелік дайындықтың ғылыми-теориялық және практикалық бағыттылығы; студенттердің үздіксіз педагогикалық практикасының ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеру; мамандарды дайындауда тұлғалық-әрекеттік тұғырды жүзеге асыру; болашақ мамандарды қазіргі педагогикалық және ақпараттық технологиямен қаруландыру; студенттердің үздіксіз компьютерлік дайындығын жүзеге асыру; оқу-ғылыми-өндірістік-педагогикалық кешен жасау [118].

Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық әлеуетін өлшеу мәселесі оның қалыптасуының өлшемдері (критерий) мен деңгейлеріне байланысты. Өлшем – бұл бағалау, пікір білдіру негізінде анықталатын белгі.


Осының негізінде біз ғалымдардың (И.Ф.Исаев және т.б.) еңбектеріне сүйене отырып, болашақ мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің төменгі, орта, жеткілікті және жоғары деңгейлерін анықтауға мүмкіндік алдық.

Төменгі деңгей (бейімделу) – әлеует туралы түсініктері таяз, кәсібилікке талпынысы жеткіліксіз, өз бетімен ізденуге, білімін көтеруге ықтиярсыз, дидактикалық біліктілігі, өз қызметінің нәтижелерін саралау, баға беру деңгейі төмен, адамдармен тіл табысуға, білім, білік, дағдыларды игеруге құлықты емес.

Орта деңгей (репродуктивтік) – кәсіби әлеуеті жайлы білімдері, қызығушылықтары бар, бірақ тұрақты емес, кәсіби құзыретті мұғалім болудың қажеттілігін сезінеді, дидактикалық біліктілігі болғанмен, оны іс жүзінде қолдануы нашар, көмек қажет етеді, оқытудың жаңа технологияларын қолдануға ұмтылады, бірақ жүйелі емес, өзінің кәсіби әрекетіне баға беріп отыруды дағдыға айналдырмаған, ұжымда жұмыс жасай алады, бірақ үнемі еркін қарым-қатынасқа түсе алмайды.

Жоғары деңгей (креативтік) – кәсіби әлеуетіне деген қызығушылығы тұрақты, оны өзінің кәсіби іс-әрекетінің мәні деп есептейді, білік пен дағдыларды игеруге қызығушылықтары жоғары. Педагогикалық қызметте кәсіби-дидактикалық құзыреттіліктің қажеттілігін саналы түрде түсінеді. Проблеманың шешімін табу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасқан, сабақтарды жобалай біледі, ұйымдастыра алады және оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолданып өткізе алады, адамдармен тез тіл табысады, ұжымда, әлеуметтік ортада беделді.

Ұсынылған модель бойынша болашақ мұғалімдерінің қызметіндегі кәсіби әлеуетін дамыту үдерісінде студенттермен төмендегі іс-әрекеттер жүргізілді: жаңашылдық әдістерді, құралдарды, қазіргі технологияларды қолдана отырып, сапалы білім беру; педагогикалық қызметке, іс-әрекетке ынталандыру; өзін-өзі тұлғалық және кәсіби дамыту, өзін-өзі жетілдіруге дағдыландыру; кәсіби-дидактикалық және тұлғалық даму мен жаңа технологияларды меңгеруді байланыстыруды (сурет 11).



Сурет 11 - Болашақ педагогтің кәсіби әлеуетінің дамуының құрылымдық-мазмұндық моделі

педагогикалық, психологиялық диагностика әдістерін меңгеруді үйрету; педагогикалық үдерісті жобалай білу және ұйымдастыру біліктілігін қалыптастыру; студенттерге кәсіби-дидактикалық тәжірибе жинау үшін оқу-тәрбие үдерісінде оқудың жаңа технологияларын қолдана отырып сабақты ұйымдастыру; кәсіби-дидактикалық құзыреттілік қалыптастыруды оқытылатын пәндердің әдістемелерімен жүйелі байланыстыра жүргізуге машықтандыру.

Кәсіби әлеуетін жүйелі түсінуден, оның құрылымдық және функционалдық құрылымдық құрамаларын айқындай білуден, құзыреттілікті педагогикалық құндылықтар мен шығармашылықты меңгеру нәтижесі ретінде түйсінуден, өзін-өзі кәсіби-шығармашылықпен жүзеге асыру технологияларын меңгеру дәрежесімен айқындалады.

Педагогикалық білім беру теория мен практикасында өлшемдерді анықтау мен негіздеудің тұлғаны қалыптастырудың негізгі заңдылықтарын айқындауға тиісті жалпы талаптары бар. Өлшемдердің көмегімен зерттеліп отырған жүйенің компоненттерінің арасындағы байланыстар тағайындалуы керек.

И.Ф. Исаев осы айтылған талаптарды кәсіби-педагогикалық мәдениеттің ерекшелігін бейнелейтін төмендегі талаптармен толықтыру керек деп есептейді: 1) өлшем сапалы белгілер (көрсеткіштер) арқылы ашылуы керек; 2) өлшем өлшеніп отырған сапаның динамикасын уақтылы және мәдени-педагогикалық кеңістікте бейнелеу керек; 3) өлшем педагогикалық қызметтің негізгі түрлерін қамтуы керек [119].

Зерттеу барысында ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу мен кәсіби дайындықтың моделін жасау жолдарына жүргізілген талдау бізге болашақ мұғалімнің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің құрамындағы сапа мен қабілеттерді әдіснамалық, теориялық, әдістемелік, технологиялық негізгі төрт құрылымдық компоненттерге топтауға және олардың өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік жасады. Мектеп мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің өлшемдері мен көрсеткіштерінің сипаттамасы 11-суретте келтірілді.

Қарастырылып отырған болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетін қалыптастыру құрылымдық компоненттері өзара бір-бірімен тығыз байланысты және аталған дайындықтың нақты құрылымын түзеді.

Мұндағы құрылымдық компоненттердің алынған өлшемдер (мотивациялық-мазмұндық, танымдық-іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық) бойынша көрсеткіштерін біз дидактикалық біліктіліктің бес компонентіне (білім, білік, дағды, тәжірибе және қабілет) сүйене отырып дайындадық.

Әдіснамалық құрылымдық құрама болашақ мұғалімнің әдіснамалық білімге ынтасы мен қызығушылығын, әдіснамалық тұғырларды, білімдерінің мазмұндық деңгейін, оны өз тәжірибесінде қолдана білуі мен өзінің әдіснамалық білім, білік, дағды, қабілет және тәжірибесінде және өзінің әдіснамалық білім мен білігін бағалай білуінен көрінеді.

Теориялық құрылымдық құрама кәсіби әлеуетінің дамуына негіз болатын теориялар мен оқытылатын пәндердің мазмұнына ынтасын, қызығушылығын,

олар туралы білімдер жүйесін, оларды жүзеге асырудағы біліктілігін, дағдысы мен тәжірибесімен және теориялық білім, біліктеріне рефлексия жасай білуімен сипатталады.

Компоненттер білім берудің мемлекеттік стандартындағы пәндерді оқытудың әдіс-тәсілдерін білуге ұмтылысы, өзінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ынтасы, дидактикалық біліктер туралы білімдер жүйесі және оларды практикада қолдана білу және әдістемелік білім, білік, дағдыларын іс-тәжірибеде қолдануын бағалау деңгейінен көрінеді.

2 ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІНІҢ ДАМУЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының диагностикасы

Жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісінде кәсіби даярлау жұмысы бірнеше параметрді қамтиды. Атап айтсақ, біріншіден, белгілі кәсіби даярлықтың негізін қалайтын *ғылым немесе ғылымдар бойынша білімі*. Келесі, алған білімін *тәжірибеде сол алған білімдерін қолдану біліктілігі мен дағдысы* қалыптасады. Мұндағы бірінші параметрде болашақ педагогтердің кәсіби даярлану жағдайындағы жауапты ғылымдар ретінде философия (диалектика т.б.), психология (жас ерекшелік психологиясы т.б.), педагогика (жоғары мектеп педагогикасы, дидактика т.б.) жолға қойылады. Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуында диалектикалық ойлау тұрғысынан білімі қалыптасады. Ал екінші параметр бойынша болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту ісінде алған білімдерін тәжірибеде тұлғаға бағдарлап алуы үшін практикада қалыптасатын біліктері мен дағдылары жоғары деңгейде болуы шарт. Осы орайда болашақ мамандарды кәсіби даярлауда *субъект-субъект диадасы, субъект-субъект-субъект триадасы* арқылы педагогикалық эксперимент жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік алады.

Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының диагностикасын жүргізбес бұрын, кәсіби әлеуетті реттеуші категория ретінде кәсіби даярлық, дидактикалық даярлықтың мәнін сипаттап өтуді жөн санаймыз. Кәсіби даярлық өзін-өзі кәсіби анықтау, өз кәсібіне сүйіспеншілік, мамандықты қолдауы, мамандықтың негізгі атрибуттарын меңгеруге тырысуы т.б әрекеттерде қолдау табатыны белгілі.

Өзін-өзі кәсіби анықтау көптеген сатылардан өтеді. Адамның кәсіби анықталу сатыларын әр психолог әр түрлі кезеңдерге бөледі. Мәселен, американдық психолог Д. Сьюпер адамның кәсіби жолының кейбір өзіне тән сатыларын бөліп қарастырады. Оны ең бірінші адамның өзінің икемділігі мен қабілетін анықтау және соған сәйкес мамандықты іздеуі қызықтырған [120].

Р. Хейвигхерст кәсіби анықталу кезеңдерінде адамның міндеттерін толық атқаруда, жарамды жұмыс істеуге даярлығында адамның бағдарлануына және еңбек дағдыларына басты назар аударған. Р. Хейсвигхерст бойынша кәсіби даму сатылары: **оптант, адепт, адаптант, интервал, шебер, авторитет, ұстаз**. Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының өзі тұлғаның кәсіби ниетінің қалыптасуынан, яғни оптация сатысынан бастау алады. Себебі, педагог мамандығына ниеттің болмауы, болашақ маманның кәсібіне деген мотивациясын түгелдей жоққа шығарады. Ондай жағдайда әлсіз маманның даярлану қаупі туындайды [121].

Тұлға теориясының негізін қалаған ғалым Л.С. Выготскийдің еңбектерінде: «...кәсіби дайындықты – педагогикалық қызметке бағытталған дайындық кезеңінде пайда болатын болашақ педагогтың санасын, оның болатын *қызметке қатынасын анықтаушы жаңа құрылымдар*. Дайындық – кәсіби функцияларды орындауға *бағытталу механизмін*, педагогтың болатын

қызмет барысына нақты бағытталуын білдіреді» деп нақтылайды. Зерттеушінің пікірінен, болашақ мамандардың кәсіби қызметке дайындығы мамандыққа енуді, кәсіби білім стандарттарын, яғни нормаға, технологияландыруға жататындардың барлығын меңгеріп қана қоймай, оны тәжірибеде пайдалануға білігі мен дағдысы болған жағдайда өз кәсібіне даярлығы бар деп саналатындығын пайымдауға болады [122].

В.А. Сластениннің зерттеуінде: «Кәсіби даярлық – педагогикалық қызметтің функционалдық құрылымы арқылы берілетін, *кәсіби функциясын, кәсіби қызметін* орындау үшін қажетті практикалық және теориялық *дайындық бірлігі*» деп айтылады. Автордың көзқарасы кәсіби даярлықты біліктілік шеше алады деп есептейді. Себебі біздің түсінуіміз бойынша, болашақ мамандарда дағдыдан гөрі біліктілік саналы түрде шығармашылыққа, сыни ойлауға ауысу мүмкіндігіне ие. Дегенмен де, кәсіби даярлық білім, білік, дағдылардың негізінде практикалық тәжірибе арқылы жүзеге асады. В.А. Сластениннің пікірінде, практикалық біліктілік – кенеттен болған жағдайдағы педагогикалық тапсырмаларды орындауға бағытталған *педагогикалық әрекеттер жүйесі* деп көрсетіліп отыр [123].

Т.С. Сабыровтың ірі еңбектерінің ішінде «Мұғалімдердің дидактикалық даярлығын жетілдіру жолдары» атты монографиясы 1995 жылы жарық көрді. Аталмыш еңбегінде ол, жоғары мектеп дидактикасының маңызды мәселелерін алға тартады. «...*Дидактикалық дайындық – кәсіби-педагогикалық даярлықтың негізгі және маңызды саласы*». Ғалым: «... *педагогикалық қызметті атқаруға қажет мұғалімнің бойында мынандай дидактикалық қабілеттер болуы керек: оқыту процесін жоспарлай білуі, оны мақсатты түрде ұйымдастыра алуы, жүйелі түрде бақылау мен бағалау ісін орындап отыруы*» - деп көрсетеді. Автордың бұл педагогикалық идеясы бүгінгі таңда болашақ педагогтердің тұлғасына бағытталған білім алуға негіз бола алатындай университет оқытушылары мен білім алушылары үшін дидактикалық ережелер санаты болып табылады [124].

Б.Т. Барсай «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты докторлық диссертациясы бойынша болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы ойлары идеялық жағынан бізге өте жақын келеді. Ғалымның пайымдауы «дидактикалық құзыреттілік» ұғымын болашақ мұғалімнің кәсіби-тұлғалық сипаты және оның *кәсіби мүмкіндігін қолдану аймағы* деп түсіндіріледі [23, с. 146].

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы мұғалімнің педагогикалық еңбек барысының жаңа бағыттағы сипатына ие болу мәселесіне қарай оның заманауи педагогикалық талаптар жүйесінде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруына бағытталғандығымен ерекшеленеді. Педагогикалық кадрларды даярлауды жүзеге асыратын білім беру жүйесінің міндеттері тұтастай алғанда білім беру мәселелерінің стратегиялық бағыттарымен байланысты. Басқару білім беру жүйесін дамыту ресурсы ретінде болашақ педагогтердің кәсіби білімін жоспарлау мен жүзеге

асыруда да, қазіргі білім алушыларды ғылыми-әдістемелік қолдауда да түбегейлі өзгерістерді талап етеді.

Осыған байланысты біз, заманауи ұлттық іскерлік мәдениеттің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтерді кәсіби даярлау жүйесінің және кәсіби даярлық моделінің ұстанымдық негіздерін әзірлеуді жүзеге асыру қажеттілігі бар. Біз жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби қызметінің нәтижесін бағалаудың үш санатын ұсынамыз:

1. Педагогтың жеке тұлғалық болмысы мұғалімдік қызметпен үйлесімді болуы.

2. Мұғалім педагогикалық кәсіби қызметің маңыздылығын түсінуі және үйлесімді дамуда өзін жетілдіруі (кәсіби әлеуетін құрушы құрылымдар бойынша біліктілігін үнемі арттыру).

3. Білім алушының жеке болмыстық дамуын (тәрбиесі және білім алуы, оқуы бойынша) қалыпты жетілдірудегі педагогтың жеке және қызметтегі кәсіби әлеуетінің дамығандығының деңгейін анықтау [125].

Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының құрылымдық-мазмұндық моделінде анықталған көрсеткіштердің болмысқа және біртұтастық байланысқа негізделген құрамдас бөліктері ретінде мән берсек, ол – руханилылыққа бағытталған құнды бағыттар қалыптастыру, білім алушының жеке тұлғасында адами қасиеттерді дамыту, жас ерекшелігін ескеріп қызмет мотивация және оның қажеттілігін, ұлттық-тарихи санасын қалыптастыру, құлықтық-сезім қасиеттерді тәрбиелеу, ізгілік қатынасты және қарым-қатынас тәжірибесін меңгертуді жүзеге асыруда педагогтың өзінің жеке болмысы осыған сай немесе үйлесімді болып, білім алушыларға үлгілік пен өнегеліктің символы ретінде ұсынылады.

ЖОО түлегінің атрибуттары келесілерден тұруы қажет: адамдар және өз ісі алдындағы жауапкершілігі, әлеуметтік тартымдылығы, сөз бен ісінің бірлігі, физикалық, психикалық және адамгершілік салауаттылығы, білімділігі, жалпы мәдениеттілік сауаттылығы, шығармашылығы, көпшілдігі, өзін-өзі бақылауы, өз бетінше жұмыс істеуден тұратын педагогтың жеке басының қабілеттері және кәсіби білімі.

«Педагог әлеуетін дамытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курс мазмұны, «жеке әлеует». «кәсіби әлеует», «педагог әлеуетінің құрылымдық компоненттері» т.б. ұғымдарының мәні теориялық талдауларды ұғымдық-категориялық аппарат ретінде түзілді. Жаңашылдық, кәсіби іс-әрекет тәжірибесі, кәсіби шеберлікті дамытудағы мазмұндық жүйесін құраушылар деп негіздеуге мүмкіндік береді.

Болашақ педагог мамандардың кәсіби әлеуеті деңгейін айқындауда олардың оқитын курстық ерекшелігін ескерген жөн, себебі олар белсенді даму қызметінің, өзін-өзі тәрбиелеудің субъектісіне бірден жетпейді, өздерінің интеллектуалды мүмкіндіктерінің дамуына, бағалау мен өзін-өзі бағалау қабілеттерінің, мінез-құлқын бақылау деңгейінің өсуіне сай мүмкін болады. Сондықтан мамандық бойынша білімдерінің терең көрінісі болып, өз бетінше


тура шешім қабылдауы мен өзін-өзі реттеудің айқындалу дәрежесі болып табылады.

Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының диагностикасын ұйымдастыруда тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бағдарламасын құрап ұсынамыз.

Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының диагностикасы бойынша бастапқы деңгейін айқындау, осы ретте маңызды аспекті – дамыту деңгейінің диагностикасын ұйымдастыруда педагогикалық-психологиялық әдістемелерді қолданатын боламыз. Сондай-ақ, ол кәсіби әлеуетті анықтау, қалыптастыру және бақылауға арналады. Құрылымдық-мазмұндық модельді құрайтын үш компонентті негіздеу жолға қойылады.

Диагностика – бақылау нысаны және оның жай-күйі туралы әдістер жиынтығы арқылы ақпараттар топтастыру. Диагностика оқыту тәжірибесінде «білім, білік, дағды, іскерлікті тексеру» ұғымдарын қамтығанымен, мазмұны мен мақсаты жағынан ауқымды келеді. Білім, білік, дағды іскерлікті тексеру тек нәтижені, фактіні ғана көрсетеді. Диагностика дидактикалық үдерістің нәтижесін анықтау үшін қолданылады. Сондықтан да педагогикалық диагностиканың мазмұнына келсек, «диагностика» түсінігінің мәні «білім, ептілік және дағдыларды тексеру» түсінігімен салыстырғанда едәуір тереңдеу. «Тексеру» нәтиженің тек көрсеткіштерін ғана аңдатады, не себептен болғаны жөнінде ақпарат бермейді. Диагностикалау кезінде нәтиже өзіне қол жеткізген әдіс-тәсілдермен бірге қарастырылады, дидактикалық үдерістің бағдар – бағытын, ілгері не кері қозғалысы анықталады [126].

Диагностиканың негізгі әдістемелік міндеті – білім беру мекемесіндегі оқу-тәрбие үдерісінің нақ осы кездегі даму ерекшеліктерін анықтау. Білім алушы тұлғасының дамуына бәрінен аз әсер ететін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың неғұрлым тиімді педагогикалық құралын, формасы мен амалдарын анықтау (сурет 12) [127].



Сурет 12 - Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны

Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің құрамында эмоционалдық-құнды қатынастың дамитынын, адамгершілік сапалардың адамгершілік идеалға өткенін, қоғамдық құндылықтарды қолдануын, іс-әрекеттерін талдауын көрсететін адамгершілік потенциалдың қалыптасуын көздейді. Осындай адамгершілік компоненттерін дамытуда, жалпы адамзаттық құндылықтарды бағалауға баулуға, қоғамдық және жеке басының мүддесіне қызығушылықпен карауға бағытталған тәрбие жұмысының формалары білім алушыларға үйінде, кафедра мен бірлестіктерде, жалпы оқу орнының мәдени-ағартушылық жұмыстарды өткізу барысында қолданады.

Жоғары мәдениетті қарым-қатынаспен, өзін-өзі бақылауының қалыптасқандығы мен өзге адамдармен келісімді іс-әрекетімен сипатталатын коммуникативтік потенциал, білім алушылардың педагогикалық, психологиялық зертханалардағы жұмыстың, педагогикалық, психологиялық

кеңес алуларының, арнаулы курсты оқып-үйренгенде, білім алушылардың «Инсайт» ғылыми қоғамында жұмыс істеуінің нәтижесінде қалыптасады. Семинарлық сабақтарда проблемалы педагогикалық жағдаяттарды талдап, ол кезде бір жағынан жағдаяттың логикасын, екінші жағынан семинарға қатысушының аргументтерін бақылауды қарастырады. Мұның бәрі білім алушылардың жағдайларын анықтауға, өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын қойғанда сәттілік және сәтсіздіктерінің себептерін сараптауға мүмкіндік береді.

Осы жағдайдарды ескерудің нәтижесінде, жоғарғы оқу орнында білім алушыларға оқытушылармен арақатынасына қанағаттанатыны байқалған, өзін-өзі жоғары бағалауы, өзін-өзі танып білуге даярлығы, жеке тұлғаның азаматтық-адамгершілік, шығармашылық позицияларының артқаны байқалады. Барлық педагогикалық жағдайлар ұлттық, қоғамдық компоненттердің өзара байланысуын, бірлігін біріктіріп пәндердің оқулықтарындағы мазмұнын, оқу жоспарында пәндердің орналасуын, психологиялық-педагогикалық ғылымның негізгі түсініктерінің, категорияларының мәнін ашуға ықпал етеді.

Педагогикалық кәсіби әлеуетін дамыту міндеттері жоғарғы оқу орнында тәрбие кеңістігін, адам үнемі дамып отырған тұтас био-психо-әлеуметтік жүйе ретінде, антропоцентрикалық негізінде құрып, оқу орнында тәрбие жұмысын тәлімгердің психикалық, рухани, физикалық және әлеуметтік жағдайын сақтауға бағытталуы тиіс. Оқу-тәрбие процесінің мазмұны мен формаларының, мақсатының анықтығы, тандау еркіндігі, әр білімгерге факультативтік және бағдарламалық курстар, басқа да оқу және мәдени мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен қатынасы арқылы өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік алады. Жоғарғы оқу орнының міндеті, білімгерді болашақ мамандықтағы педагогикалық үдеріске белсенді қатынасушысына айналдыру.

Оқу орнындағы тәрбиенің жүйелі үрдісі, ең алдымен, болашақ педагогтың жеке тұлғасының жан-жақты қалыптасуына ықпалын тигізуі тиіс.

Болашақ мұғалімінің кәсіби және жеке тұлғалық болмысының әлеуетін дамытудың келесі педагогикалық жағдайы болып, біздің ойымызша, теориялық білімдерді: педагогикалық-психологиялық білімдер, мамандандыруға арналған білімдер, жаңа мазмұндық пәндік білімдерді оқып үйрену болып табылады.

Бұл пәндердің мазмұны – білім алушылардың іргелі білім алуға, оның негізінде машықтану қызметін қалыптастыруға, эмоционалды – құндылықтарды, белсенділікті тәрбиелеуге ықпал етуге, білім алушылардың ұлттық санасын қалыптастыруға, мәдениетке деген тұрақты қатынасты дамытуға, кәсіпке деген құндылықтарды бағыттауға, өзін-өзі тануға ұмтылуға, кәсіби қызметінде өзін-өзі жетілдіруге бағытталғаны жөн. Осы мақсатпен бұл бағдарламаға біз төмендегі тақырыптарды қостық: болашақ педагогтың кәсіби әлеуеті, оның құрылымы мен мазмұны; диагностика, өзін-өзі жеке тұлғалық болмысын қалыптасуының өзін-өзі диагностикалау, оқушылардың тәрбиелігінің деңгейін анықтау, мұғалімнің тәрбиелік қызметінің моделі, құнды-мағыналық диалогтік технология; оқушылардың сабақтан тыс қызметін

ұйымдастыру, әр оқушының өзіндік мүмкіндігін жүзеге асыруға жағдай жасау, сабақтан тыс қызметтің түрлері, жолдары, мәдениетті тәрбиелеуші ортаны қалыптастыру, кәсіби және өмірлік ағымының мәдениеті және өзінің мүмкіндігін ашудың жолы, эмоционалды-құнды қатынастар - тәрбие қызметінің басты механизмі, тәрбие қызметін реттеу механизмі, кері байланыс-педагогтың тұлғасын дамытудың негізгі буыны, біріккен шығармашылықты ұйымдастыру, мұғалім мен оқушының біріккен шығармашылық қызметінің технологиясы, болашақ ұстаздардың адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы, ұлттық педагогиканың жалпыадамзаттық және ұлттық құнды бағыттары, әлеуметтік өзгерістер кезіндегі тәрбие барысы, тәрбиелеудің ұлттық стратегиясы, тәрбиенің диалогтығы, оқу-тәрбие үрдісіндегі оқушылардың ұлттық саналығын дамыту. Болашақ педагогтардың кәсіби және жеке тұлғалық болмысының әлеуетін дамуындағы педагогикалық-психологиялық пәндердің маңыздылығы болашақ педагогтардың эмоционалды-құнды қатынастарымен, құнды бағыттылығының қалыптасқандығымен анықталады, сол жағдайда ғана мемлекеттің тәрбие стратегиясының нәтижелі жүзеге асырылуы мүмкін.

Психологиялық-педагогикалық пәндерді жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіби және жеке тұлғалық болмысының әлеуетін дамытудың негізгі жағдайы деп анықтай отырып, бұл педагогтың кәсіптік даярлығының өзіндік мақсаты емес, жалпы педагогикалық білім алудың жүйені құрушы бастауы екенін ескеру керек; мазмұнына жүйелі қатынас жасау, болашақ педагогтың тек қана теориялық білім алып қана қоймай, оны практикада, стандарттық емес жағдайларда қолдана білуі маңызды; алған білімдерін педагогикалық жағдайларды саралауға, қолдануға және сол білімнің негізінде тәрбиелеу потенциалын дамыту үшін өзінің қызметін жобалау қажет.

Бүгінде жоғары оқу орнының мақсаты бітірушіге қажетті білім мен дағды беріп қана қоймай, өз бетінше педагогикалық қызметке оның кәсіби дайындығын қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғары мектептің білім беру міндеттері мен оның жаңа әлеуметтік функциялары білім алушыларға мен оқытушы-профессорлардың біріккен қызметінің мақсатына жаңа қатынасты тудырады. Дәстүрлі оқыту жүйесінде білім алушыларға пассив «алушы» позициясында қалады, керісінше жаңаша оқыту үрдісінде білім алушыларға оқытудың барлық кезеңдерінде белсенді болуы шарт [128]. Осы мақсатта оқу үрдісін жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық өзара қарым-қатынас негізінде жетілдіру қажет.

Тең дәрежедегі және жұптық қарым-қатынас құқығындағы қызметтестік білім алушылардың әрқайсысының өзара сыйластығының деңгейінде серіктесуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасауды, оқытудың соңғы нәтижесіне жетуге бірінғай психологиялық-педагогикалық кеңестік құруды мақсат етеді.

Заман талап еткендей, болашақ мұғалімді даярлаудың ең басты міндеті – жеке шығармашылығы жоғары ұстаз – тәрбиешінің тұлғасын дамыту болып табылады. Бұл пәндердің негізгі мазмұны тәрбиелеу үрдісінің мазмұнын, маңызын ашуға бағытталған; тәрбиенің ортақ, тиімді әдіс, тәсілдерін үйренуге;

ұжымда жеке тұлғаны жас ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеудің мәселелерін ашуға; тәрбиелеудің және өзін-өзі тәрбиелеудің негізгі бағыттарын, ерекшеліктерін айқындауға арналады.

Педагогикалық пәндер бойынша оқу үрдісінің сипаты дифференцияланған бағыт ұстанады, нәтижесінде бір пәннің екіншісіне ықпалы байқалады. Пәндерді оқу – үйрену барысындағы алған білімдерінің, дағды мен іскерліктерінің сапасы білім алушылардың тәрбиелеу потенциалының деңгейіне ықпал етеді.

Жоғары оқу орнының педагогикалық үрдісінде болашақ педагогтардың тәрбиелеу потенциалын дамытудың тиімді педагогикалық жағдайларын және жоғары оқу орнында тәрбиелеу потенциалы дамуының ерешеліктерін анықтау мақсатында біз педагогикалық бақылау жүргіздік.

Құрылуы және қалыптастыру зерттеулерінде болашақ педагогтың әлеуетінің дамуына бағытталған диагностикалаудың бір ғана әдісі қолданылған болатын.

Білім алушыларға тобында, МЖБС талабына сай жұмыс бағдарламасы жасалған пәндерді таңдауға себеп болған басты фактор – олардың болашақ педагогтардың кәсіби және жеке тұлғалық болмысының әлеуетін дамытуда өзіндік орынға ие болуында.

Алғашқы жағдайда (бақылау тобында) пән мазмұны Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сай анықталған, екінші (тәжірибелік топта). олардың мазмұны, педагогтың кәсіби және жеке әлеуетіне, оның мазмұны, тәрбие жұмысының нәтижелігіндегі мәні, маңызына қатысты қосымша тақырыптар еңгізілуі арқылы кеңейтілген.

Теориялық білім негізінде білім алушыларға оқушылардың тәрбиелілігін анықтау және диагностикалау үшін бағдарлама дайындау ұсынылды.

Теориялық білімдерін бекіту және машықтану үшін білім алушыларға топта тәрбиеліктің деңгейін анықтады. Тәрбиелік көрсеткішін, оның критерийлерін талдаудың негізінде оқу-тәрбие үрдісінде қалыптастыруға болатын қарым-қатынас анықталды, оның негізінде оқушылардың тәрбиелілігінің деңгейін зерттейтін диагностикалауға бағытталады.

Тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетініске асыру барысында, шығармашылық қатынасты ынталандыра отырып, педагогтың жаңашылдық қызметке, педагогикалық жағдаяттарды қалыпты емес жолмен шешуге қызығушылығын артып, оқушы мен мұғалім жұмысындағы шығармашылықты қолдайды, өз қызметін айналадағы ортаны өзгертуге бағыттайды. Бұл құраушы компоненттер қалыптасқан дәрежесі ұстанған қағиданың сипатына, оның педагогикалық қызметке сай қалыптасуының дәрежесіне байланысты. Болашақ педагогтың тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетін дамыту мәселесі ең басты назарға қойылған. Білім берудің ізгілендіру парадигмаларын қарастырып, шығармашылық әлеуетті жан-жақты дамыту және оның педагогикалық қызметте жүзеге асырылуына жағдай жасау керек деп есептейді. Сонда ғана оқу-тәрбие үрдісін ізгілік құндылықтарға бұруға болады. Мұғалімнің тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық

әлеуетін іске асыруға әлеуметтік жағдайлар жасағанда, мұғалім өзінің ізгіліктік, әлеуметтік міндетін толық іске асырады. Тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға жағдайлар білім алушылардың клубтарының, ғылыми қоғамдардың, ғылыми кеңестердің, ғылыми конференциялардың, пресс-клубтардың жұмыстарында, білім алушылардың жоғарғы оқу орнындағы жұмыстарға араласуы, өзін-өзі басқаруы арқылы жасалады.

Білім алушылардың тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық белсенділігін қалыптастыру мақсатында, біз ұжымды зерттеу бағдарламасын жасадық, онда ұжымның даму деңгейінің белгілері қарастырылды. Теориялық білімдерін бекіту мақсатында нақты педагогикалық тәжірибедегі қызметке жақындастырылған, даму көрсеткіштерін анықтайтын педагогикалық жағдаяттар құрастырылды.

Педагогтың сабақтан тыс жұмысына байланысты сұрақтарға арналған сабақтарда білім алушыларға жаңа педагогикалық технологияларды іздеу мақсатында, тәрбие жұмысының бағдарламалары, тәрбиелік іс-шараны талдау талаптары жасалып, ұсынылды.

Бағдарлама негізінде білім алушыларға педагогикалық тәжірибе кезінде жалпы білім беретін мектепте өткізген тәрбиелік іс-шаралар келесі жүйеде ұйымдастырылды: мақсатын анықтау, жағдайды талдау, іс-шараны жоспарлау, тәрбиелік ықпал етудің ұйымдастыру деңгейі, жеке тұлға мен ұжымға тікелей ықпал жасау, білімгердің тәрбиелік іс-шараны қорытындылау кезеңі – іс-шараны өткізгеннен кейін сараптама жасауы.

Жаңа бағдарлама негізінде және сараптау барысында білім алушыларға теорияны игеріп, тәрбиелеудің міндеттерін анықтауға және шешуге үйренді, соның негізінде тәрбие жұмысының лайықты әдіс-тәсілдері мен формаларын игерді. Бұл сабақтарда білім алумен қатар, басты назар эмоционалды-құнды қатынастарды дамытуға бағытталды. Білім алушыларға психология-педагогика пәндерінің курсын оқу барысында меңгерген тәрбие жұмысын ұйымдастырудың түрлі әдістері мен формаларын пайдалану ұсынылды.

Жалпы алғанда мақсат тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталып, олардың басты мазмұны мінез-құлық іс-әрекетін ескере отырып, педагогикалық ықпал етуді қарастырады, қиын жағдаяттан шығудың жолын іздестіруді, педагогтың жұмысында адамдарды басқарудың тиімді педагогикалық жүйесін таңдау, мақсатты педагогикалық қатынасты қалыптастыру, кәсіби жеке қасиеттеріне өзіндік баға беру, өзіндік бақылау жасаудың тиімді техникалық құралдарын жасау, өз білімін жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеу. Сонымен бірге білім алушылардың басқа да педагогика – психологияның пәндерден алған білімдері жүйеге келтірілді.

ЖОО-да «Жоғары курс білімгері –төменгі курс тәлімгері» «көлденең» өзара байланысты қолдай отырып, болашақ педагогтардың кәсіби іскерлігін, статусын өзгерту арқылы дамытуға жағдай жасап, олардың жаңашылдық, кәсіби іс-әрекет тәжірибесі, кәсіби шеберлік пен шығармашылықтарын қалыптастыруға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кәсіби әлеуетті қалыптастырудың педагогикалық шарттары болып өзін-өзі тану сабақтарын, психологиялық-педагогикалық пәндерге өзін-өзі диагностикалау элементтерін енгізу, диалогтік технологияны бірлесіп қызмет атқару қағидасы негізінде жүргізу болып табылады. Өзін-өзі жетілдіру, дамыту процесі саналы түрде өтіп, болашақ педагогтардың ішкі мүмкіндіктерін іске асыруға жол ашады. Білім, дағды және іскерлік арқылы өзін-өзі дамытуға, өз қызметін талдауға қажеттілік қалыптасады.

Педагогикалық бақылау барысында білім алушылардың де өзінің болашақтағы меңгеретін кәсіби қызметіне немқұрайдылық танытатын қатынастағы көзқарастырды ұстанатын шәкірттердің де бар екендігін көрсетті. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер бойынша 3 деңгей анықталды – жоғары, орташа, төмен.

Жоғары оқу орнында болашақ педагогтардың әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттарының нәтижелілігін анықтау тәжірибелік-педагогикалық жұмыстар барысында жүзеге асырылды.

Эксперименталдық-тәжірибе жұмысы педагогика және психология мамандықтарының білім алушы студенттеріне жүргізілді.

Жалпы зерттеуге ЖОО-ның студенттері тартылды. Олардың жалпы саны – 101. Тараз инновациялық гуманитарлық университет (46 студент) «Педагогика және психология» мамандығында оқитын 2-4 курс студенттері. М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (ТарӨУ) (55 студент) оның ішінде: Педагогика және психология мамандығында оқитын 2-4 курс студенттеріне жүргізілді. Бақылау тобына Тараз инновациялық гуманитарлық университетінен 46 студенті, эксперименттік топқа М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (ТарӨУ) жоғарыда көрсетілген мамандықтар бойынша – 55 студент қатыстырылды.

Біз ғылыми зерттеушілікке алынған жұмысымыздың теориялық бөліміндегі жүйелеулер мен талдауларлар арқылы негіздеулеріміздің дұрыстығын педагогикалық эксперименттік тәжірибелер арқылы оның сенімділігі мен ғылыми тұжырымдауларымыздың ақиқаттығын анықтап, дәлелдеу барысындағы жұмысымыздың нәтижесі болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуын қазіргі білім мазмұны аясында анықтау жүзеге асырылды.

Эксперименттік-тәжірибе үш кезеңнен тұрады: анықтау эксперименті; қалыптастыру эксперименті; бақылау, яғни зерттеу жұмысының нәтижесін тексеру эксперименті.

Анықтау экспериментінің мақсаты – жоғары оқу орны жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби әлеуеті туралы алғашқы мәліметтеріне сүйене отырып, олардың кәсіби әлеуетін дамыту жолдарын айқындау, сонымен бірге болашақ педагогтардың кәсіби әлеуетін дамыту моделінің үш компоненттері **мотивациялық-мазмұндық, танымдық-іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық** бойынша студенттердің кәсіби әлеуетінің даму деңгейлерін жоғары (креативтік) деңгей, орта деңгей (репродуктивтік), төменгі деңгей (бейімделу) айқындау болып табылады. Осы орайда болашақ болашақ

педагогтардың кәсіби әлеуеті дамыған педагог бейнесін қалыптастыру үшін мынадай әдістемелер кешені айқындалды және пайдаланылды (кесте 6):

Кесте 6 - Болашақ педагогтардың кәсіби әлеуетінің дамуының бастапқы деңгейін зерттеу әдістемелері

Компоненттері мен өлшемдер		Әдістеменің аты
Мотивациялық – мазмұндық компонент	Болашақ педагог кәсіби әлеуетінің маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну, педагогика саласындағы білім көлемі мен сапасы; педагогика саласын меңгеру икемділігі мен шеберлігі	1) Педагогикалық іс-әрекетке мотивациясын анықтауға арналған авторлық сауалнамасы А.В. Усованың әдістемесі негізінде модификацияланған авторлық сауалнама); 2) Тест тапсырмалары (Тест әдісін қолдана отырып, студенттердің педагогика саласындағы білім көлемі мен сапасын анықталды). Тест тапсырмаларына педагогиканың теориялық негіздері мен ерекшеліктері, педагогикалық процестің заңдылықтары, сондай-ақ білім алушылардың жас ерекшеліктерін, жеке айырмашылықтарын, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық білім беру саласындағы білімді қолдану туралы сұрақтарды қамтиды
Танымдық-іс-әрекеттік компоненті	Ізденушілік қарым-қатынас мәдениетін анықтау	5) Педагогтың танымдық іс-әрекетінің құрылымдық компоненті бойынша ізденушілік қарым-қатынас мәдениетін анықтау үшін 25 авторлық сұрақ-жауап әдісі
Рефлексиялық-бағалаушылық компонент	педагогика мамандығына және оның қызметіне деген бағалау қатынасы; эмоционалды интелектісі және психологиялық әлеуеті; болашақ маманның жеке тұлғалық және кәсібилік қызметіне қатысты өз бетінше даму қабілеті және т.б.	7. Сұхбат, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, өзін-өзі бағалау әдісі, сараптамалық бағалау әдісі сияқты психологиялық-педагогикалық әдістер 1-сауалнама: Болашақ маманның жеке тұлғалық және кәсібилік қызметіне қатысты өз бетінше даму қабілетін анықтайтын жолдарды қарстырып, оның негізінде педагогикалық бақылау және авторлық апробацияланған сауалнамалар; 2-сауалнама: Болашақ педагогтардың жеке дамуын ынталандыруға және кедергі келтіретін сипаттағы түсініктерден құрылған «кедергі» жасайтын жағдайларды анықтауға арналған авторлық апробацияланған тест-сауалнама (Қосымша 5); 3) жеке тұлғаның тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әрекетінің белсенділігін сипаттайтын «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі (С.М. Жақыпов)

Мәселен, болашақ педагогтарды даярлауда анықталған диссертациялық тақырып бойынша жүргізілген қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастырудың тәжірибелік эксперименттік зерттеулерді жүргізу және олардың нәтижелері туралы мәліметтерді өңдеу, сұрыптау, алынған нәтижелері бойынша ЖОО-ның педагогикалық үдерісін мамандыққа жаңаша білімдер негізінде бейімдей отырып ұйымдастыру мен тиімділігі туралы мәліметтерді алу мен оларды сандық және сапалық жағынан талдау әдісіне төмендегі формуласы басшылыққа алынды. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық қызметтегі кәсіби әлеуетіннің негіздерін ЖОО-да қалыптастыру барысына талдау жасау мен оларды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеуде А.В. Усованың әдістемесін пайдаландық.

Болашақ педагогтармен (студенттермен) жүргізілген тәжірибелік эксперименттік жұмыстардағы бақылау мен байқау, сауалнамалардың көрсеткіш балдары мен оң және теріс ықпал жасаушы жағдаяттардың коэффициентік көрінісін педагогикалық-психологиялық өлшеу әдістері бойынша есептелді.

Бұл әдістемеге сәйкес қолданылған оқу-әдістемелік шаралардың әсерін үш көрсеткіш арқылы анықталды. Мақсатты іс-әрекет түркісі (мотивтер); Ізденушілік, танымдық мазмұндық және рефлексиялық-бағалаушылық; Ұсынылған элективті курстарды оқыған топтағы студенттердің мамандыққа бейімдеу құрылымдарына қатысты білімдерді көлемдік мазмұны мен білімі сапасы олардың өзара байланысын жетік меңгерудің толықтық коэффициенттері арқылы қарастырылып, берілді.

Зерттеу нәтижелерін қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту бойынша талдағанымызда эксперимент топтарында 55 студенттердің педагогтың кәсіби әлеуеті жайында және оған қатысты теориялық және тәжірибелік білімдерге ғылыми танымдық көзқарастарының қалыптасуының толықтылық коэффициентінің жоғары, орташа, төмен мәндік көрсеткішпен көрсетілсе, бақылау тобындағы 46 студенттердің көрсеткіштерін де жоғары, орта, төмен деп осы көрсеткіштермен берілді.

Біз студент педагог-психолог мамандықтарының кәсіби әлеуеті негіздерін қалыптастыру мен дамуының мотивациялық – мазмұндық компонентінің келесі көрсеткіштер бойынша анықтадық: кәсіби әлеуетінің маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну; кәсіби өсу мен мәртебені ынталандырудың сыртқы және ішкі факторларына қатынасы; болашақ мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілік әлеуетіне деген ішкі ұмтылыс.

Педагогикалық іс-әрекетке мотивацияны анықтау үшін біз келесі көрсеткіштерді (10 баллдық шкала бойынша) сауалнама арқылы ажыратып көрсетеміз:

- 1) Кәсіби әлеуетіне деген қызығушылығын таныту.
- 2) Білік пен дағдыларды игеруге қызығушылықтарының көрінісі.
- 3) Кәсіби әлеуетінің мәнін түсіну.

4) Жаңа педагогикалық инновациялық-цифрлық технологияларды біліктіліктерді игеруге даярлық.

5) Педагогикалық іс-әрекеттің жаңа психотехникаларын меңгеруге дайын болу.

6) Ұжымдық шығармашылық-ұйымдастырушылық қабілеттерді меңгеруі.

7) Өзі-өзін жетілдіруге және өзін-өзі тәрбиелеу;

8) Педагогикалық кәсіби саладағы өзгерістерге мінез-құлық пен іс-әрекетті өзгертуге, ортаға юейімделуі, қарым-қатынас орната алуы;

9) Жаңа талаптарға сәйкес кәсіби және тұлғалық кәсіби қасиеттерді өзгертуге және бейімделуге дайын болу.

10) Кәсіби педагогикалық саладағы әріптестерімен өзара әрекеттесуге дайын болу.

Анықтау экспериментінде бақылау және эксперименттік топ ПЖП мамандықтарының студент- педагог-психологтар үшін 10 баллдық шкала бойынша сауалнама парағы жасалды. Әр көрсеткіш бойынша педагог-психолог мамандық студенттері үшін 8-10 ұпай шегінде эталондық баға белгіледік. Эталондық және нақты бағаларды салыстыру негізінде олардың айырмашылығы есептелді. Әр студент үшін эталондық мен іс-жүзіндегі шамалардың корреляция коэффициенті және олардың орташа шамасы есептелді:

Спирменның дәреже корреляциясы (қатынасы) көрсеткішін есептеу эталондық және рангдық (дәрежелі) көрсеткіштер арасындағы жоғары корреляциялық тәуелділікті көрсетеді (кесте 7).

Кесте 7 - Бір педагог-психолог-студент үшін Спирменның дәрежелік корреляция коэффициентін есептеу

Дәрежелік шамалар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Эталондық (Үлгі-нұсқа) баға	10	10	10	9	9	9	8	8	8	8
Іс-жүзіндегі баға	7	8	8	6	7	7	8	8	6	9
Айырмашылық (d)	-3	-2	-2	-3	-1	-1	+1	0	-2	+1
d ²	9	4	4	9	2	2	2	0	4	2
Қосынды (d ²)	38									
Rs-ті есептеу	Rs= 1- ----- = 0,75									

Алынған шама $r_s = 0.5 - 0.7$ диапазонына кіреді, бұл Спирменнің шкаласына сәйкес эталондық мен іс-жүзіндегі дәрежелік шамалар арасындағы жоғары корреляциялық тәуелділікті сипаттайды.

Анықтау экспериментінде болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының мотивациялық –мазмұндық компонентін қалыптастырудың әртүрлі деңгейлерін көрсеткен студенттердің арақатынасы 8-кестеде келтірілген.

Кесте 8 - Анықтау эксперименті бойынша 2017-2018 оқу жылында 2 курстың ПЖП мамандықтарының бақылау және эксперименттік топ студенттерінің кәсіби әлеуетінің мотивациялық-мазмұндық компонентін дамыту деңгейлері

Деңгейлер Іріктемелер	Жоғары (креативтік) деңгей	Орта деңгей (бейімделу)	Төменгі деңгей (репродуктивтік)
Бақылау тобы	11% (5)	22% (10)	67 % (31)
Эксперимент тобы	6% (3)	34% (19)	60% (33)

Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының *мотивациялық-мазмұндық құрамдас бөлігін мына көрсеткіштер арқылы өлшедік:*

- педагогика саласындағы білім көлемі мен сапасы;
- педагогикалық біліктілігі мен шеберлігі.

Тест әдісін қолдана отырып, студенттердің педагогика саласындағы білім көлемі мен сапасын анықтадық. Тест тапсырмаларына педагогиканың теориялық негіздері мен ерекшеліктері, педагогикалық іс-әрекет пен оқу-тәрбие үрдістерінің заңдылықтары, білім алушылардың жас ерекшеліктерін, жеке айырмашылықтарын, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық білім беру саласындағы білімді қолдану туралы сұрақтарды қамтиды.

Анықтаушы эксперименттің нәтижелері бойынша алынған мәліметтер (кесте 9) эксперименттің басында бақылау және эксперимент топтары студенттерінің білімі көлемі мен сапасы жеткілікті деңгейде емес екенін көрсетеді.

Кесте 9 – Анықтау эксперимент кезіндегі болашақ маманның кәсіби әлеуетінің дамуының мотивациялық-мазмұндық компоненттерінің көрсеткіштері

Іріктемелер	Көрсеткіштер			
	Білім көлемі мен сапасы	Коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттері	Орташа шамасы	Осы критерийге сәкес кәсіби әлеуетінің деңгейі
Бақылау тобы	4,4	4,8	4,3	Репродуктивті
Эксперимент тобы	4,8	4,9	4,7	Репродуктивті

Анықтау эксперимент барысында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің даму деңгейлерін анықтау нәтижелері бойынша бағалаудың көріністерінің салыстырмалы жиілігін есептеу кәсіби әлеуетінің мотивациялық-мазмұндық компонентінің дамуы әртүрлі деңгейдегі студенттердің арақатынасын анықтауға мүмкіндік береді (кесте 10).

Анықтау экспериментінің нәтижелері болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының мотивациялық-мазмұндық компоненті бойынша кәсіптік әлеуетінің қалыптастыру деңгейі төмен студенттердің бақылау және эксперименттік топтардағы үлесінің басым бөлігін құрайтындығы анықталды.

Кесте 10 – Анықтау эксперименттің басында мотивациялық-мазмұндық компоненті бойынша болашақ маманның кәсіби әлеуетінің даму деңгейлері

Деңгейлер	Жоғары (Креативті немесе шығармашылық)	Орта (Репродуктивті)	Төмен (Бейімді)
Іріктемелер			
Бақылау тобы (46)	11%(5)	35 %(16)	54%(25)
Эксперимент тобы (55)	11 % (6)	38 % (21)	51% (28)

Сонымен қатар, бақылау және эксперименттік топтар үшін орташа көрсеткіштерді шамамен айтқанда тең шамасы байқалады, бұл екі топ студенттерінің зерттелген мотивациялық-мазмұндық компоненті бойынша болашақ маманның кәсіби әлеуетінің даму деңгейлері сапасының алғашқы алынған тәжірибелік мәліметтерінің шамамен бірдей бастапқы деңгейін көрсетеді (кесте 11).

Кесте 11 - Анықтаушы эксперимент бойынша педагогикалық іс-әрекетке мотивациясын анықтауға арналған авторлық сауалнамасы негізінде бақылау және эксперимент тобының студенттеріне жүргізілген сауалнама көрсеткіштері

Сауалнаманың сұрақтары	Ранг	Студенттердің (n = 101) пайыздық мөлшері
Педагогикалық қызметке қызығушылық таныту	7	6 %
Оқу және тәрбие іс-әрекеттегі белсенділіктің көрінісі	10	1,9%
Кәсіби әлеуеттіліктің маңыздылығын түсіну	6	7,9%
Жаңа мазмұнды педагогикалық білімді игеруге даярлық	3	11%
Педагогикалық іс-әрекеттің жаңа инновациялық түрлерін игеруге дайын болу	5	9%
Ұжымдық педагогикалық жұмыстарға дайындық	9	3,9%
Өздігінен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайындық	1	25%
Болашақ педагогикалық кәсіби саладағы өзгерістерге сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекетті өзгертуге дайын болу және бейімделу	2	21%
Жаңа талаптарға сәйкес педагогикалық кәсіби және жеке адамдық қасиеттерді өзгертуге бейім болу	4	10,9%
Кәсіби саладағы әріптестермен өзара қарым-қатынасқа түсуге және әр түрлі жағдайларда тығырықтан шығуға дайын болу	8	4,9%

Сауалнама нәтижелерін сапалық талдайық:

1. Студенттердің көзқарасы бойынша «Өздігінен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайындық» көрсеткіші бойынша педагогикалық іс-әрекетке мотивациясын анықтау зерттелушілердің 25% пайызын қамтыды. Алынған тұжырым 1-ші рангті құрайды.

2. «Болашақ педагогикалық кәсіби саладағы өзгерістерге сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекетті өзгертуге дайын болу» деген көрсеткіште жауап беруші зерттелушілердің 21% пайызы атап көрсетті. Бұл көрсеткіші бойынша болашақ маманның кәсіби әлеуетінің маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну *мотивациясын анықтаудың* дайындық деңгейі жеке дара әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен сипатталады. Яғни әр бір оқытушы-профессорлардан алған білімдерін педагогикалық кәсіби салада өзгерістерге сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекетті өзгертуге дайын болу деңгейін белгілі бір ортада, әртүрлі аудиторияда өзін-өзі ұстай білу шеберлігімен түсіндіріледі.

3. «Жаңа мазмұнды педагогикалық білімді игеруге даярлық» деген көрсеткішінде *педагогикалық іс-әрекетке мотивациясын анықтау барысында* зерттелушілердің 11% пайызын құрайды. Осындай ой-пікірлердің туындауына мынандай факторлар әсер етуі мүмкін, зерттелушілер жаңа педагогикалық білімді меңгеруге даярлық негізгі қайнар көзі болуында.

4. Жаңа талаптарға сәйкес педагогикалық кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттерді өзгертуге дайын болу, бұл көрсеткіште студенттердің тұжырымы 4-ші орынды иеленіп, 10,9% - пайыз зерттелушілерді құрады.

5. «Педагогикалық іс-әрекеттің жаңа инновациялық түрлерін меңгеруге дайын болу» деген сауалнамада, яғни субъективтілігі жауап берген респонденттердің 9% пайызында кездесті.

6. «Кәсіби әлеуеттіліктің маңыздылығын түсіну» көрсеткішінде педагогикалық *іс-әрекетке мотивациясын анықтау* олардың пікірінше, сол беретін пәндерді жетік білу негізінде кәсіби әлеуетінің қалыптасуына негіз бар деген сауалнамадағы бұл тұжырымды студент-зерттелушілердің 7,9 пайызы қолдады.

7. Студенттердің көзқарасы бойынша лық қызметке қызығушылық таныту көрсеткішінде педагогикалық *іс-әрекетке мотивациясын анықтау* туралы жүргізілген сауаланамасы негізінде алынған тұжырым 7-ші рангті құрайды. Студенттердің 6%- пайызының пікірінше, педагогикалық қызметке қызығушылық таныту болашақта кәсіби әлеуетінің қалыптасуына ықпал етеді деп тұжырымдайды..


8. Педагогикалық кәсіби саладағы әріптестерімен өзара қарым-қатынасқа түсу және тәуекелге дайын болу. Бұл тұжырым зерттелушілердің жауабы бойынша 8-шы орынға рангіленіп 4,9 % пайызын қамтыды.

9. «Ұжымдық шығармашылық- педагогикалық іс-әрекеттерге дайындық» көрсеткіші бойынша педагогикалық *іс-әрекетке мотивациясын анықтау* зерттелушілердің жауабы бойынша 9-шы орынға рангіленіп 3,9 % пайызын қамтыды.

10. «Оқу және тәрбие іс-әрекеттегі белсенділіктің көрінісі» көрсеткішінде *педагогикалық іс-әрекетке мотивациясын анықтау* 1,9 % пайызын қамтыды. ЖОО-да студенттер, сауалнама бойынша осындай тұжырым 10-ші орынды иеленді (кесте 12).

Кесте 12 – Кәсіби әлеуетінің маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну мотивациясын анықтау деңгейлері бойынша жүргізілген авторлық сауалнаманың зерттелушілер тобынан алынған нәтижелері

Педагогикалық іс-әрекетке мотивациясын анықтау деңгейлері	Анықтау эксперименті бойынша ЭТ (n=55)	Қалыптастыру эксперименті бойынша ЭТ (n=55)	АЭ бойынша БТ (n=46)	ҚЭ бойынша БТ(n=46)
Педагогикалық іс-әрекетке мотивациясының жоғары деңгейі	7 (12,7%)	16 (29%)	5 (11%)	10 (22%)
Педагогикалық іс-әрекетке мотивациясының орташа деңгей	17 (31%)	34 (62%)	19 (41,2%)	26 (56,5%)
Педагогикалық іс-әрекетке мотивациясының төмен деңгейі	31 (56,3%)	5 (9%)	22 (47,8%)	10 (22%)



Сурет 13 - Педагогикалық іс-әрекетке мотивациясын анықтау деңгейлерін анықтау және қалыптастыру бойынша жүргізілген авторлық сауалнаманың зерттелушілер тобынан алынған нәтижелерінің гистограммасы

Педагогикалық іс-әрекетке мотивациясын анықтау деңгейлерін анықтау арқылы болашақ педагогтардың кәсіби әлеуетінің маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуге негізделіп жүргізілген авторлық сауалнаманың екі топ

зерттелушілері тобынан алынған нәтижелері арасында біршама айырмашылықтар бар екені байқалады.

Соңғы нәтиже тұрғысынан алғанда жалпы балдардың көрсеткіші, бақылау тобындағы студенттердің 41,2-дан 56,5%-ке өзіндік қалыпты дамудың орташа көрсеткіші болса, эксперименттік топтағы студенттердің элективті курсты оқу барысында 31-дан 62% дамудың орта деңгейінің өскендігін көрсетті. Бұл болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасу және даму деңгейін негіз болған мәліметтер жоғары кестелер мен гистограммаларда көрсетілген.

Мотивациялық-мазмұндық компонентінде ізденушілік әлеуетінің құрылымдық құрамын анықтауда қалыптасқандығының деңгейі келесі көрсеткіштермен анықталады:

- білім алушылардың ынталы болуына жағдай жасай алуы;
- оқытушымен және курстастарымен іскер қатынастар орната алуы;
- оқу-танымдағы қарым-қатынас мәдениеті;
- мамандық бойынша білім алуудағы педагогикалық ізденушілік ұстанымын қорғай білуі;
- мақсатты іс-әрекетіне бағытталған себеп-салдарының бағытын білу өзіндік көзқарасты ұстануы, сақтауы;
- мамандыққа қатысты әдіснамалық негізін беретін және теориялық білімдер мен әдістемелік және тәжірибелік білімдер мен білікті меңгеруге ынталылығы (кесте 13).

Кесте 13 – Анықтау эксперименті бойынша мотивациялық-мазмұндық компонентінде ізденушілік әлеуетінің құрылымдық құрамынан алғашқы алынған тәжірибелік мәліметтердің сандық және сапалық көрсеткіш нәтижелері

Топтар	Деңгейлер					
	студент саны	жоғары, %	студент саны	орташа, %	студент саны	төмен, %
Бақылау	10	21,7	16	34,7	20	43,4
Тәжірибелік	12	21,8	20	36,3	23	41,8

13-кестеде анықтау эксперименті бойынша мотивациялық-мазмұндық компонентінде ізденушілік әлеуетінің құрылымдық құрамынан алғашқы алынған тәжірибелік мәліметтердің сандық және сапалық көрсеткіш нәтижелері қалыптастырудың қосалқы және бақылау тәжірибесінде орташа деңгейде екендігін көрсетеді.

Сандық көрсеткіштер бойынша қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін ЖОО-да қалыптасуы олардың жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламасының талаптарына үйлесімді мектептегі педагогикалық практикада педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен өткізу ерекшеліктеріне қатысты түрлі нәтижелер болжам түрінде бергенімен, осы сандық қатынастық өзара байланысы дәрежесін көрсететін шамалық санау деп түсінуге болады.

Дегенмен де, болашақ педагогтың өзіндік жеке тұлғалық болмысына да тәуелді болып келеді, себебі, мұғалімдік мамандықты талапкер ретінде таңдауында (өз еркімен таңдап, мақсатты түрде келуі және сыртқы ықпал жасаушы күштер әсерінен, кейде кездейсоқтық) жағдаяттар да білім алушылардың мамандыққа қатысты білімдерді меңгеруі мен игеруіне өзіндік ықпалын тигізетіні анық.

2.2 Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының әдістемесі, оны жүзеге асыру

Оқыту үдерісінде болашақ педагогтердің өзіндік субъектілік позициясын анықтаудың ең басты әрі алғашқы шарты оқыту міндеттері мен мақсатын тұлғалық маңызы бар және қажетті деп тану. Ұсынылған мақсаттардың білім алушылармен нәтижелілігін сезіну, біздің ойымызша, болашақ кәсіби іс-әрекетінің ақпараттық үлгісі ретінде оқу-педагогикалық міндеттерін мақсаттылық деңгейінде қалыптастыру болып табылады. Міндеттерді қалыптастыру мақсат туралы ақпараты болу мен қажетті әрекетті іске асыру шарттарын түсіну болып табылады (кесте 14).

Кесте 14 - Элективті курс барысында болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту мақсатында қолданылатын оқыту үдерісінің мақсатты қызметтері

Қызметтер	Оқыту үдерісіндегі қызметтердің мазмұны
1	2
Тәрбиелік	Әлеуметтік бағдарланған мотивация, жалпы адамзаттық ережелер негізінде тұлғаның адамгершілік құндылықтары және сапаларын қалыптастыру
Әлеуметтік - бағдарланған	Адами қарым-қатынастың әлеуметтік тәжірибесін үлгі ретінде алып, рухани-адамгершілік идеалдар туралы білім беру негізінде оқу диалогын құру арқылы тұлға әлеуетін арттыру
Оқыту	Танымдық іс-әрекет әдістерді дамытуды ынталандыру, оқу дағдысын арттыру, өзіндік білімін толықтыруға саналы негізде келу қажеттілігін дағдыландыру
Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік	Ұжымда жұмыс жасауға тарту, ынтымақтастық дағдыларын дамыту, жағдаятқа сай шешім қабылдау, алынған ақпаратты мақсатты түрде орындауға әсер ету
Дамытушылық	Болашақ педагог тұлғасының еріктік, эмоционалдық, интеллектуалдық аясын дамыту
Ынталандырушы	Қарым-қатынас қатысушыларының қажеттілігін және сапалық кешендеріне әсер ету, олардың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, ұстанымдарын, көзқарастарын, жағымды әрекет етуге әсер ету, ішкі әлеуетін және позициясын дамыту
Коммуникативтілік	Оқыту үдерісінде өзара әрекеттестік, нақты шешім қабылдаудағы ынтымақтастықты қолдану арқылы болашақ педагог тұлғасының құрылымында коммуникативтік сапаларды, қарым-қатынас стилін, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру
Психологиялық түзетушілік	Оқыту үдерісінде тұлғалық сапалардың жағымсыз көріністерін реттеу, ұжым арасында туындайтын жағымсыздықты бәсеңдету, қарым-қатынастағы сәйкессіздіктерді шешу

14 - кестенің жалғасы

1	2
Рефлексивтік	Болашақ педагогтерге өзіндік санасын сезінуге көмектесу, эмоционалды күй, өзінің және өзгелердің тұлғалық ерекшеліктерін түсінуде демеу көрсету
Өзіндік даму мен дамыту қызметі	Ең жоғары сапа және мүмкіндіктерін болашақ педагогтің түсінуі және саналы негізде ынталандыруы, өз мүмкіндіктері мен күштеріне сенімін көтеру, кәсіби іс-әрекетке қажетті жаңа мүмкіндіктерді, әлеуетті ашу және дамыту

Мақсатты оқу-педагогикалық міндет түрінде қабылдау болашақ педагогтерді қарама-қайшылықтарды шешуге және соған сәйкес белсенді әрекеттерге ынталандырады. Ынталандыру қызметін әрқашан мотив орындайды, ол болашақ педагогтерді дамытудың мүмкін жолы, өйткені тұлғаның құрамдас бөліктеріне әсер етеді, яғни тұлға бағыттылығына, іс-әрекетіне, мүмкіндіктеріне, психикалық үдерістеріне.

Мотивация іс-әрекет мақсатын сәйкестендіреді, оның нәтижеге жетудегі құралдарын анықтайды, тұлғаның тұтас әрекетінде саналылық пен мақсаттылықты шарттастырады. Мотив күші орындалатын іс-әрекет маңыздылығымен анықталады, оған оқу әрекетінің қарқындылығы байланысты. Болашақ педагогтердің танымдық мотивтерінің жоғары болуы, күрделі міндеттерін шешуде әсер етеді, оның болашақ кәсіби іс-әрекетіндегі әлеуетін арттыруға тікелей әсер етеді. Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытудың негізгі мақсаты негізгі мазмұндағы кәсіби біліммен қаруландыру, болашақ кәсіби іс-әрекетінде белсенді, дұрыс қарым-қатынас құруға бағдарлау. Осы мақсат - жүргізілген элективті курс мазмұны субъектілікке (ішкі шығармашылық белсенділікті арттыру), диалог құруға (даму әр кезде қарым-қатынас негізінде жүреді), ашықтыққа, қосымшалыққа (болашақ педагог субъективті мәндерімен толықтырылса) негізделген болса, дұрыс іске асады. Осы негізде біз элективті курс барысында ұстанған ұстанымдарға тоқталамыз.

1. Мәдениеттілік ұстанымы. Бұл ұстаным негізінде тұлға еркін, тұтас, өз құндылықтарын таңдауға қабілетті, өз мәдени даму жолын білетін, өзіндік орнын анықтаған, өзіндік іс-әрекетке бейім деп қарастырылады, ал мазмұндық құраушысы жалпы адамзаттық, жалпы ұлттық, тұрғылықты жерге тән мәдениет негізінде алынды. Бұл негізде болашақ педагогтердің мәдени-білім беру кеңістігін жағымды құру оның кәсіби әлеуетін дамытуға әсер етеді.

2. Кәсіби әлеует дамытудың мазмұнын құндылықты-мәнділікпен толықтыру ұстанымы. Бұл ұстаным басты негізі болашақ педагогке оқыту үдерісі барысында дұрыс қарым-қатынас құру арқылы мәнді білім мен құндылықтарды игеру.

3. Қарым-қатынас құру ұстанымы. Оқу материалы қарым-қатынас ережелерін сақтап ұйымдастырылады. Ол негізде күрделі сұрақтар құрастыру, сұрақ-жауап негізінде мәнді шешімдер іздестіру. Осы ретте әр болашақ маман өзін және өзгені түсінуге мүмкіндік алады.

4. Қалыпты түсініктерді ендіру ұстанымы. Оқу материалын құруда феномендерді түсіндіруде білім алушылардың жеке білімдерін үнемі нақтылау негізінде көрініс табады.

Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытуда оның мазмұны мақсатты түрде, педагог-психологтардың ғылыми-әдістемелік ұсыныстарын ескере отырып құрылады.

Бұл мәселе көптеген ресей дидакттарының еңбегінде қарастырылған Ю.К. Бабанского [129], Е.Л. Белкина [130], В.В. Краевского [131], В.С. Леднева [132], И.Я. Лернера [133], М.Н. Скаткина [134] және т.б. Олар ғылымға белгілі білім мазмұнының үш деңгейін ерекшелеп көрсеткен:

- жалпы теориялық ұсыным деңгейі;
- оқу пәні деңгейі;
- оқу материалы деңгейі.

Біздің зерттеу мәселемізді шешуде психологиялық – педагогикалық пәндер мазмұнын қарастыру, олардың заманауи талапқа сай ізгілік және мәдени құндылықтарды ескере отырып құрылуын қадағалау, оқу материалын ұсынуда инновациялық әдістемелерді қолдану болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытуға тиімді жағдай тудырады. Бүгінде жүйелі негізде берілген пәндер жиынтығы аса маңызды, олар бізге болашақ педагог мамандардың бойында қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруда бірізділік пен тұтастықты оқыту үдерісінде қамтуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік білім беру стандартын талдау, психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша бағдарламалар мен оқу жоспарларын және студенттермен жүргізілген диагностикалық мәліметтер бізге арнайы курс өңдеп және ендіру қажеттілігін айқындады.

Арнайы курсты ендіру мен өндеудің негізгі себептері:

- психологиялық-педагогикалық цикл пәндерін зерттеуден алынған нәтиже бойынша болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту қажеттілігін, білімін, білік және дағдыларын өзектердіру, жүйелеу қажеттілігі;
- кәсіби әлеует ерекшеліктерін қарастыру мен арнайы педагогикалық категория ретінде интеграциялық мүмкіндіктерін көрсету қажеттілігі;
- болашақ кәсіби іс-әрекетіне дайындау және кәсіби маңызды сапасы ретінде кәсіби әлеуетін болашақ педагогтердің тарапынан өзіндік бақылау, өзін-өзі жетілдіру бойынша әрекеттерін ынталандыру қажеттілігі.

Әрине кішігірім арнайы курс кәсіби әлеует дамыту мәселесін толықтай шешімін табады деп айта алмаймыз, дегенмен бұл мәселені ғылыми негізде қарастыру, сол талданған теориялық негізді жүйелеу арқылы пән мазмұнына ендіру, дамыту мүмкіндіктерін көрсетуде білім алушылардың жеке әлеуетін арттыру, осы мәселеге зейінін аудару, оны күнделікті оқыту үдерісінде қолдану оған қажетті болашақ педагогтер бойында қажетті сапаларды дамытуға, өзіндік танымға, өзіндік дамуға жетелейді.

Элективті курс мазмұнын құрылымдау үшін келесідей деңгейлер ескерілді:

- білім беру стандартына сәйкес оқытылатын міндетті пәндер мазмұны және оқу бағдарламалары талданды;

- болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту бойынша білім, білік және дағды дамытуға қажетті тақырыптар анықталды;
- болашақ педагогтардың кәсіби әлеуетін дамыту міндеттері нақтыланды;
- оқу сабақтарындаарнайы курс іске асыру шарттары анықталып, оқу пәндерін жүргізу формалары нақтыланды;
- болашақ педагогтардың кәсіби әлеуетін дамытуға әсер етуші жеке деңгейлері мен сабақтар өңделді.

Элективті курс және психологиялық-педагогикалық пәндер болашақ педагогтың тәрбиелеу потенциалын дамытуға қажетті теориялық база құрайды, ал педагогикалық практика әр білімгерге тәрбие жұмысының педагогикалық тәжірибесін меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл теориямен практиканы ұдайы бекіткен жағдайда мүмкін болады. Теориялық дайындық пен жеке ұстаздың кәсіби дайындығы педагогтың тәжірибеде жатыр. Болашақ мұғалімінің кәсіби әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттарын белгіледік, олар: кафедраның тәрбие жұмысы, аудиториядан тыс қызмет, жоғары оқу орнының теориялық білімдері: педагогикалық-психологиялық білімдер, мамандандыруға арналған білімдер, жаңа мазмұндық пәндік білімдер т.б. арқылы қалыптасатын жоғары оқу орнының мәдени-қалыптастырушы ортасы. Осы орайда біз болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің дамуының теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтап, анықтау эксперименті негізінде деңгейін тексеріп, құрылымдық-мазмұндық үлгі мүмкіндіктерін пайдаланып қалыптастыру эксперименті барысында оқу үдерісіне элективті курс ендіруге, жүргізуге, сонымен қатар оның мүмкіндіктерін тексеруге мүмкіндік алдық. Элективті курс атауы: ***«Педагог әлеуетін дамытудың теориясы мен әдістемесі».***

Элективті курс мақсаты: Педагогика және психологиядағы зерттеу әдістерінің психологиялық, табиғаттық, эмпирикалық мәліметтерді алу процедурасының жалпы сипаты, зерттеуші мен зерттелінушінің бірлескен іс-әрекеті, зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу әдістерімен білімгерлерді таныстыру, үйрету.

Элективті курс міндеттері:

-ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде болашақ мамандардың жеке танымдық болмысын және құндылықтарын құрметтеу мен оларды дамыту бағытындағы әрекеттерін анықтауға мүмкіндік жасау;

- болашақ мамандардың игеретін кәсіби қызметіндегі жеке құрылымдық құраушыларды осының негізіндегі құндылықтарды жеке тұлғаның дамуының факторы ретінде басшылыққа алу, оқу үдерісіндегі оқу танымдық әрекеттері арқылы танымдарына саналық тұрғыдан бекуіне ықпал жасау, жүзеге асыру;

- ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде студенттерге болашақ кәсіби қызметінің жұмыс жоспары мен оның бағдарламасын құра білу іскерлігіне үйрету мен меңгерту;

- педагогикалық әрекеттегі кері байланысты /рефлексивті/этикалық тәртіппен жасауға және кәсіби тәжірибені бағалай білуге үйрету;

- болашақ мамандардың білім ортасын құру және өзге жеке тұлғалардың сұраныстық қажеттіліктері мен жеке тұлғаның қажеттілік тілектерін әрдайым үйлесімділікте болуын басшылыққа алып отыру қабілеттерін дамыту;
- педагогикалық үдерісте немесе әрекетте тілдік мәдениет және адами-ізгілікті қарым-қатынасты қалыптастырып, дамыту;
- санадағы танымдық сұраныс қажеттілікті қанағаттандырудағы ықпал жасайтын түрлі жағдайларды оның қажетті құралдары мен тәсілдері ретінде түсіну және меңгеру;
- болашақ маманның танымдық ой-өрісін дамыту;
- педагогикалық үдерісті басқаруда болашақ мұғалімнің кәсіби қызметінің шекаралық ауқымын кеңейту.
- педагог әлеуетін дамыту бойынша білік, дағды және алған білімдерін жүйелеу, бекіту және қайталау;
- кәсіби әлеует дамытуға бағытталған психологиялық – педагогикалық білімін өзектендіру;
- әр білім алушы тұлғасына қатысты өзіндік таным мотивациялық деңгейін көтеруге бағдарлау;
- кәсіби әлеуетін дамытуға қажетті арнайы сапаларды оқу үдерісінде арнайы жағдаяттар негізінде дамыту;
- болашақ педагог кәсіби әлеуетін анықтау үшін қажетті диагностикалық әдістерді игеруде көмек беру;
- болашақ педагог кәсіби әлеуетін дамыту жолында қажетті дағдыларды игеруде өзіндік бақылау, өзіндік басқару, өзін-өзі жетілдіруді дамыту.

Осы курс оқу нәтижесінде:

- болмыс құбылыстарына деген ғылыми принциптермен қаруландырылып, зерттеу жүргізе алуға білімдер қалыптасады;
- психологиялық эксперименттерді жоспарлау, ұйымдастыру және нәтижелерін өңдеу, зерттеу қорытындысын жасай алуға білімдер қалыптасады;
- психолог-зерттеуші, психолог-экспериментатор еңбегіне қатысты жалпы психологиялық принциптер меңгеріледі.

Арнайы курсты игеру кезінде болашақ педагогтерге дәріс, семинар, шығармашылық, жеке тапсырмалар берілді, олардың тақырыптық – мазмұндық жоспары 15 кестеде берілген.

Кесте 15 - «Педагог әлеуетін дамытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курсының оқу жұмыс бағдарламасы .

Апта №	№	Лекция, семинар сабақтардың атаулары	
		Лекция	Семинар
Модуль 1. Тұлғалық-бағдарлық білім беру			
1	2	3	4
1 апта	1.1	Педагогты кәсіби қызметке психологиялық – педагогикалық дайындау әдістемесі	Қазіргі білім беру мақсаты мен міндеттері.

15 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
2 апта	1.2	Педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының ғылыми-теориялық негіздері	Педагогтың кәсіби әлеуетінің мәндік сипаттамасы.
3 апта	1.3	Педагогтың кәсіби әлеуетінің мазмұнын құрайтын және оның дамуына ықпал ететін құрылымдар	Қазіргі педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуы.
4 апта	1.4	Заманауи білім беру жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту жолдары	Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының педагогикалық шарттары.
5 апта	1.5	Болашақ педагогтың кәсіби әлеуеті моделінің мазмұны мен құрылымы	Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту.
6 апта	1.6	Педагогикалық процестегі мұғалім мен оқушылардың өзара байланысы	Біртұтас педагогикалық процестің пәні мен объектісі
7 апта	1.7	Ғылыми педагогикалық зерттеулер әдістері	Жеке тұлға дамуы мен қалыптасуы
8 апта	1.8	Тұтас педагогикалық процестегі оқыту	Оқытудың әдіснамалық және психологиялық негізі
Модул 2. Адамзат тәжірибесі			
9 апта	2.1	Оқытуды ұйымдастыру түрлері	Оқытуды ұйымдастыру түрлері жайлы түсінік
10 апта	2.2	Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушылық – педагогикалық негізі	Оқыту әдістемесіне сипаттама
11 апта	2.3	Педагогикалық технологиялар	Оқытудың әдеттегі дәстүрлі технологиясы
12 апта	2.4	Білім беруді ұйымдастыру жүйесі және мемлекеттік стандарты	Орта білім беру жүйесінің даму тенденциялары
13 апта	2.5	Тәрбиелік жүйенің құрылымы мен қағидаларына сипаттамасы	Қиын балаларға қатысты педагогикалық қолдаудың ерекшеліктерімен танысу
14 апта	2.6	Қазіргі замануи психологиялық зерттеудің мәселелері	Психологиялық зерттеудің логикалық құрылымын түсінуді қалыптастыру
15 апта	2.7	Кәсіби кеңес берудің мүмкіндіктері мен ерекшеліктері	Түрлі категориядағы адамдармен кеңес беруді қалай жүргізу қажет

1-тақырып. Педагогты кәсіби қызметке психологиялық – педагогикалық дайындау әдістемесі. Білім беруді ұйымдастыру жүйесі және мемлекеттік стандарты.

Болашақ педагогтерді кәсіби қызметке дайындау әдістемесін қамтамасыз етуді мемлекеттік құжаттар мазмұнына сәйкес көрсету. Кәсіби дайындық мәселесінің психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде қарастырылу мүмкіндіктерін беру.

Қазақстандағы жоғары білімді дамытудың заңнамалық базасы. ҚР «Білім туралы» Заң 1999ж., 7 маусым; 2007 жылғы 27 шілде (№319-ІІІ ҚРЗ, Астана, Ақорда), 2012 жыл 09 қаңтардағы толықтырулармен; 24.11.2015 №419; 09.04.2016 №501; 05.05.2017 № 60; 05.07.2017 № 88; 04.07.2018 №172; 01.04.2019 №240 өзгертулер мен толықтырулармен; Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Астана. 18 ақпан, №407-IV, 2011; ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. 16.11.2009ж.; Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы Астана, 2019. 1 сәуір.

Болашақ педагогтердің кәсіби дайындығы бұл – арнайы білімдер жүйесін игеру, жалпы және арнайы білік, дағдыларды кәсіби іс-әрекетті шығармашылық негізде орындау мақсатында игеру үдерісі, дайындық – болашақ маманның кәсіби маңызды интегративті сапасы, яғни кәсіби дайындық нәтижесі.

2-тақырып. «Педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының ғылыми-теориялық негіздері» деп беріліп отыр.

Болашақ педагогтердің әлеуеті, кәсіби әлеуеті, кәсіби әлеуетін дамыту ұғымдарына теориялық талдау жасау негізінде, әр түсінікке қысқаша анықтама беріп өтсек.

Педагогикалық әлеует – бұл педагогикалық құндылықтар, идеялар, мазмұн, әдістемелік және басқа да құралдар. Зерттеушілер педагогикалық әлеуеттің келесі қасиеттерін атап өтеді: ресурстар, іске асыру шарттары, динамизм, жүйелілік, функционалдылық.

Педагогтың кәсіби әлеуеті – мамандыққа байланысты ғылым саласының теориялық негіздерін меңгеруі арқылы рухани күшінің жиынтығын немесе мүмкіндігін оқу-тәрбие үдерісін дидактикалық талаптарға сай үйлесімді ұйымдастыруы мен өткізу мақсатында оларды шеберлікпен қолдана білу ретінде анықталады. *Кәсіби әлеует* - құзыретті маман даярлау сапасының, еңбек қызметі тиімділігінің сипаттамасы ретінде. *Болашақ педагогтің кәсіби әлеуеті* - жалпы білім мен кәсіби білім арасындағы қатынасты анықтауға мүмкіндік беретін негізгі білімді көшпелі кезеңнің өздік білім сатысы ретінде жіктеп, ішкі мүмкіндіктерін реттеу.

Болашақ педагогтің кәсіби әлеуетінің дамуы - болашақ педагог мамандығының даму үрдісі социумның ықпалымен педагогтің кәсіби құрылымы мен кәсіби рөлдерінің динамикалық өзгеруі.

3-тақырып. Педагогтің кәсіби әлеуетінің мазмұнын құрайтын және оның дамуына ықпал ететін құрылымдар.

Педагогтың кәсіби әлеуетіне қатысты және мазмұн жағынан жақын ұғым – педагогикалық кәсібилік. Жалпы алғанда, педагогикалық кәсібилік оқу-тәрбие үдерістерінің барысын саралап, ұйымдастырылуы мен өткізілуін болжау, келешекте пайда болатын қиындықтарды алдын ала шешу мүмкіндігіне ие болу қабілеті. Яғни, кәсібилік – бұл кәсіби тұрғыдан ойлау және әрекет жасау қабілеті. Кәсіби әлеует құрылымы: педагогикалық іс-әрекетке бейімделу; жеке және кәсіби қасиеттердің жинақталуы, жүйелі дайындығы; педагогикалық

үдерістің мәнін жеке түсіну, орындау мүмкіндігіне ие; кәсіби қызметке қатынасы, жоғары шығармашылық деңгейі.

4-тақырып. Заманауи білім беру жағдайында болашақ педагогтің кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту жолдары. Білім алушылардың білімді игеруге ғана емес, сонымен бірге *ойлау тәсілдеріне, білімнің формализмін еңсеруге, адамның танымдық күштері мен шығармашылығын* құрылымдайтын кәсіби әлеуетін, оның *рухани-адамгершілік сапасын* дамытуға бағытталған білім мазмұны мен әдістерін ойлап табудың жүйелілігін қалыптастыру арқылы; Болашақ педагогтердің рөлі мен белсенді әдістері бар іс-әрекетті дамыту, *жеке тұлғаға бағдарланған* оқытуға негізінде; Студент оқу әрекетінің «субъектісі» болып табылатын тұжырымдамалар мен технологиялардан бастап, оқу субъектісі ретінде *танымдық бастамаларды ұйымдастыруға*, қолдауға және ынталандыруға, ынтымақтастық атмосферасын бірлесіп құру арқылы; Білім алушылардың оқудағы «үйрену» ұстанымынан *жасампаз, өзін-өзі білімдендіру*, белсенділікке қарай жоғарылауы бойынша өзгерістерді пайдалану негізінде; Инновациялық оқытудың құндылығы – бұл білімді игеру емес, білім алушылардың кәсіби әлеуетін дамыту жағдайында *жаңа теорияның туындауына*, құрылған білім беру мақсатының тереңдеуіне танымдық және жеке қасиеттерін дамыту құралы ретінде пайдаланылған болса.

5-тақырып. Болашақ педагогтің кәсіби әлеуеті моделінің мазмұны мен құрылымы.

Жаңартылған білім мазмұнына көшудегі басты идея – үздік экономикалық білім беру мақсаттарын *«білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға»* өту арқылы шешуді көздейді. Осы орайда болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін жаңартылған білім мазмұны аясында дамытудың теориялық талдауларға, тұжырымдауларға сүйеніп, «қазіргі білім беру мазмұны аясындағы болашақ педагогтің моделін» келесідей сипаттауға болады.

Қазіргі білім беру мазмұны аясындағы болашақ педагогтің моделі келесідей:

- тәрбиелеу мен оқытудың жаңашыл тәсілдерін қарастыру, жинақтау: білім берудің жаңашыл тәсілдерін /технологиясын/ отандық оқыту жүйесіне икемдеп жетілдіру мен жасау, тәрбиелеу мен оқытудың жаңа іс-әрекеттерін белгілеуді меңгерген;

- оқушыларды жалпы дамытуда олардың білім алудағы дүниетанымдық және тәрбиелік болмысындағы қарым-қатынас іс-әрекеттерін бағалаудың диагностикалық әдіс-тәсілдерін біледі;

- педагогикалық үдерісті басқару мен өзін-өзі басқарудың жаңа менеджменттік жүйелерін құрастырады т.б.

- білім беру мазмұнын жаңарту: жаңа оқу бағдарламасын жасау, тәрбиелеу мен оқытудағы өзара қарым-қатынастағы белсенді әрекеттер, баламалы жаңа бағдарламалар – авторлық үздік бағдарламаларды құра алады.

6-тақырып. Педагогикалық үдерістегі мұғалім мен оқушылардың өзара байланысы. Мұндағы оқытушы мен білім алушы арасындағы оқытудың жеке

жоспарын әзірлеуге, жүйелі кері байланыс жұмыстарын ұйымдастыруға шеберлігінің, баланың жеке даму жоспарын және білімді толықтыруға арналған алгоритмді дербес әзірлеу техникасының болуы арқылы құрылатынын айта кеткен жөн. Жалпы педагогикалық үдеріс әдіснамалық базасы біздің зерттеу мәселемізге қатысты *аксиологиялық тұғыр, жүйелік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, синергетикалық тұғыр, құзыреттілік тұғырларды* негізге алу арқылы құрылады. Әдіснамалық тұғырлардың негізгі атқаратын функцияларына, байланыстарына, қатынас бірліктеріне талдау қажеттілігі алға тартылады.

7-8 тақырыптар. Ғылыми педагогикалық зерттеулер әдістері. Тұтас педагогикалық процестегі оқыту. Зерттеу мәселесіне сәйкес біздің жұмысымызда инновациялық-ақпараттық ресурстар: білім беру бағдарламалары, оқу жоспары, оқу құралдары, ғаламтор ресурстары, білім порталдары, білім сайттарын талдау, саралау, салыстыру, ақпарат жинақтау жүргізілді. Сонымен қатар төменде сипаттама берілген формалар мен әдістер қолданылды: дәріс-диалог; брифинг, конференция, семинар, ассоциациялау, белсенді оқу түрлері.

Сол сияқты тұтас педагогикалық үдерісте оқытуды ұйымдастыруда педагогикалық шарт маңызы зор, ол жеке тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру үшін белгілі мақсатқа бағытталған жүйелі тәрбие және білім беру мен оқыту туралы мәселені ғылым аясында зерттейтін теориялық және тәжірибелік ғылымдардың жиыны ретінде қарастырылады.

9-10 тақырыптар. Оқытуды ұйымдастыру түрлері. Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушылық – педагогикалық негізі.

Білім мен оқытуды ұйымдастыруда, оны жүзеге асыру барысында заманауи өзгерістерге сай модернизациялау жоспарланады. «Түрлері» деген ұғым латын тілінен аударғанда «форма» сырқы көрініс дегенді білдіреді, сыртқы сызық-белгілі орныққан тәртіп. Философия пәнінде «түрлері» ішкі мазмұнды ұйымдастыру деген ұғыммен анықталады. Әрбір оқыту әрекетін ұйымдастыруда зерттеу мәселесіне сай негізге төмендегі әдіснамалық ұстанымдар алынған: ізгіліктілік, даму, танымдық, субъектілік, жеке тұлғаның әлеуетін дамыту. Әр әдіснамалық тұғыр негізінде оқыту барсында білім алушылардың танымдық мазмұны, құндылық қатынас, ізгіліктік білім, көркем тәрбиеге бағытталуы, оқыту ұйымдастырылуы терең құрылымдалған және бір-бірімен тығыз байланысты элементтердің жиынтығы ретінде жүйелі түрде құрылуы, білім алушылардың *жеке* қасиеттері мен әмбебап оқу іс-әрекеттерінің қалыптасуына байланысты оқыту мен тәрбиелеудің негізгі нәтижелерін анықтау; тиісті пәндік салаларда маңызды білімге бағдарлана отырып, оқу пәндері мен жалпы білім беру мазмұнын құру; білім беру үшін әмбебап оқу іс-әрекеттерінің функцияларын, оның мазмұны мен құрылымын анықтау; әмбебап оқу іс-әрекеттерінің нақты түрлерін оңтайлы қалыптастыруға болатын оқу пәндерінің шеңберін анықтау арқылы жүргізіледі.

11-13 тақырыптар. Педагогикалық технологиялар. Тәрбиелік жүйенің құрылымы мен қағидаларына сипаттамасы.

Көптеген ғалымдар пайымдауынша «Педагогикалық технология – бұл оқытудың формасын, әдісін, тәсілін, тәрбиенің құралын жинақтауды анықтайтын психологиялық-педагогикалық құрылғылардың жинағы» (Б.Т. Лихачев), сонымен қатар педагогикалық технология үш негізгі аспект бойынша қарастырылады: ғылыми, бейнелік іс-әрекет, нақты іс-әрекет. Педагогикалық технология инновация ұғымымен тікелей байланыста, жалпы «Инновация» - «жаңа», «жаналық енгізу», деп көрсетілсе, кейбіреулер оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды. Біздің зерттеуімізге сәйкес, ынтымақтастық технологиясы, білім беруді ізгілендіру технологиясы (Ш. Амоношвили), ойын арқылы оқыту технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, түсіндіре басқарып оза оқыту технологиясы (Лысенкова С.Н.), деңгейлеп саралап оқыту технологиясы, өздігінен даму, дамыта оқыту технологиясы, сыни ойлау технологиясы және т.б. пайдаланылды.

Тәрбие - қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру үдерісі, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастырушы үдеріс, жас буын сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы құрылым. Тәрбие жүйесін ұйымдастыруда зерттеу мәселесіне орай «өзін-өзі дамыту теориясын» ұстанамыз, яғни өзін-өзі ұйымдастыратын механизмдердің жүзеге асуындағы нақты тәсілдемелерге ерекше көңіл бөлінеді және ұтымды әдістердің жүйе шеңберінің жиынтық әрекеті басшылыққа алынады.

14-15 тақырыптар. Қазіргі замануи психологиялық зерттеудің мәселелері. Кәсіби кеңес берудің мүмкіндіктері мен ерекшеліктері.

Т.М. Сорокина өз зерттеулерінде мұғалім құзыреттілігі ұғымын оның кәсіби дайындығының динамикалық, процессуалдық, кәсіби өсу, өзгеру сипатын мотивациялық және әрекеттік тұрғыдан қарастырады.

Мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің ерекшелігі – көппәнділік. Оның маңызды сипаты: гуманистік педагогикалық көзқарастың ерекшелігінде; мұғалімнің педагогикалық ойлауы арқылы жүзеге асатын кәсіби интегративтік білім мен дағды жүйесінде көрінетін «балаға бағыттылық» болып табылады.

Кәсіби кеңес беру ерекшелігін тікелей тұлға әлеуетімен байланыстыра қарауға болады, «әлеуеттің» қажетті құрамдастарын *ақыл-ойды трансформациялау модустары*, адамның маңызды күштерін кеңейтуге ықпал ететін *гуманитарлық ойлауды қалыптастыру қажеттілігі*, субъективтілік мәселесін шешетін әлеуметтік-мәдени детерминанттар болып табылатын *жеке даму траекторияларын айқындаудың нысаналы бағдарлары, әмбебап қабілеттер*, оның ішінде тұжырымдамалық қабілеттер: ойлау қабілеті (*өзін-өзі тану призмасы арқылы әлемді тұтас көру*), шығармашылық тұрғыда әлем туралы тұтас ұғымды жүзеге асыру қабілеттерді құрайтындығын кәсіби әлеует ұғымының мазмұнын сипаттауда, нақтылауда негізге ала аламыз.

Элективті курс игеру бастапқы кезеңінен студенттер теориялық материалды игерумен қатар, кәсіби әлеуетті дамытуға бағытталған белсенді шығармашылық іс-әрекетке де ендірілді. Бұл жұмыс бірнеше деңгейден тұрды:

Бірінші деңгей – дифференциалдық – диагностикалық сауалнама мен өзіндік бақылау жүргізу;

Екінші деңгей – түрлі дербес орындалатын тапсырмалар, тапсырмалар кәсіби әлеует деңгейін жоғарылатуға бағытталды, өзіндік таным жаттығулары, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту жолдары;

Үшінші деңгей – кәсіби әлеуетті дамытуға бағытталған топтық жұмыс формаларын жүргізу және ұйымдастыру, рөлдік ойындар, кәсіби іс-әрекет барысында туындаушы мәселелерді шешуге бағытталған педагогикалық жағдаяттар орындау, топтық пікірталас, өзара кәсіби деңгейге сипаттама беру, кәсіби коммуникативтік мүмкіндіктерді арттыру;

Бұл деңгейдің негізгі мақсаты студенттерді ынтымақтастық қарым-қатынасқа түсуге дағдыландыру, кәсіби іс-әрекет ортасын құру, ол кеңістікте туындаған мәселелерді ортақ шеше ала, баға беру, тиімді қарым-қатынас жолын анықтау;

Төртінші деңгей – педагогикалық, инновациялық технологияларды игеру, психологиялық-педагогикалық еңбектердегі кәсіби әлеует дамыту құралдары мен әдістерін танып білу;

Бесінші деңгей – педагогикалық техникалар элементтерін пайдаланып, түрлі инновациялық технологиялар негізінде оқыту ойындарын, кәсіби ойындарын, тренинг сабақтарын жүргізу және ұйымдастыру;

Алтыншы деңгей – дербес тапсырмаларды орындау, болашақ кәсіби іс-әрекет кеңістігінде тәжірибеден өту, тәрбиелік іс-шараға қатысу, оқудан тыс іс-шараларға қатысу, оқытушы мен студент арасындағы өзараәрекеттестікті зерттеу, оны жақсарты шараларын арттыру, кәсіби тәжірибесін көбейту.

Педагогикалық қарым-қатынастың негізгі үдерістік сипаттамасы тұлғалық бағдарланған өзараәрекеттестік «оқытушы-оқушы» үнемі орын алатын әрекеттестіктің түрі, ол бірінші кезекте дидактикалық-коммуникативтік кеңістік ретінде субъектілі-мәндік, қарым-қатынас, рефлексия, тұлғаның өзіндік орнын табуды қамтамасыз етеді. Дәл осындай қарым-қатынас, дамыту ортасы ұжымдық өзараәрекеттестікте, ынтымақтастықта туындап, келесідей жеке қызметтерді қажет етеді, оның мазмұны төменгі әрекеттерден тұрады:

- рухани таным мен таңдау жасау, кәсіби әлеуетті дамытуға мотивацияның болуы;

- өзіндік мақсат қоя алу;

- кәсіби іс-әрекет рөліне ене білу;

- әлеуметтік ортада өзіндік маңыздылығын түсіну және сезіну;

- өзіндік талдау, өзіндік бақылау;

- өзінің ескі ұстанымдарынан бас тартып, өзгеріске ұмтылу, жаңа құндылықтарды қабылдау;

- тұлғаның ішкі және сыртқы өзгерістеріне өзіндік жауапкершілік сезіну.

Өзара әрекеттестік негізінде құрылған оқу жағдайын құру бірнеше анықталған қадамдарды қажет етеді: маңызды пәндік аядағы тұлғалық бағдар, мәселені айқындау, субъектілер қызығушылығын ескеру, тұлғалық әлем бейнесінің бірі ретінде өмірлік құндылықтар бірі үшін маңызды мән мәтінде мәселені айқындау, теориялық негізде игерілген кәсіби әлеует туралы білімін тәжірибеде қолдану, өзіндік ойлау, креативті және сыни ойлау негізінде өзіндік

таным үдерістерін негіздеу.

Сол себепті арнайы курс мазмұнын жоспарлауда біз жалпы студенттердің оқу және шығармашылық, танымдық іс-әрекетінде қолдану ерекшеліктерін ескеру. Т.П. Дикун зерттеулеріне сүйеніп келесідей шаттарды жүйеледік:

- шығармашылық көріністерге ішкі кедергілерді жою (өз-өзіне сенімді болу, студенттер сабақ барысында дұрыс түсінбеу немесе дұрыс қабылданбау деген сияқты күдіктің болмауы), ойлау (әрбір субъект ойы тыңдауды қажет ететінін ескеру);

- бейсана жұмысының реттілігі (кездейсоқ пайда болған ойды жоғалтып алмау);

- ми жаттығуларын орындау мүкіндігін тудыру, болашақ кәсіби кеңістік мүмкіндіктерін игеру, шығармашылық, психологиялық әлеует мүмкіндігін білу, педагогикалық қарым-қатынас кезіндегі педагогикалық этика мен такт болуы;

- студенттерге кәсіби іс-әрекет жалпы бағыты мен мәнін түсінуге көмектесу, ол әрекет негізінде кәсіби маңызды сапалардың дамуын қамтамасыз ету (егер бұл маңыздылықты жауапкершілікпен қабылдануы, ойын ретінде қабылдамау).

Бұл көрсетілген ұсыныстар тек еркін пікірталас ортасында, идея алмасу, шығармашылық пікірталас, қызу талқылау кезінде мүмкін. Оның жалпы сипаты студенттердің жеке дара үдеріске белсенді қатысуы, ондай ортаны тек кәсіби білікті маман тарапынан орнатуға болады.

Жалпы осыған дейін элективті курстың мазмұндық компоненті сипатталып көрсетілген болса, осы ретте үдерістік компонентіне де тоқталған жөн деп есептейміз. ЖОО-да оқыту тиімділігі әдетте студенттер игеруші білім, білік және дағды оларға тұлғалық негізде маңызды болса, ғылыми дүниетанымын қалыптастырумен шартталған болса, оның шығармашылық бастамасы, болашақ кәсіби іс-әрекетіне деген қызығушылығы жоғары болса артады.

Білім алу және тәрбие берудің ең басты міндеті білім игеру, сол себепті білім субъектіге өзге адамдармен өзараәрекеттестік жасауға көмектеседі, онда үлкен рөлге белсенді әдістерге ие, оқу белсенділігін көтеруді шешуші міндеттер, өзара көмек беруді тәрбиелеу, ынтымақтастық. Белсенді әдістерді қолдану танымдық мотивацияның көрінуіне әсер етеді, олар студенттерге өз мүмкіндіктері мен қасиеттерін дамытуға ынтыландырады, ол өз кезегінде тұлғаны қалыптастыру мен шығармашылық әлеуетін көрсетуге әсер етеді.

Оқу іс-әрекетін жандандыру барлық студенттердің оқу іс-әрекетіне белсенді қатысуын білдіреді, ол үшін студенттерге үдеріс қызықты болуы шарт. Студенттердің барлық оқу іс-әрекеті тікелей қарым-қатынас жағдайында жүруі маңызды. Әрбір студент өз үлесін қосатын, оның белсенділігін ынталандыратын, өзара түсіністік, өзара көмек ахуалын құруға, іс-әрекеттің нәтижесінде әрқайсысының қызығушылығын тудыратын алдағы оқу мәселесін шешуге бағытталған әрекет, студенттердің өзара топтағы әрекеті болып табылады. Осыған орай мәселенің шешімін бірлесіп іздеуді қажет ететін шығармашылық жұмыс түрлері басымдыққа ие. Мысалы, тіл фактілерін

бақылау және сөйлеу актілеріндегі олардың қызмет ету заңдылықтары туралы негізделген тұжырымдар, талқылау барысында студенттер үшін маңызды мәселелерді шешу, өзекті мәселелер бойынша ақпарат пен пікір алмасу, бірлескен іс-шаралар.

Студенттің белсенділігін арттырудың маңызды шарттарының бірі-оған оқытудың әр түрлі ойын технологияларын, ең алдымен іскерлік ойындарды қолдану үдерісінде белгілі бір рөл беру болып табылады. Іскерлік ойындар студент тұлғасының шығармашылық мүмкіндіктерін ашады. Іскерлік ойындарды өткізу барысында студенттердің назарын студенттердің белсенділігін арттыру көбінесе әр білім алушының әлеуеттік мүмкіндіктерін іске асыруға ықпал ететін ынтымақтастық, ізгілік, бәсекелестік ахуалын құра алатын оқытушыға байланысты екендігіне назар аудару қажет деп санаймыз.

Арнайы курсты іске асыру барысында біз ұжымдық өзараәрекеттестік ұстанымына да сүйендік, ол студенттердің өз күш-жігерін үйлестіріп, бірлесіп, түрлі оқу міндеттері мен нақты өмір мәселелерін бірлесіп шешетіндігінен көрінеді. Осы мақсатта жұптық, топтық және ұжымдық жұмыс түрлері қолданылды. Ұжымдық өзара әрекеттесудің сәттілігі көбінесе психологиялық жайлылықтың жай-күйімен, сабақта құрылуы керек босаңсумен анықталады. Бұл қарым-қатынас жеңілдігін, пікір алмасу еркіндігін қамтамасыз етеді.

Оқытудың белсенді әдістері (пікірталастар, іскерлік ойындар, кәсіби іс-әрекетке қажетті жағдаяттарды құру және т.б.) болашақ кәсіби деңгей мәнін көрсетеді, мамандардың кәсіби қасиеттерін қалыптастырады, шындыққа жақын жағдайларда "тәжірибелік орта" болып табылады. Студенттердің қателіктерін терең талдау олардың іс жүзінде қайталану ықтималдығын азайтады, бұл жас маманның кәсіби қызметтегі әлеуетін арттыруға көмектеседі.

Сонымен қатар айтарлық жай, оқыту үдерісінде пікірталас пен өзараәрекеттестік - оқытуды ұйымдастыру формасы ретінде де, оқу материалының мазмұнымен жұмыс істеу тәсілі ретінде қолдану, білім алушылардың сыни ойлауын дамытуға, қоғам мәдениетімен танысуға көмектеседі. Оқудағы пікірталас кезіндегі «кейінгі нәтиже» коммуникативті және диалогтық мәдениетті қалыптастыруда өте маңызды. М.В. Кларина ойынша, оқытудағы пікірталас әдісінің ерекшеліктері - бұл шындықты іздестіру, топта идея мен пікірлермен мақсатты түрде реттілікпен алмасу, әр қатысушы бұл негізді өзіндік позицияға ие.

Оқудағы пікірталас өзара іс-қимыл тек балама пікірлерге, сұрақтар мен жауаптарға ғана емес, қатысушылардың мазмұнды бағытталған өзін-өзі ұйымдастыруына, яғни студенттердің идеяларды, көзқарастарды, мәселелерді терең және жан-жақты талқылау үшін бір-біріне және оқытушы пікіріне жүгінуіне негізделген. Оқудағы пікірталастың маңызды ерекшелігі-оқытушының диалогтық ұстанымы, оның ұйымдастырушылық қабілетіне, басқарушылық қабілетіне байланысты орындалады.

Оқытудағы көптеген қиындықтар оқу үдерісінде диалогтық әдістерді, ең алдымен әңгімелесуді қолдану кезінде сәтті шешімін табады. Әңгімелесу оқыту әдісі ретінде, кез-келген дидактикалық мәселені шешуге қолдануға болатын

оқытушының студенттермен құрылған диалогтық формасы, оқытушының студенттермен сөйлесуі, ол әрекет мұқият ойластырылған сұрақтар жүйесін қолдана отырып ұйымдастырылады, студенттерді біртіндеп жаңа ұғымдарды, фактілерді, заңдылықтарды, сөйлеу әрекетінің диалогтық формасын игеруге әкеледі, ол белсенді талқылауды, әр түрлі көзқарастарды білдіруді қамтиды.

Әңгімелесу оқытушыға студенттердің ақыл-ой әрекетін "сыртқа көрсетуге" көмектеседі. Бұл әр студентке біртұтас үдерістің белсенді қатысушысы ретінде тиімді позицияны қамтамасыз етеді, осыған дейін алған білімдері қайта жаңғыртады, жүйелейді студенттердің коммуникативті деңгейі артады. Білім алушылардың, оқытушылардың алдына қойылатын сұрақтарға бірқатар талаптар қойылады: ол айқындық, дәлдік, сыйымдылық, қисындылық, анықтық, тұжырымдардың қарапайымдылығы мен қысқа да нұсқа болуы, өзара сыйластық негізде іске асуы.

Сонымен қатар, оқытушы сұрағы мен студент жауабының болуы бұл тек диалог емес, ол ресми қарым-қатынас көрінісі. Диалогтық өзара әрекеттесудің мәні тереңірек. Оның сыртқы бейнесі студенттердің іс-әрекеттерінің мотивациясын, оларды қабылдауды немесе өзара әрекеттесу міндеттерін қабылдамауды, әр міндетіменің мәніне сәйкес, оларды шешу деңгейіне, білім алушылардың эмоционалды - жеке қосылу дәрежесіне байланысты осы өзара іс-қимыл жағдайының диалогтық дәрежесі және оның қызметтік, жеке білім алушының танымдық дағдыларының дамуына әсері туралы айтуға болады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде біз пікірталас әдістері арқылы студенттер қарама-қайшылықтарды, талқыланатын мәселеге байланысты қиындықтарды біледі, осыған дейін игерген білімдерін жаңартады, сонымен қатар студенттер білімді қолдану және оны жаңа мән мәтінге енгізу мүмкіндіктерін шығармашылық тұрғыдан қайта қарастырады деген қорытындыға келдік.

Шығармашылық әрекет үдерісі жаңалық ашудан тұрады: жаңа нысандар, жаңа білім, жаңа мәселелер, оларды шешудің жаңа әдістері. Осыған байланысты проблемалық оқыту шығармашылық үдеріс ретінде қалыпты емес ғылыми және білім беру мәселелерін жаңа жолдармен шешуді ұсынады.

Проблемалық мәселелерді шешу негізінен оны шешудің шарттары мен жолдарын білдіретін белгілі бір мәліметтер негізінде мақсатқа жету мүмкіндігін немесе ықтималдығын растайтын немесе жоққа шығаратын логикалық пайымдаулар негізінде жүзеге асырылады.

Мәселені шешу шығармашылық ойлауды қажет етеді. Алынған үлгілерді көбейтуге байланысты репродуктивті психологиялық үдерістер проблемалық жағдайда тиімді емес. Шығармашылық ойлаудың жандануына мәселені ұжымдық шешу кезінде туындайтын субъективті қатынастар ықпал етеді. Демек, талқылау үшін бастапқы ақпаратты енгізу әдістері-бұл мәселені бірлесіп дамытуға бағытталған коммуникативтік-диалогтық іс-әрекеттің бастапқы сәті ретінде студенттердің тәжірибесін жаңарту және ұйымдастыру тәсілдері аса құнды.

Оқытушы педагогикалық және тұлғааралық өзара әрекеттесуді ұйымдастыра отырып, жетістікке жету мотивациясы танымдық мотивацияның пайда болуына кедергі келтірмейтіндей және олардың корреляциясы танымдық қозғаушы мотивтердің дамуына себеп болатындай етіп студенттердің оқу іс - әрекетін бағыттайды. Біздің ойымызша, бұл оқытудың белсенді әдістерінің бірі ретінде ойын әрекетіне ықпал етеді.

Шынында да оқу үдерісінде, іскерлік ойын-бұл болашақ еңбектің контекстін оның пәндік және әлеуметтік аспектісінде қайта құру. Іскерлік ойын ұжымдық оқу іс - әрекетінің тұтас нысанын біртұтас объектіде-өндіріс шарттары мен диалектикасы, кәсіби қызмет моделінде жүзеге асырады. Іскерлік ойын білімді жаңарту, қолдану және бекіту құралы және тәжірибелік ойлауды дамыту құралы ретінде қызмет етеді. Ол диалогтық өзара әрекеттесу режимінде жүзеге асырылады, іскерлік ойын оқыту үдерісінде екі мақсатты шешуге бағытталған: ойын және педагогикалық.

Іскерлік ойын барысында бірқатар психологиялық-педагогикалық ұстанымдар жүзеге асырылады, олардың бірі ойынның қажетті шарты ретінде әрекет ететін диалогтық өзара әрекеттесу ұстанымы болып табылады. Әр қатысушы рөлге сәйкес өзінің көзқарасын, іскерлік ойынның барлық мәселесіне деген көзқарасын білдіреді. Диалогта ойлау үдерісі пайда болады, оның пайда болуы ойынға қатысты қайшылықтардың немесе мәселелердің болуына байланысты. Ойынды ұйымдастырушы, жүргізушіге – тиімді дидактикалық жағдаят құра алу аса маңызды. Ойын ортасы қателіктерден қорықпауға, интеллектуалды түрде босаңсуға және адамның жасырын әлеуетін белсендіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, оқытуда ойын әдісі барысында студенттер іс жүзінде алатын тәжірибеге ұқсас іс-әрекет тәжірибесін игереді. Оқыту ойындары білім мен қызмет тәжірибесін оқу жағдайынан нақты жағдайға ауыстырудың ықтимал жоғары мүмкіндігін береді. Жалпы, ойын әдісі студенттердің оқу іс-әрекетін басқарудың тиімді әдісі немесе белсенді оқыту әдісі ретінде қарастырылады.

Оқыту студенттің жеке басын әлеуметтендіру факторларының бірі болып табылады және әлеуметтенудің бұл үдерісі студенттер мен оқытушылардың өмірі барысында жүреді. Әлеуметтену, белгілі бір әлеуметтік жағдайларда жеке тұлғаны қалыптастыру үдерісі, адами қатынастар мен әлеуметтік тәжірибе мәдениетін, әлеуметтік нормаларды, жаңа іс-шаралар мен өзара әрекеттесу формаларын дамытуға ықпал ететіні белгілі. Сондықтан зерттеушілер университетте білім беруді жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына жағдай жасау ретінде қарастырады.

Тәрбиеге дәстүрлі көзқарас студенттерді тәрбиелеу жеке тұлғалық қасиеттер мен бағдарлау, қабілеттер, сана, борыш сезімі, тәртіп, адамдармен жұмыс істеу қабілеті, өзін-өзі сынау және т.б. қасиеттерін дамыту мақсатында олардың психикасы мен қызметіне әсер ететіндігіне негізделген.

Біздің ойымызша, студент тек қарым-қатынас негізінде дамиды, ол өзінің «Мен» позициясын нақты айқындай алады. Ұжымдық ынтымақтастық оқыту үдерісінде студенттердің кәсіби негізде қалыптасуына әсері зор.

Жоғары оқу орны студенттерінің ойлау тереңдігі мен дербес ойлау қабілеттерін дамыту үлкен маңызға ие. Бұл сапаны тиісті түрде дамытпайынша, оқыту мен ғылыми қызмет студенттердің ақыл-ой қызметін дамыту міндетін толығымен шешпейді. Студенттердің диалогтік сөйлеуін дамыту дәрежесі дербес пайымдауды дамытуда маңызды рөл атқарады. Дамыған дербес пайымдау негізінде басқарушылық ойлау дамиды, пайымдаулар мен тұжырымдамалардың дұрыстығын салыстырады және бағалайды. Пайымдау және бақылау ойлау қабілетін дамыту үшін пайымдаудың екі түрін біріктіретін сабақтың түрлерін қамтуы керек: эмоционалды, сезімге негізделген шешімі және ойлау логикасы мен ішкі диалогтың даму деңгейіне негізделген ұтымды шешім болып табылады.

Субъектінің адамгершілік, әлеуметтік, саяси, эстетикалық немесе ғылыми құндылықтарға, сондай-ақ табиғат пен өмірдің өзіне деген көзқарасының көрінісі болып табылатын тәжірибе арқылы оқыту аса тиімді.

Бұл құзыреттілікті танымдық үдерістерді дамыту арқылы ғана тұжырымдау мүмкін емес. Ол қарым-қатынастағы адамның жеке басы құндылықтар әлемінің өзіндік көрінісі болып табылады.

Бірлескен іс-әрекет студенттердің өзіндік санасын дамытудың шешуші факторлары болып табылады, өйткені мұнда студенттер өзара тұлғааралық рефлексия, қарым-қатынас және өзара әрекеттесу субъектілеріне айналады. Өз кезегінде, өзін-өзі тану салдары болып табылады және сонымен бірге студенттердің өзіне маңызды қызмет салаларын, өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі басқарудың негізін белсенді игеруінің ішкі шарты және алғышарты ретінде әрекет етеді. Студенттің білім беру және кәсіби қызмет үшін маңызды өзіндік қасиеттері мен ерекшеліктерін түсіну дәрежесі оның зияткерлік, әлеуметтік және кәсіби дамуының сәттілігінің көрсеткіші бола алады.

Педагогикалық қызметке қатысушылардың субъективті ұстанымдарын жүзеге асыруды ескере отырып, оқу үдерісін құру жүйесі логикалық аяқталуды - оқу - педагогикалық міндеттерді шешудің ұсынылған нұсқаларын бағалауды және тұтастай алғанда қорытынды нәтижеге қол жеткізуді қарастырады.

Нәтижені бағалау үдерісі студенттердің педагогикалық қарым-қатынасы деңгейінің қалыптасуын бақылау жүйесін жүзеге асыруды қамтиды. Әрекет мазмұнына кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың негізіндегі дағдыларды қолдану, өз білімдерін талдау, педагогикалық қарым-қатынастың теориялық негіздерін нақтылау, жіберілген қателіктер мен кемшіліктерді анықтау, оларды жеңу жолдарын анықтау кіреді.

Студенттерге қалыптастырылған білім мен дағды деңгейін анықтау мақсатында түрлі құралдар ұсынылды: бақылау сұрақтары, практикалық тапсырмалар мен жаттығулар, өзіндік жұмыстар, проблемалық жағдайлар мен міндеттерді шешу, тест тапсырмалары, тренингтік жаттығуларды әзірлеу.

Мысал ретінде дидактикалық құралдардың үзінділерін келтіреміз:

Time-менеджмент

Ұйымдастырушылық қабілеттер әр адам үшін кәсіби қызметте маңызды, бірақ әсіресе олар педагог үшін аса құнды. Үнемі өзгелер жұмысын

ұйымдастыра отырып, педагог ең алдымен, ол өз жұмысын дұрыс ұйымдастыра білуі керек. Біз өмірден көптеген мысалдарды көре аламыз, біздің айналаңыздағы адамдар уақытты басқару қабілетіне ие емес. Сонымен қатар, мұндай шеберлік қабілет, мектепте білім алуда да, кез-келген кәсіби қызметте де негізгі болып табылады. Біз уақытты ысырап еткен күннен, онымен бірге өзегімізді жоғалтамыз, бұл бізге өзімізді сындарлы басқаруға мүмкіндікті жоғалтып, осыған сәйкес жалпы іс-әрекет және өмірімізді тиімді жоспарлау мүмкіндігінен айырады.

Адамдардың басым көпшілігіне көп көлемді еңбекке, демалысқа үнемі уақыт жетпей жатады. Ол адамның эмоционалды күйіне әсер етеді: адамда көптеген уайым мен жағымсыз жағдайлар басым болады, және ол физиологиялық деңгейде ұйқысыздық, жағымсыз жағдай, өзге ұқсас белгілер арқылы көрінеді. Тәжірибеден көргеніміздей, сәттілік пен уақытты дұрыс ұйымдастыру, жағымды өмірлік категориялармен ойлауға мүмкіндік береді. Оның негізінде қоршаған ортаға, жұмысқа, өз жұмыс уақытын тиімді ұйымдастыруға әсер етеді.

Біздің өмірдегі сәттілігіміз көп жағдайда, уақытты тиімді қолдануға байланысты, сондықтан көптеген адамдар тайм-менеджментке жүгінеді, ол үйде де, жұмыста да тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Тайм-менеджмент маңыздылығы бүгінгі күні аса өзекті.

Өз өміріңнің актері және режисеры болу үшін, қажетті дағдыны қалыптастыруға өзіндік реттеуді дербес, еш қысымсыз негізде бастау қажет. Бұл бағыттағы іс-әрекет қажетті мотивация болған жағдайда нәтижелі болады. Өз жұмыс уақытын тиімді ұйымдастыру дағдыларын игеруге көшкенде, Мен - міндеттімін, Мен – жауаптымын ұстанымдарын, жағымды Маған қызықты, Мен оны қалаймын, Ол менің қолымнан келеді деген ұстанымдарға алмастыру қажет. Жағымды ой, сәйкес эмоция мен қоршаған ортаға жағымды қатынас тудырады.

Менеджмент-бұл жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған басқарудың ұстанымдары, әдістері, ұйымдастырушылық формалары мен технологиялық әдістерінің жиынтығы және басқарылатын жүйелер.

Тайм-менеджмент - бұл дәлелденген әдістерді уақытты оңтайлы пайдалану үшін күнделікті тәжірибелі жұмыста қолдану. Тайм-менеджмент ең алдымен реттеуші рөлге ие. Егер сіз өз іс-әрекетіңізді дұрыс ұйымдастыра алсаңыз, күйзелістен арылып және демалуға уақыт табуды үйренесіз.

Сондықтан педагогтың өз уақытын ұтымды ұйымдастырудың негіздерін игеруге тырысатын негізгі мақсаттары келесідей.

- Өз жұмыс уақытын тиімді игеру мәселесін өзектендіру, яғни идеялар жүйесін, түсініктерін, өзін-өзі ұйымдастыру туралы пікірлері, оны іске асыру амалдарын анықтау;

- Өз өмір іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру бойынша ғылыми негізделген әдістемені игеру.

Педагог тайм-менеджменті негізгі мазмұны:

- Өзіндік тану мәселесі;

- Өмірі мен жеке жұмысы мақсаттарын негіздеу және таңдау, мақсаттылық, өмір деңгейлері мен көлемі мәселелері;
- Өз өнімділігінің қоры, мотивация, шешім қабылдау;
- Ақпаратты іздеу және қайта өңдеу мәселесі;
- Өзіндік білім алу, өзіндік бақылау, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі ұйымдастыру мәселесі.

Тайм-менеджмент мамандары алты негізгі қызметтерді ерекшелейді. Олар: мақсат қою, жоспарлау, шешім қабылдау, іске асыру және ұйымдастыру, бақылау, ақпарат және коммуникация (кесте 16).

Кесте 16 – Тайм-менеджмент қызметтері

Қызметтері	Жұмыс амалдары мен әдістері	Нәтижесі
Мақсат қою	Мақсатты анықтау, жағдаяттық талдау, мақсатты стратегиялар және қол жеткізу әдістері табысқа жету, мақсат қалыптастыру	Мотивация, әлсіздіктерді жою, артықшылықтарды тану, мерзімдерді белгілеу және ең жақын қадамдар.
Жоспарлау	Жылдық жоспарлау, айлық, онкүндік, күнді жоспарлау, уақыт күнделігі арқылы уақытша жоспарлау принциптері.	Дайындау және жүзеге асыру, оңтайлы бөлу және уақытты пайдалану, орындау мерзімін қысқарту
Шешім қабылдау	Басымдықтарды белгілеу, Парето ұстанымы (80:20 қатынасы), АБВ – талдау, Эйзенхауэр принципі, істерді тапсыру (қайта тапсыру).	Табысқа жетелейтін еңбекті ұйымдастыру, бірінші кезекте өмірлік маңызды шешімдер мәселелерді реттеу олардың маңыздылығы, еңбек шығындарының өнімділігі.
Іске асыру және ұйымдастыру	Күн тәртібі, өнімділік кестесі, биоритмдерді есепке алу, өзін көрсету, күндізгі жұмыс жоспары.	Өзін-өзі басқаруды қолдану, маңызды міндеттерге шоғырлану, өнімділік шыңын пайдалану, жеке жұмыс стилін қалыптастыру.
Бақылау	Үдерісті бақылау (ойды нәтижемен салыстыру), қорытындыларды бақылау (қойылған мақсаттарға, аралық нәтижелерге қол жеткізуді бақылау), өткен күннің қорытындыларына шолу (өзін-өзі бақылау).	Жоспарланған нәтижелерді қамтамасыз ету, оң өмір ағымына әсер ету.
Ақпарат және коммуникация	Ұтымды оқу, ұтымды жиналыстар, ұтымды әңгіме жүргізу, телефонды ұтымды пайдалану, хат-хабарларды ұтымды жүргізу, жадынама парақтары мен формулярлар.	Жылдам оқу, жиналыстар мен конференцияларды тиімді ұйымдастыру, сұхбаттасуға уақыт бөлу, кедергілерді жою, қағазбастылықтан арылу.

Әрине, өз әдеттеріңіздің барлығын бірден өзгерту мүмкін емес, бірақ бәрін басқаруға және ұйымдастыра білуге деген ұмтылыс сіздің күш-жігеріңізді ақтайды! Жоғалған уақытқа соғыс жариялауға тырысыңыз... Ресей ғалымы

Дмитрий Литвак ұсынған күнтізбелік әдістемесін пайдаланып, мына жаттығудан бастама алуға болады:

1 жаттығу. Күнтізбені баспадан шығарып алып, өткен өмір жылдарын бояңыз, сонымен қатар кестеге сәйкес мүмкін болатын өмір жасын белгілеңіз, одан соң осы жылдың өткен күндерін бояп шығыңыз. Күнтізбені күнделікті көз көрім жерге іліп қойыңыз, күніге таңертең сол күннің жарты шаршысын бояңыз, ал кешкісін толық шаршыны бояңыз. Осы негізде күніге қайталаңыз.

Автор пайымдауынша күнтізбелік әдістемені екінші апта пайдаланған соң, сізде уақытқа деген құндылық артады. Үздіксіз теледидар немесе әлеуметтік желіге уақыт жоғалтудан жайсыздық туындайды. Сонымен қатар, бұл күнтізбені тайм-менеджмент бастапқы деңгейінде қолданған жөн, өйткені бұл әдістің кері әсері де болуы мүмкін, ол үнемі өлім күнінің жақын қалуын аңғарудан, күйзеліске де ұшырайтындар бар. Бұл жағдай туындамас үшін, бұл күнтізбені қолдану уақытын бірден шектеп алған жөн. Дмитрий Литвак айтуынша, уақыт құндылығын сезіну үшін екі ай қолданыс жеткілікті.

2 жаттығу. Бір көмекші сайлап алып, өз көмекшіңізге секунд өлшеуішті қойып, дәл 60 секунд қоюды сұраңыз. Өзіңіз көзіңізді жұмып, ішкі сезіміңіз бір минут өтті деген сәтте қол көтеріңіз. Ал сіздің көмекшіңіз секунд өлшейінш арқылы нақты қанша уақыт өткенін қарауы қажет. Назар аударыңыз: жаттығу кезінде өлең айтып және іштей санауға тиым салынған, сізге ешкім уақытты көрсетпеуі қажет, сіз толықтай өз ішкі сезім уақытыңызға жүгінесіз. Сонымен өзіңіз туралы не біле алдыңыз? Сіздің ішкі сағатыңыз жылдам жүре ме, әлде кешігеді ме? Сіз уақытты қаншалықты дәл сезінесіз? Осы білім жеке ішкі механизмдердің уақыт өлшемін тиімді басқаруға көмек береді.

Уақытты басқару өзіндік анықтаумен қатар жүреді, өмір мәнді болуы маңызды. Біздің қолымыздан берілген өмір шегін анықтау келмесе де, ол өмірге берілген уақытты басқару біздің қолымызда. Негізінен әр адам өзіне тек маңызды ғана әрекетті жасайды. Біздің өмірімізде екі ғана мәселе бар, бірі ол біз жасайтын әрекет, екіншісі жасамайтын әрекет. Осы екі мәселені жасағым келеді мен маңызды деп көрсетсек. Бір әрекетті жасағым келеді дегенге онжылдық жұмсау әбден мүмкін. **МАҢЫЗДЫ – іс-әрекет, ЖАСАҒЫМ КЕЛЕДІ – іс-әрекет жоқ.**

Өмірге деген екі ғана амал бар: реактивті және проактивті.

Реактивті – бұл тек туындаған сыртқы жағдайға әсер етесіз, ол кезде сіз қорғаныс кейпін ұстанасыз немесе ағынмен бірге жүресіз. Қорғаныс кейпін ұстанған, жеңіске жетпейді, жеңіске жету үшін шабуылдау маңызды.

Өмірге проактивті амал – бұл өз мақсаттарыңызды іске асыру үшін жағдай жасау, бір орында отырмастан, үнемі қозғалыста болу. Әр адам өзіне ұнамды амалды, өзіндік таңдау жасайды. Ең алдымен мақсаттылық туралы айту жөн, Сізде ұзақ мерзімді өмірлік мақсаттар бар ма? Сіз қай жағалауға жүзу қажеттігін білесіз бе? Бұл мақсаттар қай жерге жазылған?

Өмірді өз қалауыңызша құру үшін, мақсатты қағазға жазып және үнемі түзету маңызды. Ал сіз бастамаған болсаңыз, келесі жаттығуға назар аударыңыз.

3 жаттығу. Бір ақ парақ алып, оған ағаш суретін салыңыз. Ағаштың әр бұтағы сіздің маңызды өмірлік бағытңызға сай келсін, мысалы: отбасы және қарым-қатынас, лауазым және кәсіп, қызығушылықтарыңыз, рухани даму, спорт және денсаулық т.б. Әр бұтақтан, кішкентай бұтақшаларды салу керек, олар сіздің әрекеттеріңіз, яғни осы бағытта қандай әрекеттер атқарасыз. Ағашта бірнеше бос бұтақ қалдырыңыз. Сурет салып аяқтаған соң, өз ағашыңызға қараңыз. Ағаш негізі, діңгегі – ол сіздің өміріңіз. Ол сізге қаншалықты толық болып көрінеді? Қандай деңгейде теңгерімді? Қосымша бағыт немесе сала қосу ойда бар ма? Егер бар болған болса, қосымша салынған бос бұтақтарға атау беріп, осы жаңа саланы өміріңізге әкелі үшін не қажет екенін ойланып, кішкентай бұтақшалар суретін салыңыз.

Өз өмірлік мақсаттарыңызды көрсеткен соң, олардың тиімді түрде қалыптастыруға назар бөлу қажет. Ол үшін тағы бір кішігірім жаттығу орындаймыз. Бұл жаттығуға да, сайланған көмекшіңіз көмегі қажет болады. Көмекшіңіз сізге жаттығуды оқып, оны орындауға уақыт бөледі де, оны қадағалайды. Ол үшін сізге бір парақ қағаз және қалам қажет.

4 жаттығу. Өзіңізді басшы орнына қойыңыз. Қазір уақыт 9:00, сіздің есіңізге кенеттен сағат 18:00-дегі басқарушы құрам жиналысы түседі, ал сізде ол жиналысқа баруға аяқ киіміңіз лайықты емес. Барлық жұмыс күніңіз, минутпен жазылған, 5 минут өткен соң сіз бір кездесуге шығып, тек 18:00 де кері жұмыс орныңызға ораласыз. Ыңғайсыз жағдайға түспес үшін, жаңа аяқ киім сатып алу, бірақ сізде оған мүмкіндік жоқ. Сіздің қызметкерлеріңіз де жұмысбасты. Сізге бұл жағдайда көмек беретін жалғыз адам, жаңадан жұмысқа келген практикант. Ол сізге тікелей бағынбайды, тек осы мекемеге практикадан өтуге келген. Сонымен қатар, практикант жұмысқа сағат 10:00 де келеді, сіз оған өтінішті тек қағаз арқылы жазып қана білдіресіз. Сізге осы өтінішті жазуға 2 минут уақыт берілген.

Жазған хатыңызды көмекшіге беріңіз. Сұраңыз жазбаға қарап, көмекші қандай аяқ киім алар еді? Оның сөзі, сіз көрсеткен жазбаға, сіздің қалауыңызға сай ма? Яғни мақсатқа қол жеткізу үшін, оны біз дұрыс көрсетуіміз қажет. Бүгінде мақсат қоюдың ең тиімді жолы бізге белгілі, ол «SMART» мақсат. Ашып айтсақ: Specific - нақты, Measurable – өлшенетін, Achievable – қол жетімді, Realistic – шынайы, Timed – уақыт шегі. Осы мақсатқа сай мысал, келтіріңіз.

Енді сіз тиімді негізде мақсат қоя аласыз, келесі жаттығу арқылы біз, негізгі өмір саласы көрсетілген ағашқа ораламыз.

5 жаттығу. Өз ағашыңыздың маңызды саласының тұсына, SMART бойынша құрылған мақсатты жазып көрсетіңіз. Бұл мақсаттарды ағашқа жапырақ ретінде қыстырыңыз, өз әрекеттеріңізге аса назар бөліңіз. Сіздің жазған әрекеттеріңіз қойылған мақсатқа жеткізеді ме?

Сіз мақсатқа жеткендегі сезіміңіз есіңізде ме? Аса маңызы бар және ұзақ мерзімді мақсаттарыңыз туралы айтып берсеңіз? Сіз белгіленген уақытта мақсатқа жете алмадыңыз, қандай сезімде болдыңыз? Оның себебі неде? Кей жағдайда таңдалған мақсатқа көптеген жағдайлар әсер етеді, сіз бұл әсерге

назар бөлмеуіңіз да мүмкін, кей кезде кенеттен пайда болған мақсат өзіндік бір мәнге ие болады. Кей жағдайда, шынайы мақсат сіздікі емес, өзге адаммен айтылған да болуы мүмкін. Сондай-ақ тіптен ұзақ мерзімге созылған мақсат, өз өзектілігін де жоюы мүмкін. Өмір барысында біз, көптеген жастық кезеңді өткереміз, ал өмірде шынайылықты қабылдау өзгеріп, құндылық ауысуы әбден мүмкін.

Өз мақсат шынайылығын қалай тексере аласыз, оны біз арнайы жаттығу арқылы көрейік. Бұл жаттығу Барбара Шер «Мечтать не вредно» кітабында көрсетілген. Жаттығуға қалам, қағаз, диктафон және армандау қажет. Назар аударыңыз, бұл сіздің демалыс емес, жұмыс күніңіз болуы керек. Бұл бір күнді толықтай, таңертең оянғаннан, кешкі ұйқыға жатқанға дейінгі уақытта қамтыңыз.

Тапсырма «қанша мән ...». Американдық психолог Дж.П. Гилфорд ұсынған әйгілі тапсырмалардың көмегімен заттарды басқаша қарауға және жаңа мәселелерді көруге мүмкіндік беретін ақыл-ой қозғалысының даму деңгейін тереңдетуге және бір уақытта тексеруге болады. Мысалы, белгілі қасиеттері бар кез-келген таныс зат ұсынылады. Тапсырма: осы тақырыпты дәстүрлі емес, бірақ нақты қолданудың көптеген нұсқаларын табыңыз.

Ерекше жауаптар, бұл тапсырманы орындау барысында шығармашылықтың барлық негізгі белгілері белсендіріліп, дамыды, олар әдетте оны бағалау кезінде белгіленеді: өнімділік, өзіндік ерекшелік, ойлаудың икемділігі және т.б. Бұл тапсырма білім алушыға ойлау қабілетін бір тақырыпқа шоғырландыруға мүмкіндік берді. Оны әртүрлі жағдайларға қойып, осылайша басқа нысандармен ассоциативті байланыстардың ең күтпеген жүйелерін жасай отырып, адам күнделікті өмірде жаңа, күтпеген мүмкіндіктерді ашуға үйренеді.

Проблемалық сұрақтардың мысалдары:

Мысал келтіріңіз? Қандай негізде қолдануға болады, не үшін? Егер, не болар еді? Ғалым осы тұста не айтпақ болды? Әлсіз және күшті тұстарын көрсетіңіз? Неге ұқсас? Қандай негізде әсер етеді? Осыған дейін алған біліммен байланысы неде? Ұқсастығын көрсетіңіз? Өмірде тәжірибед қалай қолдануға болады? Қарама-қарсы қандай дәйек қолдана аласыз? Қандай дәйек ең ұтымды, себебі? Мәселенің шешімі қандай негізде болуы мүмкін? Салыстырыңыз ... нәтижесінде? Сіз айтылған пайыммен келісесіз бе? Өз жауабыңызға дәлел, дәйек келтірсеңіз? Сіздің ойыңызша, себебі неде?

«Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту құралдары, әдістері, формалары» атты тақырып бойынша тәжірибеге негізделген әдістер қолданылды. Өз көзқарасымызды дәлелдеу қабілетін қалыптастыру үшін біз

«Дәлелдеу әдісін» қолданған Д. Халперн жазбаша және ауызша сөйлеуде белгілі бір дәйек құрылымын ұсынады. Сіздің қорытындыңыз қандай? Басқаша айтқанда, сіз қандай ойды тыңдаушыларға жеткізгіңіз келді? Дәлел бөліктерден тұрады, егер сізде қорытынды болмаса, онда ешқандай дәлел жоқ. Сіздің қорытындыңызды қандай дәлелдер негіздейді? Сіз қандай болжамдар жасайсыз? Бұл болжамдар дұрыс па? Оларды нақты тұжырымдау керек пе? Сіздің қорытындыңыз қандай жағдайда дұрыс болмауы мүмкін? Басқаша

айтқанда, детерминанттар қажет пе? Қарсы дәлелдер қандай? Неліктен оқырман немесе тыңдаушы болмауы керек осы қорытындыға сену керек пе? Не жетіспейді? Осы сәлемдемелерден басқа қорытынды жасауға бола ма? Басқа тұжырымдар бар ма? Басқа қарсы дәлелдер? Басқа болжамдар? Бұл тұста берілген ақпараттан тыс ойлау маңызды, басқа шешімдер іздеу қажет, оған дәлелдер келтіру құнды.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз-бұл теріс пікірлер немесе сын емес, негізделген шешімдер мен шешімдер қабылдау үшін тәсілдердің алуан түрлілігін саналы түрде қарастыру. Сыни тұрғыдан ойлауға бағдарлау, еш ақпаратқа сенбеу өзіндік болжам келтіру. Әрбір білім алушы, беделіне қарамастан, оқу бағдарламасы аясында өз пікірін қалыптастырады. Сыни тұрғыдан ойлау-бұл ақпарат алудан басталып, шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі ойлау үдерісі. Сыни тұрғыдан ойлау кез-келген жаста қолайлы. Теория тәжірибемен тығыз байланыста орын алады, сыни ойлау-бұл әлеуметтік ойлау.

Проблемалық мәселелердің бір түрі "Үш сатылы сұхбат" – қатысушылар берілген тақырып бойынша бір-бірінен сұхбат алуға арналған ұжымдық жұмыс әдісі.

Үш сатылы сұхбат сабақтың әртүрлі кезеңдерінде жүргізілуі мүмкін. Мысалы, алдын-ала сауалнама ретінде:

«Тақырып бойынша не белгілі?».

«Тақырыпқа қатысты қандай сұрақтарға жауап алғым келеді?».

Рефлексия ретінде:

«Сабақта қандай идея маңызды болды және неге?».

«Бүгін білгендеріңізді қолдану үшін не істейсіз?».

Өзіндік жұмысты тексеру ретінде:

«Зерттелген мәселе басымдықтарын көрсетсеңіз?». «Тапсырманың қай бөлігі қызықты, күрделі болды?».

Искерлік ойын «Басқарушылық шешімдерді қабылдау алгоритмі» 10 минут. Ойын мақсаты: 1. Басқарушылық проблемаларды анықтау, талдау және шешудегі көшбасшының іс-әрекеттерінің логикалық негізделген реттілігін анықтаңыз 2. Ұжымдық шешімдерді әзірлеу кезінде топтық жұмыс әдісін игеруге мүмкіндік беру.

Ойын ережелері ойыншының формасында көрсетілген 18 әрекеттің ішінен басқарушылық мәселелерді шешу алгоритмін дәйекті түрде құру керек, ол үшін әрекеттерді 1-ден 18-ге дейін реттік нөмірлермен нөмірлеу қажет. Біріншіден, әр студент өздігінен шешім қабылдайды, барлық түсініксіз сұрақтарға тек ойын жетекшісі жауап береді, содан кейін студенттер 2 командаға бөлінеді, еркін пікір алмасуда алгоритмге қатысты жалпы ұжымдық пікір қалыптасады. Команда өкілі топтық шешімді баяндайды, оны логикалық тұжырымдармен қорғайды. Студенттер арасынан сарапшы командалардың жұмысын талдайды, жеке жұмысы үшін 1 балл нәтижелерін жариялайды. (бір қате = -0,18) – 5 минут топтық жұмыс үшін 1 балл (талқылауға белсенді қатысу ескеріледі) - 5 минут.

Практикалық бағдарланған тапсырмалар: «Дұрыс шешім қабылдау мүмкіндіктері». Мақсаты: студенттерге күрделі шешімдер қабылдау

технологиясын біртұтас ұсынуға көмектесу, студенттердің білім негіздерін қолдануын қамтамасыз ету.

Педагогикалық міндеттер:

1. әр түрлі жағдайларда студенттердің алған білімдерін қолдануға арналған тапсырмалар жүйесін анықтаңыз.

2. студенттердің өз іс-әрекеттері мен субъективті тәжірибелері туралы рефлексиясын анықтаңыз.

3. студенттердің күрделі шешімдер қабылдау технологиясы бойынша білім мен қызмет тәсілдерін өз бетінше қолдануы үшін мазмұнды және ұйымдастырушылық жағдайлар жасау.

1. Ұйымдастыру кезеңі (1 минут)

Кезеңнің білім беру міндеттері:

- Сабақта жұмыс істеу үшін қалыпты сыртқы ортаны ұйымдастыру.

Студенттерді сабақта қарым-қатынас жасауға психологиялық тұрғыдан дайындауға міндетті.

Кезең мазмұны: сәлемдесу. Назарды ұйымдастыру.

2. Мотивациялық кезең (2 минут)

Кезеңнің білім беру міндеттері: Сабақтың жалпы міндеттері мен жоспарын ашу; Студенттердің сабақта бірлескен қызметке қосылуын қамтамасыз ету; Студенттердің субъективті тәжірибесін өзектендіру (жеке мағыналары, негізгі білім, қызмет әдістері, құндылық қатынастары).

Осылайша, болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту педагогикалық үдерісті жобалау мен ұйымдастырудың көптеген деңгейлерін қажет етті: курс алғышарты ретінде теориялық талдау жасау, курс материалдық мазмұнын жинақтау, курс мақсатын, міндеттерін, ұстанымдарын, қазметтерін, жүргізу деңгейлерін анықтау, курс барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану. Біз курс барысында тәсілдердің негізгі ережелерін сақт ай отырып сабақтар жүйесін құру, сабақтарды жоспарлау, білім беру мазмұнын қалыптастыру, әдістерді, құралдарды, үдерісті ұйымдастыру формаларын таңдау, тапсырмаларды әзірлеу, қызметті бағалау және талдау жұмыстарын жүргіздік.

2.3 Бақылау экспериментінің нәтижелері

Болашақ педагогтермен тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасы келесі кезеңдерді қамтыды:

- Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің, кәсіби-педагогикалық бағытының бастапқы даму деңгейін анықтау, кәсіби әлеуетін дамытуды жүйелі түрде ұсыну, кәсіби құзыреттіліктерін меңгеру (анықтау кезеңі);

- Болашақ педагог кәсіби әлеуетін дамытуға бағытталған әдістеме ұсыну (қалыптастыру кезеңі);


- Болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетінің, кәсіби-педагогикалық бағытының даму деңгейін, қалыптастырушы кезеңнен кейін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелеріне талдау жүргізу (бақылау кезеңі) (кесте 17).

Кесте 17 – Қалыптастыру экспериментінен кейін мотивациялық-мазмұндық компонентінде ізденушілік әлеуетінің құрылымдық құрамынан бойынша алынған тәжірибелік мәліметтердің сандық және сапалық көрсеткіш нәтижелері

Топтар	Деңгейлер					
	студент саны	жоғары, %	студент саны	орташа, %	студент саны	төмен, %
Бақылау	18	39	20	43,7	8	17,3
Тәжірибелік	36	66	16	29	3	5

Қалыптастыру экспериментінде элективті 2018-2019 оқу жылдары 3-курс студенттеріне және 2019-2020 4 курс студенттеріне өткізілген педагогикалық-тәжірибелік жұмыстан соң, мотивациялық-мазмұндық компонентінде ізденушілік әлеуетінің құрылымдық құрамын қайта анықтау және оның қалыптасу деңгейінің тәжірибелік топ білім алушыларда жоғарылағанын, яғни бұл көрсеткіш эксперименттік топта 66% құрағанын көрсетті.

Ал бақылау тобындағы білім алушылардың соның ішінде коммуникативтік потенциалының көрсеткіші бұрынғы (орташа) деңгейде қалғандығын (кесте 5, сурет 14) көрсетілді.



Сурет 14 – Болашақ педагогтардың мотивациялық-мазмұндық компонентінің қалыптасу деңгейі

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді оқу кезінде біз көп авторлардың педагогикалық мақсатты іс-әрекет түрткісі – ізденушілік қарым-қатынас мәдениетіне назар бөлетіндігін байқаймыз. Педагог мәдениетінің деңгейі оның оқыту әдістерімен, қарым-қатынас жасау жолдарымен, оқыту және тәрбиелеудің маңызды әлеуметтік қағидаларын іске асыруымен анықталады [135].

Педагогтың танымдық іс-әрекетінің құрылымдық компоненті бойынша ізденушілік қарым-қатынас мәдениетін анықтау үшін сұрақ-жауап әдісін пайдаландық, олар ізденушілік қабілеттілік пен мақсатты іс-әрекет түрткі дағдының қалыптасу деңгейін қарастыратын 25 сұрақты қамтиды:

1. Сіз өткізетін педагогикалық үдеріске дайындалуда оны жиі қайталау /тақырып аумағында/ қажет деп санайсыз ба?
2. Өзіңіз өтетін педагогикалық тәжіребеге қандай ынта және көңіл-күймен қарайсыз?
3. Сіз өзіңіз өтетін тақырыптық сабаққа қалай дайындаласыз?
4. Сіз тақырыптық сабақтарға оқулықтан тыс оқу материалдарын пайдалануды дұрыс деп санайсыз ба?
5. Сіз педагогикалық үдерісті өткізу барысында оқушыларға қосымша тапсырмалар беруге дайынсыз ба?
6. Сіз сабақта оқушыларға әлі таныс емес оқу материалдарын бірақ, өтілетін тақырыпқа байланысты болса қолданасыз ба?
7. Сіздің өткен тақырыптық сабағыңызды оқушылар түсінбесе – қателік сізден кетті ме жоқ әлде түсінбеген оқушылар кінәлі ме?
8. ЖОО-да білім алу барысында өз курстастарыңызды сабақтың тақырыбын талқылауға қатысасыз ба?
9. ЖОО-дағы профессор-оқытушылардың өтілген тақырыпқа байланысты ауқымды тапсырмалар бергеніне қалай қарайсыз?
10. Сіз мамандық бойынша білім алу барысында профессор-оқытушылардың берген тапсырмаларын тереңдетіп қарастырасыз ба?
11. Сіздің ЖОО-да білім алу барысында аралық бақылау мен сессиядағы алған емтихан бағаларыңыздың көрсеткіші маңызды ма, жоқ әлде алған біліміңіз маңызды ма?
12. ЖОО-да өз курстастарыңызбен өз мамандықтарың жайында пікір алмасу мен ой бөлісу бағытында пікір алмасулар жиі болып тұра ма?
13. Сіз педагогикалық тәжірибені мектепте өту барысында сыныптағы оқушылардың назарын өзіңізге аудару үшін неше минут керек деп ойлайсыз?
14. Мектептегі педагогикалық тәжірибеден өту барысында сабаққа дайындалу қанша уақытыңызды алады?
15. Сіз ЖОО-да студенттің өздігінен орындайтын жұмысын /СӨЖ/ жұмысына тақырыптық ізденушілік жүргізесіз бе және қарама-қайшы пікірлерді талдайсыз ба?
16. Сіз ЖОО-да профессор-оқытушылар өткізген лекцияның немесе семинардың оқу материалдарына қатысты сұрақтар қоясыз ба?
17. Сіз бұл мамандыққа өзіңіздің қалауыңыз бойынша келдіңіз бе, жоқәлдеөзге адамдардың айтуымен немесе ықпалымен, жоқ әлде басқа жағдайлар әсер етті ме?
18. Сіз келешегіңізді осы педагогикалық мамандықпен сабақтастырасыз ба?
19. Профессор-оқытушылардың өздері оқитын пәндері бойынша ауқымды тапсырмалар бергеніне қалай қарайсыз?

20. ЖОО-дағы оқылатын пәндердің оқу материалдарын терең меңгеруге және соған байланысты өзіндік ізденушілік әрекеттер жүргізесіз бе?

21. ЖОО-дағы оқылатын пәндердің оқу материалдарын игеру сізге қиындық туғызбай ма?

22. Сіздің жауабыңызды профессор не оқытушы дұрыс емес деп айтса, сіз қабылдайсыз ба, жоқ әлде өзіңіздің түсінік көзқарасыңызды дәлелдеуге тырасыз ба?

23. Сіз барлық пәндерден көп ізденесіз бе, жоқ әлде кейбір пәндер бойынша ғана ізденушілік жүргізесіз бе?

24. Сіз мамандыққа қатысты кітаптарды көп оқисыз ба?

25. Сіз бұл мамандықта не үшін оқисыз және сізге қажеті бар ма?


Бақылау тобының білім алушыларға таңымдық іс-әрекетте ізденушілік орта деңгейде қалыптасып, білім алушы бір қалыпты қатынасымен сипатталады. Тәжірибелі топтағы білім алушылардың педагогикалық ынтымақтастығы жоғары болып, таңымдық- іс-әрекеті мен ізденушілік құрылымының қалыптасу деңгейі де жоғары болады (кестелер 18,19, сурет 15).

Кесте 18 – Анықтау эксперименті бойынша болашақ педагогтардың танымдық –іс-әрекет компонентін анықтау (қосалқы тәжірибе)

Топтар	Деңгейлер					
	студент саны	жоғары, %	студент саны	орташа, %	студент саны	төмен, %
Бақылау	7	15,2	20	43,5	19	41,3
Тәжірибелік	10	18,1	24	43,6	21	38,3

Кесте 19 – Болашақ педагогтардың танымдық –іс-әрекет компонентін қалыптастыру деңгейі (қалыптастыру тәжірибесі)

Топтар	Деңгейлер					
	студент саны	жоғары, %	студент саны	орташа, %	студент саны	төмен, %
Бақылау	10	21,7	27	58,6	9	19,5
Тәжірибелік	16	29,0	34	61,8	5	9



Сурет 15 – Болашақ педагогтардың танымдық –іс-әрекеттік құрылымдық компонентін анықтау мен қалыптасуының деңгейі

Болашақ педагогтардың танымдық – іс-әрекеттік зерттеушілік құрылымдық компонентін анықтау мен қалыптасуының педагогикалық жағдайы кәсіби өзін-өзі анықтау тұрғысынан, ұлттың және жалпы адамзаттық құндылықтардың негізінде өзінің нәтижелілігін дәлелдейді [135,б. 150].

Танымдық – іс-әрекеттік компонент бойынша қолданылған деңгейлік көрсеткішін анықтаумен мен педагогикалық бақылауларды талдау анықтауыш эксперимент кезеңінде бақылау және тәжірибелік топтарда білім алушылардың танымдық іс-әрекеттік қалыптасқандығы орта деңгейде екенін көрсетті (Б) 43,5% бен (Т) 43,6% арылығындағылар (Б) 58,6% бен (Т) 61,8%).

Қалыптастыру эксперименті кезеңінде елеулі өзгерістер болды, тәжірибелік топтағы 61,8% білім алушылардың қалыптасу деңгейі жоғарылады.

Ал, болашақ педагогтардың танымдық –іс-әрекеттік компонентінің қалыптастыру мен даму мәселесі төмендегідей көрсеткіштер берді.

Көрсеткіш нәтижесі төмендегі сурет пен кестеде берілген, ол білім алушылардың танымдық іс-әрекеттік қалыптасу деңгейінің өсуі тәжірибе барысында көрсетеді.

Танымдық танымдық –іс-әрекеттік компонентінің қалыптастыру мен даму келесі көрсеткіштермен анықталды: өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілік, өзіндік сараптау мен керібайланыс іскерлік, өзіндік диагностиканың әдістерін пайдалана білуі, «Мен - тұжырымдамалық көзқарастық түсініктің» қалыптасуы, оқытушылар мен топтағы курстастармен танымдық –іс-әрекеттік компонентінің қалыптастыру мен даму барысындағы ғылыми-әдістемелік өзара пікір алмасу қатынасқа түсуге деген қажеттілік.

Танымдық іс-әрекеттік әлеуетін құраушы құрылымдық компонентін қосалқы және қалыптастыру тәжірибелерінің нәтижелері (20,21-кестелер және сурет 16) берілген.

Кесте 20 – Болашақ педагогтардың танымдық іс-әрекеттік әлеуетінің құрылымдық компонентінің қалыптасу деңгейі (қосалқы тәжірибе)


Топтар	Деңгейлер					
	студент саны	жоғары, %	студент саны	орташа, %	студент саны	төмен, %
Бақылау	8	17,3	14	30,4	28	60,8
Тәжірибелік	10	18,1	18	32,7	27	49,09

20 - кесте көрсетілген мәліметтер екі топтағы білім алушылардың танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік құрылымдық компонентінің қалыптасқандығының төмен деңгейін көрсетті.

Тәжірибелік топта, қалыптастыру тәжірибесінен кейін танымдық танымдық –іс-әрекеттік компонентінің қалыптастыру мен даму деңгейі орташаға (30,4 тен 39,1% және 32,7 дан 47,2%) көтерілді, сол ретте бақылау тобындағы білім алушылардың деңгейлері төмен күйінде қалды.

Кесте 21 – Болашақ педагогтардың танымдық –іс-әрекеттік компонентінің қалыптастыру мен даму қалыптасу деңгейі (қалыптастыру тәжірибесі)

Топтар	Деңгейлер					
	студент саны	жоғары, %	студент саны	орташа, %	студент саны	төмен, %
Бақылау	12	26,1	18	39,1	16	34,7
Тәжірибелік	19	34,5	26	47,2	10	18,1



Сурет 16 – Болашақ педагогтардың танымдық –іс-әрекеттік компонентінің қалыптастыру мен даму компонентінің қалыптасу деңгейі

Осылайша педагогикалық-тәжірибелік жұмысының нәтижесі танымдық танымдық –іс-әрекеттік компонентінің дамуының педагогикалық шарттарының тиімділігін айқындады.

Жеке әдістемелер негізінде біз болашақ маманның жеке тұлғалық және кәсібилік қызметіне қатысты өз бетінше даму қабілетін анықтайтын жолдарды қарастырылып, оның негізінде педагогикалық бақылау жүргізілді. Қарастыру мен анықтау жолдары екі бағыттағы сауаланамалар бойынша жүргізіліп, олардың мақсаты өз бетінше дамуды қалыптастырудың деңгейін анықтау және өз бетінше дамуды ынталандыратын және өз бетінше дамуға кедергілерді айқындайтын жағдайларды анықтау болатын. Сұрақтарға жауапты білім алушыларға 5 баллдық жүйе бойынша бағалады. Максималды баға -5, ол сауалнаманың тұжырымы өмір шындығымен дәл сәйкес келуі; 4 балл – жоқтан гөрі, сай болады; 3 балл – ия да, жоқ та; 2 балл – сай емес; 1 балл -тұжырым шындыққа жанаспайды.

1-сауалнама 15 тапсырмадан тұрады:

1. Өз бетіңізше білім алуға және оқуға ынталысыз ба?
2. Өзіңізді үнемі жетілдіруде зерттеушілік жұмыспен айналысасыз ба?
3. Мамандық бойынша білім алу барысында оқу-танымдық әрекеттерде кездесетін қиындықтар сізді белсенді болуға және танымға апаратын зерттеушілікпен айналысуға ықпал жасай ма?
4. ЖОО-да білім алу барысында оқу материалдары сізге жаңашыл болып табыла ма?
5. Өз мамандығыңыз бойынша терең білім алуға ынталысыз ба?
6. Сіз өтілген оқу материалынан түсінбеген жеріңізді өзіңіз іздестіріп, зерттеу, түсіну бағытында оқу-танымдық әрекетімен айналысасыз ба?
7. ЖОО-да оқытылатын пәндердің мазмұнындағы оқу материалдары жайында жеке түсінік, ойларыңыз бар ма?
8. Берілген тапсырмалар жайында жеке пікіріңізбен студенттер арасындағы пікір-сайысқа түсіп, өз ойыңызды дәлелдеуге дайынсыз ба?
9. Мамандық бойынша жеке танымдық мүмкіндігіңізге сенсіз бе?
10. Түсінбеген оқу материалын өз тарапыңызда зерттеп, мазмұнын түсініп, игеруге ынтаңыз бар ма, жоқ, әлде екінші біреуден сұрап аласыз ба?
11. Білім алу – адамның рухани байлығын толықтырады деген ойды қалай түсінесіз?
12. Болшақта педагогикалық қызметте білікті маман боламын деген ойға сенімдісіз бе?
13. Оқу-танымдағы зерттеу әрекеті арқылы жаңа материалды меңгергеніңіз сізге қуаныш сыйлай ма?
14. Бір нәрсені танып, білудегі зерттеушілік жұмысты аяғына дейін жеткізесіз бе?
15. Қазіргі сіздің жағдайыңызға /курсқа немесе жас ерекшелігіңізге/ жеке танымдық және болашақ кәсіби қызметке қатысты білімдер қорыңыз сәйкес келеді деп санайсыз ба?

2-сауалнама:

Болашақ педагогтардың жеке дамуын ынталандыруға және кедергі келтіретін сипаттағы түсініктерден құрылған «кедергі» жасайтын жағдайлар:

1. Болашақ маманның жеке танымдық және кәсіби қызметіне қатысты сыртқы ықпалдың немесе қалыпты әсер етуші оқу-танымдық әрекеттеріне тең келуіне байланысты қалыптылық жағдайлар /инерция/.

2. Өмірлік тәжірибегі орын алған қарама-қайшылықтардан туындаған келеңсіздіктердің нәтижесіне мойын сұнбау.

3. ЖОО-да мектептегі педагогикалық тәжірибеден өту барысында пән әдіскерлері тарапынан жаңа педагогикалық технологияны кең қолдану жайында ғылыми-әдістемелік кеңестің жоқтығы;

4. Сіздің ЖОО-да білім алу барысындағы белсенді оқу-танымдық әрекетіңізді өзіңізді қоршаған ортадағы ұжым дұрыс қабылдай ма?

5. Топтағы курстас достарыңмен және профессор-оқытушылармен кері байланыстың жоқтығынан сіз жайында объективті әрі шындық ақпарат беріле ме?

6. Жеке басыңыздағы түрлі жағдайлар сіздің білім алуыңызға және болашақта жақсы маман болуыңызға қаншалықты жағымды немесе жағымсыз әсер жасайды?

7. ЖОО-да болашақ мамандықты меңгеруге байланысты түрлі ғылым саласындағы пәндерден білім алуға және оны терең меңгеруге сіздің уақытыңыз жете ме?

8. ЖОО-да түрлі ғылым саласындағы пәндердің оқу материалдарын меңгеруге өзек болып табылатын құралдар, яғни ресурстардың жетіспеушілігі, сіздің болашақта жақсы маман боламын деген ой-түсінігіңізге және әрекетіңізге қиындық немесе кедергі туғыза ма?

Ынталандыру жағдайлары:

1. ЖОО-дағы мамандықты меңгеруге негіз болатын түрлі ғылым саласындағы білімге бағытталған оқу-танымдық жұмыстардағы жетістіктеріңіз.

2. Болашақ мамандықтағы жеке пәннің мұғалімі болудағы педагогикалық тәжірибеге негізделген ғылыми-әдістемелік бағыттағы білім беру жұмыстарының жүйелілігі.

3. ЖОО-да шеттілін оқып-үйрену курстарына қатысу.

4. Мамандық бойынша ЖОО-да білім алу барысында ұтқырлық бойынша екінші бір мемлекетте немесе отандық ЖОО-да білім алу.

5. ЖОО-дағы профессор-оқытушылардың үлгілі өмірі мен өнегелік істерінің ықпалы.

6. ЖОО-дағы педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен болашақ мамандарды даярлау жұмыстары.

7. Болашағына және өзіне сенімділік.

8. ЖОО-да мамандыққа байланысты білім беруде жаңашылдыққа негізделген оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарының жағдайы;

9. Өзінің жеке тұлғалық болмысын дамытуға және болашақ кәсіби қызметінің қыр-сырын терең меңгеріп, білігінің жоғары болуына үздіксіз өз білімін жетілдіру.

10. Болашақта меңгеретін мамандығына деген жеке қызығушылығы.

11. Өзгенің болашағына жауапты болатын педагог қызметіне деген жеке жауапкершілігі.

12. Ата-анасының және курстас достары мен ЖОО-дағы профессор-оқытушылар арасында өзі беделін ұстау, олардың сенімін ақтау, сыйласымдық пен ынтымақтастықта болуы.

Жалпы балдардың сомасы, бақылау тобындағы білім алушылардың өзіндік дамуы төмен болған.

Тәжірибелік топтағы білім алушылардың өз бетінше дамудың орта деңгейінің өскендігін көреміз.

Алынған нәтижелерді қорыта отырып, біз болашақ педагогтардың танымдық –іс-әрекеттік компоненті бойынша зерттеушілік әлеуетінің қалыптасуының деңгейінің жоғарылағанын дәлелдейміз, ол кестеде және суретте көрсетілген.

Бақылау эксперименттің үшінші кезекте рефлексиялық-бағалаушылық компонентінде, болашақ мамандардың тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетінің қалыптасуының көрсеткішін біз былайша анықтадық: жаңашылдық жағдайда кәсіби қызметін ұтымды ұйымдастыру мен оңтайландыру қабілетіне ие болуы; сабақты түрлі әдістерді пайдалана отырып жүргізуі; жеке педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда жаңашыл әдістері мен түрлерін табу іскерлігі; өз қызметіне жаңашыл іс-тәжірибелерді талдап, өзінің педагогикалық тәжірибесіне түрлі педагогикалық технологияларды ыңғайлы жағдайда өңдеп, пайдалана білу іскерлігі; жаңа білім беру мазмұндық жағдайда педагогтардың озық іс - тәжірибелерін қолдана білу білігі.

22 - кестеде бақылау эксперимент кезеңінде бақылау және эксперименттік топтарында тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетінің қалыптасуының төмен деңгейі берілген.


Кесте 22 – Болашақ педагогтардың әлеуетін қалыптастырудағы тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық негізінде рефлексиялық-бағалаушылық құрылымдық компонентін анықтау

Топтар	Деңгейлер					
	студент саны	жоғары, %	студент саны	орташа, %	студент саны	төмен, %
Бақылау	1	2,1	11	24,7	34	71,7
Тәжірибелік	2	3,6	12	21,8	41	74,5

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың барысында тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетін деңгейлік көрсеткішінің нәтижесі эксперименттік топта оның қалыптасуының деңгейі төменнен орташаға өскендігін көрсетті, ал бақылау тобында қалыптасу деңгейі айтарлықтай өзгерген жоқ. Мәліметтер 23-кестеде және 17-суретте берілген.

Кесте 23 – Болашақ педагогтардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық құрылымдық компонентін анықтау

Топтар	Деңгейлер					
	студент саны	жоғары, %	студент саны	орташа, %	студент саны	төмен, %
Бақылау	2	4,3	17	36,9	27	58,6
Тәжірибелік	8	14,5	28	50,9	19	34,5



Сурет 17 – Болашақ педагогтардың тәжірибелік іс-әрекеттері мен шығармашылығы негізінде рефлексиялық-бағалаушылық компоненттерінің даму деңгейі

Жеке әдіс ретінде іс-әрекеттері мен шығармашылығы әрекеттерінің негізінде рефлексиялық-бағалаушылық компоненттерінің әрекеттерінің белсенділігі деңгейінің көрсеткішін анықтау үшін біз жеке қасиеттерді өзін-өзі бағалауға бағытталған әдістемені пайдаландық, ол жеке тұлғаның тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әрекетінің белсенділігін сипаттайды. Өзін-өзі бағалау 18 сұрақ бойынша 5 балдық шкала бойынша жүзеге асырылды:

1. Шығармашылық жұмысты жазу барысында ой тізбектерімен олардың байланысын жүзеге асыру сізге қиындық туғызбай ма?
2. Тәжірибелік іс-әрекетте шығармашылық жұмысқа мән бересіз бе?
3. Шығармашылық жұмыстар тек тәжірибеге ғана байланысты ма, жоқ әлде теорияға да байланысты ма?
4. Мектептегі педагогикалық тәжірибені өту барысында өз тарапыңыздың шығармашылық танытасыз ба?
5. Дипломдық жұмысты немесе ғылыми жобаны жазу шығармашылыққа жата ма, жатпайма, егер жатса -қандай шығармашылық жұмыстың түріне жатады?

6. Сізді қоршаған ортадағы адамдардың пікірлерімен санасыз ба?
7. Педагогикалық тәжірибеде кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды шешуде теорияға сүйенесіз бе?
8. Ғылыми теориядағы қағидалық білімдерді педагогикалық тәжірибеде қаншалықты ұштастыра аласыз?
9. Теория мен тәжірибенің білігін қалай түсіндіресіз?
10. ЖОО-да шығармашылық жұмыспен айналысудың үлес мөлшері сізге жетікілікті ме?
11. Педагогикалық тәжірибедегі шығармашылдық іс-әрекетіңіз сіздің болашақ мамандықты меңгеруіңіздің кепілі бола ала ма?
12. Мамандық бойынша білім алу барысында туындаған көкейкесті мәселелерді шешуде тәжірибелік және шығармашылық іс-әрекет негіз бола ала ма?
13. Тәжірибелік іс-әрекеттер сізге не берді?
14. Ізденушілік пен шығармашылық әрекеттер біліміңізді тереңдете түсе ме?
15. ЖОО-да берілген оқу тапсырмасын орындау мен жауап беруде яғни, кері байланысты шығармашылық танытып тәжірибемен байланыстырасыз ба?
16. Сізді өзіндік жеке ойы бар деп бағалайды ма?
17. Меңгеретін болашақ мамандықтағы кәсіби қызметіңізге шығармашылықпен қарап, жаңашылдық өзгерістер енгізгіңіз келе ме?
18. Шығармашылық пен мол тәжірибе жинау көп ізденісті талап ете ме, жоқ ол адамның жеке дарынына байланысты ма?

Алынған балды қосқанда білім алушылардың тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әрекетінің белсенділігінің деңгейі анықталды (жоғары, орташа, төмен). Тәжірибе жүргізу сатысында, бақылау және тәжірибе топтарының білім алушыларға інің тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетін өсіру белсенділігінің қалыптасқандығы төмен деңгейде болды. Суретте, өткізілген педагогикалық-тәжірибелік жұмыстардан кейін, тәжірибелік топтағы білім алушылардың тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетін белсенділіктің қалыптасуының орта деңгейін көрсеткені бейнеленген. Жүргізілген тәжірибе нәтижесі тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетінің қалыптасу деңгейі, білім алушылардың жеке басының шығармашылық белсенділігіне байланысты екендігін көрсетті.

Жоғарыда көрсетілгендей, болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің деңгейін, мұғалімнің педагогикалық қызмет жұмысының тиімділігімен айқындалады. Сондықтан біз болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуының деңгейін мүмкіндігінше саралап және әр құрылымдық компонентке бөлек өткіздік, себебі болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің нәтижелі дамуы үшін оның қалыптасқандығының бағыттық деңгейін білуіміз керек. Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамығандығының жалпы деңгейінің көрсеткішін анықтау үшін біз [135, б. 150] кешенді әдістемені пайдаландық, одан басқа кәсіби

әлеуетінің әр құрылымдық құрамаларын құраушылардың үлес салмағын анықтауға қолданды (кесте 24).

Кесте 24 – Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің даму деңгейі


Топтар	Деңгейлер					
	студент саны	жоғары, %	студент саны	орташа, %	студент саны	төмен, %
Бақылау	6	13,0	22	47,8	18	39,1
Тәжірибелік	7	12,7	27	49	21	38,1

Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің даму шарттарының педагогикалық тиімділігін тексеру біз анықтаған көрсеткіштер негізінде, қалыптастыру экспериментінің үрдісінде жүргізілді. Педагогикалық-тәжірибелік жұмыстың нәтижелері 25-кесте, 18-суретте көрсетілген.

Кесте 25 – Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің даму деңгейі

Топтар	Деңгейлер					
	студент саны	жоғары, %	студент саны	орташа, %	студент саны	төмен, %
Бақылау	13	19,5	27	58,6	6	13,0
Тәжірибелік	13	23,6	37	67,2	5	9

Жүргізілген тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың нәтижелері, эксперименталдық топтағы болашақ кәсіби маманның әлеуетінің дамуының орташадан жоғары деңгейге көтерілгендігін көрсетеді.



Сурет 18 – Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы

Қалыптастыру және анықтаушы эксперимент кезеңінде болашақ маманның кәсіби әлеуетінің даму деңгейінің көрсеткішін анықтау мен қатар болашақ педагогтың жеке тұлғалық болмысының қалыптасқандығын зерттеу мақсатында бейімделу жолдарын қарастырдық (кесте 26).

Кесте 26 - Қалыптастыру эксперименттінен кейін эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің кәсіби әлеуетінің екінші ретті зерттелген диагностикалық көрсеткіштері (% адам есебімен)

Деңгейлері	ЭТ n=55	БТ n=46	φ1	φ2	φ эмп	Айырмашылықтардың мәнділігі
Мотивациялық –мазмұндық компоненті						
Жоғары	6,23	0	0,608	0	1,495	Мәнділігі жоқ
Орташа)	52,00	21,05	1,571	0,955	1,8177	$p < 0,05$
Төмен	44,78	77,91	1,559	2,222	2,265	$p < 0,01$
Барлығы	100,00	100,00				
Таңымдық іс-әрекеттік компонент						
Жоғары	31,24	0	1,187	0	3,666	$p < 0,001$
Орташа	55,00	33,84	1,471	1,304	0,787	Мәнділігі жоқ
Төмен	21,75	64,16	0,797	1,738	2,774	$p < 0,01$
Барлығы	100,00	100,00				
Рефлексиялық-бағалаушылық компонент						
Жоғары	47,33	0	2,356	0	4,894	$p < 0,001$
Орташа	62,00	44,75	1,465	1,106	0,675	Мәнділігі жоқ
Төмен	18,65	52,00	0,753	1,644	2,8877	$p < 0,01$
	100,00	100,00				

Қалыптастырушы эксперименттің бақылау топтарының нәтижелері эмпирикалық үлестірімдер үшін Фишер критерийін (Фишердің бұрыштық түрленуі) қолдана отырып, математикалық негіздеу тұрғысынан талданды. Болжам ретінде біз келесі ережелерді ұсынамыз.

